

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ. И. Сәтбаев атындағы
Қазақ ұлттық техникалық университеті

Н. А. Маженова

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТЕОРИЯ

Университеттің Ғылыми-әдістемелік кеңесі
оқу құралы ретінде ұсынған

Алматы 2015

ӘОЖ 330 (075.8)

КБЖ 65.01 я 73

Ә 40

Пікір жазғандар:

Давильбекова Ж. Х. – экон., ғыл., докт-ры., профессор,
ҚазҰТУ;

Дауылбаев К.Б. – экон., ғыл., докт-ры., Д. А. Қонаев атындағы
Көлік және құқық гуманитарлық университетінің профессоры.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің
2015 жылғы басылым жоспары бойынша басылды.

Ә40 Экономикалық теория: Оқу құралы / құраст. Н. А. Маженова
– Алматы: Қ. И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ, 2015. – 184 б. Кесте 1.
Сурет 20. Библиогр. 14 атау.

ISBN 978-601-228-713-4

Оқу құралы «Экономикалық теория» тараулары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің бекітілген Типтік оқу бағдарламасына сәйкес дайындалған. Оқу құралында экономикалық теорияның негізгі теориялық ережелері жинақталып, қорытылған. Әр тақырыптан кейін студенттердің білімін бекітуге арналған сұрақтар, жаңа ұғымдар мен терминдер, тест сұрақтары берілген. Жалпы экономикалық теория пәні бойынша экономикалық және техникалық мамандығындағы студенттерге оқу құралы болып табылады. Экономикалық теория пәнінен алған білімдерін студенттер басқа да экономикалық пәндерді оқу және пайдалануына болады.

ӘОЖ 330 (075.8)

КБЖ 65.01 я 73

ISBN 978-601-228-713-4

© Маженова Н. А., 2015

© ҚазҰТУ, 2015

КІРІСПЕ

Әлеуметтік-экономикалық пәндер жүйесінде экономикалық теория ерекше орын алады. Адамның өмірі экономикамен тығыз байланыстылығымен шартталған және әрқайсымыздан экономикалық мәдениетке ие болуымызды талап етеді. Экономика заңдары мен принциптерін білу адамдарға сенімділік береді, оларға күрделі экономикалық үдерістерді дұрыс бағалауға және өз бетімен оңтайлы шаруашылық шешімді қабылдауға мүмкіндік береді.

Бұл оқу құралы студенттерге экономикалық теорияны меңгеруге және осы пән бойынша емтиханға дайындалуға арналған. Оқу құралының материалдары толығымен экономикалық теория курсының типтік оқу бағдарламасымен қарастырылған сұрақтарды қамтиды.

Экономикалық теорияда XIX ғасырдың соңында әртүрлі ғылыми мектептер мен бағыттар қалыптасты. Бұл оқу құралында негізгі теория мен концепцияны экономикалық ғылымның заманауи жағдайы тұрғысында жинақтау және баяндауға талпыныс жасалынды.

Бұл құрал экономикалық теорияны баяндау әдістемесі және мазмұны бойынша бірқатар маңызды ерекшеліктерге ие, бұл оқу бағдарламасының негізгі тақырыптары бойынша дәрістердің қысқаша курсы болып табылады. Оқу құралында ұғым аппараты туралы айтылған, әрқайсысы 15 тақырыптан тұратын үш бөлімнен және бақылау сұрақтарымен толықтырылған. Оқу құралының соңында білімді тексеру мен бекіту үшін тест сұрақтары ұсынылған.

Бірінші тараудың логикасымен және сұрақтарды қарастырудың жүйелілігі келесілермен шартталған:

– бірінші, экономикалық теория пәнінің мазмұны экономикалық жүйенің дамуы және қызмет ету заңдылығы болып табылады;

– екінші, зерттеу объектісі қоғамның экономикалық жүйесі болып табылады;

– үшінші, экономикалық жүйенің іргетасы өндіріс құралдарына меншік қатынасы болып табылады;

– төртінші, меншік қатынасы және онымен шартталған экономикалық байланыстардың нысандары экономикалық жүйе жіктемесінің негізінде жатыр.

«Жеке ұдайы өндірістің мәні мен заңдылықтары» атты екінші тарауда өндіріс факторларының тікелей бірігуі орын алатын фирма (кәсіпорын) экономиканың бастапқы бөлімі ретінде және басқа субъектілермен экономикалық қатынастарға түсетін нарықтық экономиканың субъектісі ретінде қарастырады. Жеке ұдайы өндіріс айналымға және капитал айналымына негізделген және шығындарды төмендету жағдайында пайданы барынша көбейтуге бағытталған.

«Ұлттық экономика деңгейінде ұдайы өндіріс» үшінші тарауда макроэкономикалық тепе-теңдік, экономикалық өсу, толық жұмысбастылық, баға тұрақтылығы қарастырылады. Осы мақсаттарға қол жеткізу үшін мемлекет ақша-несиелік, бюджет-салықтық реттеу, табыстарды қайта бөлу және халықты әлеуметтік қорғау құралдарын қолданады.

Экономикалық теория және тәжірибе мәселелерін қойылуы және айқындалуы экономикалық даму сатысында шаруашылық үдерістерді жүзеге асыруының мәні мен механизмін терең ұғынуын қажет етеді.

Оқу құралы экономика және экономика емес мамандықтағы бакалавр студенттері үшін, магистранттар және PhD докторанттары үшін, сондай-ақ экономикалық теорияға қызығушылық танытқандарға арналған.

1. ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТЕОРИЯНЫҢ ПӘНІ МЕН ӘДІСІ. ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТЕОРИЯНЫҢ ҚОҒАМ ДАМУЫНДАҒЫ ОРНЫ МЕН РӨЛІ

1.1. Экономикалық теорияның пәні

Алғаш рет *экономика* терминін ежелгі грек философы Ксенофонт (430-355 жж. біздің эрамызға дейін) қолданды. Экономика сөзі гректің “*oikonomia*” деген сөзінен шыққан.

Саяси экономия терминін 1615 жылы Антуан де Монкретьен (1575-1621) енгізген. Францияда оның “Саяси экономиканың трактаты” атты еңбегі жарық көрді. Бұл ғылым гректің үш сөзінен тұрады: политейа (қоғамдық құрылғы), ойкос (үй, шаруашылық), номос (ереже, заң), яғни “үй (мемлекеттік, қоғамдық) шаруашылықты басқару” ретінде ілімді білдіреді.

19-20 ғасырларда ҚСРО-ға саяси экономия оқытыла бастады. Ол кездері саяси экономияда марксизм билік етті. Марксизм капитализм үшін бұзатын, қастық жасайтын теория болды. Бұдан келешектегі ғылымның саясаттануы мен идеологияландыруы шықты. Экономикалық теория екі түрлі ғылымға бөлінеді: пролетарлық саяси экономия мен буржуазиялық экономика, кейіннен “экономикс” деп аталып кетті. Сонысымен саяси экономияға класстың сипаты берілді. Капитализм нақты мәселелерді шешуді қажет етті: монополия билігін, жұмыссыздықты қалай азайту керек, дағдарыстардан қалай құтылу керек. Осы және осы сияқты мәселелер Батыста экономикалық зерттеулердің нақтырақ, қолданбалы сипатын анықтады. “*Экономикс*” ғылымы үлкен екі бөлімге бөлінді – микроэкономика және макроэкономика, олар өз алдына жеке оқу объектілеріне айналды.

Материалдық өндіріс – адамзат қоғамының өмір сүру негізі. Өмір сүру үшін, ең алдымен, міндетті түрде бір нәрсе жеу керек, бір жерде тұрып, киіну керек. Тамақ, баспана, киім – бұл үш мәселенің айналасында адам қоғамы құрылып ұйымдастырылады.

Ол үшін, әрине, оны өндіру қажет. Өндіріссіз адам өмір сүруі мүмкін емес, сонымен қатар рухани мәні де жоғалады.

Өндіріс барысында адамдар белгілі бір қарым-қатынасқа түседі. Кейбіреулер ұйымдастырады, басқалары сонымен айналысуда, үшіншілері дайын өнімді тұтынушыға дейін жеткізеді. Өндіріс белгілі бір жағдайда ұйымдастырылады. Мұндай қатынастар өндіріс процесінде пайда болатындықтан, олар *өндірістік қатынастар* деп аталады. Сол уақытта олар меншік қатынастары болып табылады. Жұмыскерлер арасында тек ұйымдастырушылық-экономикалық қатынастар қалыптасады. *Өндірістік қатынастар* жұмыскерлер мен кәсіпорын басшысының арасында орнығады. Осылайша, өндірістік қатынастар мен меншік қатынастары өзара тығыз байланысты, сонымен бірге осындай дәрежеде екіншісі біріншісіне қарағанда басты мазмұнға ие.

Өндірістік қатынастар қоғамының барлық бағыттарын – тігінен және көлденеңінен қамтиды. Әрбір адам өз білімділігіне байланысты бір қоғамды екіншісінен айырады, тарихи даму кезеңдерінің ерекшеліктерін қамтиды, меншіктің бір формасын екіншісінен айырады, меншік формалары арқылы қоғам түрі де айқындалады.

Саяси экономия өндіріс қатынастарды ғана емес, адамзат қоғамының анатомиясын да зерттейді.

Таза капитализмнің құрылуы кезінде саяси экономия пайда болды. Одан салалық және нақты экономикалық ғылымдар шығады: маркетинг, менеджмент, бухгалтерлік есеп, статистика және т.б. Осылардың негізінде қиылысқан экономикалық ғылымдар: экономикалық география және тарих, экономикалық құқық, демография және т.б.

Сондықтан, саяси экономия ғылым ретінде бастапқы сипатта болды. Саяси экономия өз пәнінде шектеліп қалған. Ол құнға байланысты қатынастарды зерттейді, бірақ құн калькуляциясымен айналыспайды: ақшаның табиғаты мен тарихын зерттейді, бірақ банк ісімен айналыспайды: қосымша құн өндірісінің табиғатымен механизмін зерттейді, бірақ оның меншік факторлары арасындағы бөлінудің нақты пропорцияларын қарастырмайды. Мұндай экономикалық ғылымның басқа бағыттары айналысады: микроэкономика, макроэкономика, әлемдік экономика және көшпелі экономика.

Микроэкономика – экономикалық теорияның жеке экономикалық субъектілердің: үкіметі ұйымдары және мекемелері, салалар, фирмалар, үй шаруашылықтарының, индивидтердің, сонымен қатар жеке нарықтар, тауарлар мен қызметтер және олардың бағаларын зерттейтін бөлімі.

Макроэкономика – жалпы экономикалық теорияның экономиканы біртұтас кешен түріндегі мәселелерін ұлттық шаруашылық деңгейінде зерттейтін бөлімі. Макроэкономика тұрғындар табысының табиғаты мен шығу тарихын, ұлт байлығын тұтастай, қоғамдық еңбек өнімділігі мен анықтаушы факторларын, пайыз қозғалысын, жұмыссыздықты және оның табиғатын, инфляцияны зерттейді. Ол ірі масштабты экономикалық процесті зерттеп, жалпы экономикалық мәселелердің шешімін іздейді.

Екі бөлімді бірге оқу қажет. Макроэкономика экономикалық процестерді жалпы ұлттық деңгейде, ал микроэкономика сол процестерді фирма шаруашылық субъекті деңгейіндегі процестерді қарастырады. Талдау нәтижелері көбінесе қарама-қарсы болып шығады.

Экономикалық ғылымның микро-макроэкономикаға бөлінуі қандай да бір дәрежеде шартты. Осы екі экономикалық теорияның ірі екі бөлімдері өз мәселелерін саяси экономияның пәні болып табылатын заңдар мен категориялардың негізінде зерттейді.

Экономикалық теорияның пәні туралы айта отырып, *ресурстар сиректігі* мәселесін айта кеткен жөн. Ресурстар дәл қазіргі уақытта шектеулі, әрі өте сирек.

Өзінің даму баспалдағы бойынша адам өндіріс процесін жетілдіріп, еңбек өнімділігін арттырып, жұмыс уақыты немесе ресурстарды үнемдеді. Экономия жалпы экономикалық заң болып табылады.

Экономикалық теория – шектелген ресурстар жағдайында адамдар арасындағы өндірістік қатынастар туралы ғылым. Ол экономикалық қатынастардың өндіру, бөлу, айырбастау және материалдық игіліктерді тұтыну бойынша қоғам мүшелері, заңдылық және олардың барлық деңгейде: индивидтің, кәсіпорынның (фирманың), қоғамның даму тенденцияларының барлық жиынтығы болып табылады.

1.2. Негізгі экономикалық ұғымдар: қажеттілік, материалдық игілік және қызмет, шектеулі ресурстар, экономикалық заңдар мен категориялар

Адам қажеттіліктерінің жиынтығы – бұл оған жағдай жасау жиынтығы. Адам өзінің қажеттіліктерін қанағаттандыруы тиіс. *Қажеттіліктер* – материалдық, рухани, әлеуметтік, олар сәйкесінше еркін және экономикалық игіліктерге байланысты қанағаттандырылады.

Еркін игіліктер шексіз мөлшерде қоғам иелігінде болады. Бұл – жарық, ауа.

Экономикалық игіліктер адаммен өндіріледі, олар үнемі жер, еңбек, капитал шектеулігіне байланысты, шектеулі ресурс болып табылады. Адамдардың қажеттіліктері шексіз. Адам тарихи және әлеуметтік жағынан дамыған сайын қажеттіліктері де өседі, адамдардың мәдени деңгейі артады, кез келген жаңалық қажеттілік болып табылады, жердегі тұрғындар саны да арта түседі.

Қажеттіліктер классификациясы А. Маслоудың қажеттіліктер пирамидасында көрсетілген.



1.1-сурет. Қоғамдық қажеттілік

Сонымен, адам материалдық игіліктер мен қызметтерге шексіз қажеттіліктермен ие болады. Барлық мәселе де осыған келіп тіреледі. Бұл қажеттіліктерді қанағаттандыру керек, бірақ ресурстар шектеулі және сирек. Адамның бүкіл экономикалық қызметі үнемі ресурстардың шектеулілігін көруге бағытталды. Ресурстар – бұл қоғамның өндіріс процесі кезінде нақты жүзеге асыру мүмкіндігі болып табылады. Ресурстар дегеніміз өндіріс процесінде қолданылуға болатын құралдар. Жалпылама айтқанда, оларды өндірістің келесідей факторлары деп атауға болады: жер, еңбек, капитал, кәсіпкерлік, мәлімет.

Ресурстардың шектеулігіне байланысты қоғам экономикалық ғылымның алдында тұратын үш сұраққа жауап береді. *Не өндіру керек?* Қандай тауарлар мен қызметтер? Қандай мөлшерде өндіру қажет? Қоғамдық өндіріс құрылымы құрылады, оның салалары мен бөлімшелері қалыптасады. Осыдан пайдалы салалар, неғұрлым дамыған, сол қатардан қалып қойған салалар бөлінеді. Кейінгісіне көбінесе кәсіпкерлер барғысы келмейді. *Қалай өндіру керек?* Өндіріс ұйымы қандай: жоспарлы немесе нарықтық, қандай технологияны қолдану керек. Жаңа заманға сай технология соғұрлым үнемдірек бола алады. *Кім үшін өндіру керек?* Сатып алушы кім болады, тұрғындардың қандай әлеуметтік қабаты, олардың жас құрамы.

Бұл сұрақтардың барлығы меншік қатынастарының мазмұнымен тығыз байланысты. Сондықтан, шаруашылық жүйесі нарықтық немесе жоспарлы болып бөлінеді. Сөйтіп, адам қажеттіліктері шексіз, оларды қанағаттандыру ресурстары шектеулі.

Шаруашылық субъектілер арасындағы экономикалық қатынастардың көрінетін және көрінбейтін жағы болады. Көрінетін жағы шаруашылық қызметтің материалдық жағы. Оларды, өнімдердің қозғалысы бойынша өндіру, бөлу, айырбастау және тұтыну сатысында көруге болады. Адамдар арасындағы қатынастар көлеңкеде қалады. Осы байланыстар коммерциялық құпия астында жасырын қалады.

Экономикада туындаған сұрақтардың басты экономикалық мәселелер – минимум өндірістік шығындарды шығара отырып, көп мөлшерде игіліктерді алу мәселесі.

Сондықтан, экономикалық теорияның негізгі пәні болып адамдардың өсе беретін қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін шектелген ресурстарды тиімді пайдаланудың жолдарын іздестіру.

Қоғам дамуындағы экономикалық заңдар. Экономикалық теорияның басты функциясы – фактілердің жинақталуы, белгілі бір себептер байланысын, олардың белгілі тізбектілікте орналасуын анықтау. *Экономикалық теорияның пәні берік, тұрақты, мәнді себеп-салдарлы байланыстардың фактілер, процестер арасындағы қоғамның экономикалық өміріндегі орнын анықтау. Бұл байланыстар экономикалық заңдар болып табылады. Мысалы құн заңы, ақша айналымының заңы, сұраныс пен ұсыныс заңы және т.б.*

Экономикалық заңдар *объективті* сипатта болады, яғни олар адамдардың санасына және еркіне бағынбайды. Адам тек осы заңдардың іс-әрекет механизмін сезініп, осы заңдардың талаптарына сай экономикалық шешімдер қабылдауы тиіс. Осы аталған заңдардың талаптарын орындамаған жағдайда, олар үлкен бүлдіруші күшке ұшырайды. Мысалы, жұмыс уақытын үнемдеу заңы шексіз қажеттіліктер мен шектеулі ресурстар байланысын білдіреді. Бұл заңның талабы – “аз шығын – көп нәтиже” принципін сақтау.

1.3. Өндірістік мүмкіндіктер қисығы

Қоғам қажеттілігі шексіз болғандықтан, оларды қанағаттандыру құралдары үнемі шектеулі болғандықтан, қоғам алдында әр сәт сайын *таңдау* мәселесі тұрады. Не және қанша мөлшерде өндірілуі тиіс. Барлық өнімдерді және әрдайым қажет мөлшерде шығара алмаймыз. Ресурстар қаншалықты шектеулі болса, соғұрлым жаңа заманға сай өндіріс жағдайларында ғылымның, техниканың және білімнің дамуы кезінде қоғам барлық қажеттіліктерді қанағаттандыра алмайды.

Қоғам үнемі бір міндетті шешуге мәжбүр болады: шектеулі ресурстарды пайдалана отырып, максималды дәрежеде өзінің қажеттіліктерін қанағаттандыру. Шығындардың минимумы – нәтижелердің максимумы – міне ең алғаш экономикалық теория осы принциптен шыққан.

Адам, шектеулі ресурстарды пайдалану туралы таңдауға кездеседі:

- өндіруші – не өндіру қажет, таза максимум табыс алу үшін;
- кәсіпорын – минимум ресурстарды қолдану үшін, қандай технологияны қолдану керек;
- тұтынушы – өз табысын қалай жұмсауға болады;
- мемлекет – қандай әлеуметтік-экономикалық құрылымда бюджеттік қаржыларды жұмсауға болады.

Сонымен, экономикалық таңдау – бұл неғұрлым тиімді шектеулі ресурстарды пайдалануды іздеу.

Экономикалық таңдаудың негізгі принципі – *рационалдық*.

Өндірістік мүмкіндіктер – бұл тауарлар мен қызмет көрсетулердің максималды саны, яғни берілген кезеңде, бір уақытта ресурстар мен технологиялар арқылы өндірілген. Шартты мысалды қарастырайық.

Мысалы, қоғам қандай да бір баламалы өнімнің тек екі түрін өндіреді делік – қару-жарақ және май. Сонымен қатар, экономикалық ресурстармен өндіріс деңгейі белгіленген мөлшерде бар, жұмыссыздық жоқ делік.

Жалпы ресурстардың шектеулілігі бір жыл ішінде мына тауарларды өндіре алады, мысалы, келесі баламалы қатынастарда;

А) 10 қару-жарақ бірлігін майдың нөлдік шығарылымы болған;

Б) 9 қару-жарақ бірлігі + 1 май берілген;

В) 7 қару-жарақ + 2 май бірлігі және тағы басқа (кестеде берілген).


1.1-кесте

Ресурстарды толық пайдаланудағы кітаптар мен станоктардың жылдық өндіріс мүмкіндіктері

Өнімнің түрлері	Өндірістік альтернативалары				
	А	В	С	Д	Е
Май (мың. т)	0	1	2	3	4
Қару-жарақ (мың дана)	10	9	7	4	0

Осы кестенің мәліметтері негізінде өндірістік мүмкіндіктер шекарасын станоктар мен кітаптар үшін қисық сызығын сызуға болады.

Қару-жарақ (мың дана)



1.3-сурет. Өндірістік мүмкіндіктер қисығы

А,В,С,Д,Е нүктелері қару-жарақ пен май өндірісінің баламалы варианттары және де максималды мүмкін өндіріс көлемі әртүрлі үйлесімде. Мұнда көп қару-жарақ аз май және керісіншені білдіреді. Материалдық және еңбек ресурстары өндірістік мүмкіндіктерден сызығынан тыс болса қару-жарақ пен май өндірісі мүмкін емес болады, мысалы Ж (жөк) нүктесінде. Өндірістік мүмкіндіктер сызығының ішінде болса, толық емес өндіріс жағдайында және жұмыссыздық орын алса, өндіріс болуы мүмкін, мысалы В нүктесінде. Осылайша, өндірістік мүмкіндіктер сызығындағы нүктелер қару-жарақ пен май шығару үшін бар ресурстарды пайдаланудың неғұрлым тиімді варианттарын көрсетеді. Қоғам олардың қажетті комбинациясын ғана таңдайды.

Сонымен бірге қоғам өзінің таңдауын альтернативті (баламалы) деп атайды. Бұл қалаған екеуінен альтернативті бірін таңдау кезінде қайсысынан айырламыз, сол табылады. Мысалы, біз велосипед пен костюм алғымыз келсе, бірақ

ақшамыз екеуінің біріне ғана жетеді. Егер велосипед таңдасақ, онда костюм альтернативті шығындарға жатады. Ендеше, альтернативті шығындар – бұл таңдау бағасы немесе өндірістік альтернативті ауыстыру кезінде жіберілген пайда. Экономикада альтернативті шығындардың өсу заңы жүзеге асырылады. Бұл дегеніміз әр өнімнің шығару мөлшерінің артуы бойынша альтернативті шығындар әр өнім бірлігіне артады. Әр түрлі тауарларды дайындау үшін мұндай заңның іс-әрекет себебі өзара толықтырушы факторлардың толық емес болуында.

1.4. Экономикалық теорияның ғылыми зерттеу әдістері және қызметтері

Шаруашылық процестерді зерттей отырып, экономикалық теория жалпы ғылыми тану әдістерін қолданылады. Экономика сферасына маңыздылары болып келесілер табылады:

- фактілерді жинау және бақылау;
- эксперимент (тәжірибе);
- модельдеу;
- ғылыми абстракция әдісі;
- индукция және дедукция;
- тарихи және логикалық;
- графикалық және т.б.

Кез келген ғылыми қызмет іс-тәжірибеге негізделеді. Бұл *бақылауды* қамтиды, яғни нақты жағдайда экономикалық процестерді қабылдау және фактілерді жинау. Мысалы, нарықтық бағалар белгілі бір кезеңде қалай өзгергенін анықтауға болады.

Эксперимент ғылыми тәжірибенің жасанды жүргізілуін қамтиды. Мысалы, еңбекақының жаңа жүйесінің тиімділігін анықтау үшін жұмысшылардың белгіленген тобы ішінде тәжірибе жүргізіледі.

Модельдеу әдісі әлеуметтік-экономикалық құбылыстарды олардың теориялық үлгісі (моделі) бойынша зерттеуді қарастырады.

Ғылыми абстракция әдісі экономикалық түсініктерді, категорияларды (мысалы, тауар, ақша, баға және т.б.) анықтау үшін қолданылады. Ол үшін жанама қасиеттерінен міндетті

түрде сол ұғымның негізгісін ажырата білу қажет. Мысалы, тауар категориясында міндетті түрде тауардың түсін, дәмін, салмағын ажыратып, ең басты оның жай ғана адам еңбегінің өнімі екенін түсіну маңызды.

Талдау және синтез әдісі әлеуметтік-экономикалық құбылыстарды бөлек-бөлек (талдау) және тұтасымен (синтездеу) зерттеуді қарастырады. Мысалы, экономикалық көрсеткіштерді әрбір шахта бойынша жеке зерттеу – бұл талдау, ал көмір саласының жалпы жұмыс суретін құру – бұл синтездеу болады.

Индукция және дедукция екі қарама-қарсы, бірақ өзара тығыз байланысқан ойлау тәсілін білдіреді. Фактілерден теория шығару индукция деп аталады. Экономистер өз зерттеулерінде дедукция әдісін қолданады. Егер тұрақтану теория бар болса, онда оның негізінде болжанған құбылыстар мен фактілердің даму жолын есептеуге болады.

Тарихи және логикалық әдістер де бірге пайдаланылады. Олар әлеуметтік-экономикалық процестерді толығымен зерттеуді олардың тарихи тізбектілігі бойынша қарастырады, бірақ бір уақытта логикалық жалпылаумен жалпы қорытынды шығарып, тұтасымен процестерді бағалауға мүмкіндік алады. Мысалы, ғалымдар әр түрлі елдердегі 20 ғасырда құрылыс социализмінің тәжірибе ерекшеліктері нақты даму жолын бөлшектеп зерттеген. Бұл осы елдердегі экономикалық тиімсіздігі туралы, тауар тапшылықтары және т.б. туралы логикалық қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Графикалық әдіс экономикалық зерттеулерде әртүрлі сызбалардың, схемалардың, графиктердің иллюстрациясы ретінде толық теориялық материалды түсіндіру үшін қолданылады, нәтижесінде көрнекті, әрі түсінікті болып шығады. Мысалы: қоғамдық ұдайы өндірістің циклдік графигі, Лоренц қисығы және т.б.

Экономикалық теорияның міндетті – фактілерді жүйеге келтіру, талқылау және жалпылама қорытындылау, заңдылықтарды шығару, олардың өзара байланысы мен тәуелділігін байқау және экономикалық принциптер мен олардың заңын құру.

Сонымен, экономикалық теориямен пайдаланылған әдістер кешені, экономикалық шындықты тану әдістері.

Экономикалық теория әдістемелік қызметін орындай отырып, басқа экономикалық пәндерді зерттеу үшін ғылыми негізделген, объективті тұғыр береді, *танымалы* қызметіне ие болып, экономикалық заңдар мен құбылыстарды іс-әрекетін түсінуге көмектеседі: нарықтық жүйе дегеніміз не, оның механизмі қалай құрылған, жалпы экономикалық тепе-теңдікті қалай қамтамасыз етеді және т.б.; *тәжірибелік* қызметін тарата отырып, мемлекеттің экономикалық саясатын жасауға мүмкіндік береді: мемлекет қалай және қандай механизм арқылы жұмыссыздықты реттейді, фискалдық саясатты анықтайды, инфляцияны төмендетеді және т.б.; *болжамдық* қызметі орындай отырып, экономиканың жоспары мен даму болжамдарын және жалпы қоғамның бір тұтас құруға болады.

Позитивті және нормативті экономикалық теория

Позитивті экономикалық теория дегеніміз бұл, не бар, не нәрсе анықталған, не соған жеткізген. Позитивті тұжырымдардың негізінде экономикалық теория заңдылықтар, категориялар және заңдардың шаруашылық жүйелердің дамуы бойынша принциптер шеңбер жасайды. Ендеше, позитивті, бұл шаруашылық қызметінің экономикалық процестерінің мазмұны болып табылады. Позитивті экономикалық теория – объективті экономикалық заңдардың механизмі мен өзгешелігін әрекетін түсіндіреді.

Нормативті экономикалық теория не және қалай болуы керектігімен байланысты болады, егер біз қандай да бір нәтижелерге жетуді мақсат етіп қойсақ. Нормативті экономикалық теория экономикалық қызметті, мемлекет саясатын және барлық нарық субъектілерін тұтасымен қалыптастырады.

Позитивті, ненің бар екенін, қарастырса нормативті қалай болуы керектігін қарастырады. Нормативті бағалаулар, нормативті разрядтан позитивті разрядқа өтеді, ол экономикалық теорияның жетістігі болып өзінің дамуында тағы да ілгері бір қадам жасайды.

1.5. Экономикалық теория дамуының негізгі сатылары

- Меркантилизм – экономикалық теорияның бірінші мектебі.
- Физиократтар – классикалық мектеп.
- Классиктердің нарықты мектебі.
- Маркстік саяси экономия.
- Экономикс – «саяси экономия емес» курс.

Меркантилизм – экономикалық теорияның бірінші мектебі.

Оның атауының өзі (саудагер) кездейсоқ емес. Феодализмнің құлдырау кезеңінде (16-18 ғғ.) көпестер “басты ерлер” болып көрінеді. Оларға сауданың дамуы және “баю ғылыми” теориясы керек болды және оны олар меркантилистерден алды. Басты теоретиктер – экономистер Томас Ман (1571-1641), – Англияда, Антуан де Монкретьен (1575-1621) Францияда болды. Кейінгісі айналымға саяси экономика (1615) терминін енгізді.

Олардың идеялары мыналар:

1. Қоғамның байлығы ақша болады (алтын және күміс).
2. Баюдың қайнар көзі айналым сферасы болады (сауда).

3. Мемлекет өзінің тікелей бағытталған экономикалық саясатымен белсенді көмектесуі керек.

Меркантилизм саясатының басты міндеті – елде ақша жинақталуын қамтамасыз ету болды. Ерте меркантилизм кезеңінде бұл әкімшілік әдістермен іске асырылды (ақшаны шетелдерге шығармау, импортты шектеу). Кейінгі меркантилизм кезеңінде экономикалық әдістермен (сыртқы сауданы, кеме қатынасы, экспорттық тауарлар өндірісін дамыту, белсенді сауда байланысын қолдаумен) жүзеге асыру. Олардың қателері – бұл айналым сферасын көтермелеу және өндіріс сферасын бағаламау. Материалдық байлықты өндіріс сферасы береді, онсыз ақшаның керегі болмас еді.

Физиократтар – классикалық мектеп. Физиократтардың өкілдері Кенэ (1694–1774), Жак Тюрго (1727–1781). Физиократтардың мәні – бұл табиғат билігі. Байлықтың көзін, айналым сферасы емес, өндіріс деп есептеді. Бірақ олар, байлықтың құрылатын жерін, өндіргіш саласын ауылшаруашылығы деп есептеді. Өнеркәсіп жұғымсыз сфера деп анықталды.

Өнеркәсіпті сүймеушіліктің себебі, ол кезде ауылшаруашылығы кедейшілік жағдайда болды, ал өнеркәсіп дамымаған, жоғарғы класқа негізінен сән салтанатты заттарды өндiрген. Сондықтан, ауылшаруашылығы беделін қолдады.

Классиктердің нарықты мектебі. Классикалық саяси экономияның өкілдері шотландиялық экономист және философ А.Смит (1723-1790) және Д. Рикардо (1772-1823). Олар, өндірістің бәрі қоғамның байлығын көбейтеді деп есептеді. Олармен, қазірдің өзінде, өзекті болып саналатын және концепция ұсынылды. Ол адамдардың шаруашылық қызметін ынталандыру проблемасы. Байлықтың өсу жағдайы еркін және бәсекелес нарықты экономикада болады. Қоғамда белгілі «табиғи тәртіп» болады, яғни адамға тәуелсіз белгілі заңдар жұмыс жасайды. Олар «көрінбейтін қол» сияқты экономикалық процестерді басқарады.

Маркстік саяси экономия және экономикс; неоклассицизм және кейнсианство. Қоғам әртүрлі әлеуметтік топтардан тұрады, олардың әрқайсысының өз ықыласы және өз идеологиясы бар. Осыдан, олардың ықыластарының соқтығуы болады. Идеологиялық дискуссияға қатыса отырып ғалымдар сол немесе басқа әлеуметтік топтар жағында болып қалуы мүмкін. Мысалы: меркантилистер көпестердің ықыласын қолдады, классиктер – туа бастаған капиталистер класының ықыласын жақтады.

Марксизмнің идеологизациялық теориясы ашық болды, онда жұмысшы кластың ықыласы қорғалды.

Маркстік экономикалық теория. Маркстілер жұмысшы кластың мүдделерін қорғаймыз деп ашық жариялады, сондықтан да ол пролетарлық саяси экономия деп аталады.

Бұл ілімге байланысты:

1) Капиталистік қоғам кластық-антагонистік болады.
2) Жекеменшікті құрту және буржуазияны класс түрінде жою туралы сөз болып отыр.

3) Маркс капиталистік қоғамды жұмысшы класс позициясы тұрғысынан терең зерттеді. Капиталистік қоғам біреулердің баюына және біреулердің қирауына, қайыршылықтың күшеюіне, капиталдың қанауына әкеледі. Бірақ ХХ ғасырдың аяғында батыстағы қоғамдар, социализм елдерінің қоғамына қарағанда тұрақты, бай және өте демократияшыл болып шықты.

19 ғасырдың аяғында деидеологизацияланған экономикалық теория туып, ол «экономикс» деген атақ алды.

Неоклассик және кейнсиандық бағыттар. XX ғасырда негізгі теориялық бәсекелес болғандар: неоклассицизм және кейнсианство.

Дискуссияларда сұрақтардың ішінде буынды сұрақ болғаны мемлекеттің экономикалық рөлі болды.

Ол экономикаға араласуы керек пе?

Бұл сұраққа бірінші болып *неоклассиктер* жауап бере бастады. Олардың өкілдері болған Англияның экономисі А. Маршалл. Неоклассиктердің бас идеясы, ол, нарықтық жүйе экономикалық тепе-теңділікті қолдауға және өз-өзін реттеуге қабілетті деді.

Мемлекет бәсекелес нарықты механизмге араласпау керек. Олар, 1929-1933 жылдардағы әлемдік экономикалық күйзеліс болғанынша 20 ғасырдың 30- жылдарына дейін белгілі әйгілікте болды.

Кейнсианствоның мәні (Дж. Мейнард Кейнс, 1883-1946 жж.) мынада болады:

- 1) Нарық тұрақты экономикалық өсуге қабілеті жоқ.
- 2) Күйзелісті жоя отырып экономиканы бюджет және несие арқылы реттеу, толық жұмысбастылықты қамтамасыз ету.

Кейнсианстводағы модификациясы, экономикалық күйзеліс жұмсаған шақта 20 ғасырдың 50-60 жылдары, 70-80 жылдары экономикалық курсқа жаңа түзету кіргізу керек болды. Яғни, ол да жаңа дұрыс нәтиже берді.

Сондықтан да, ауыспалы жағдайларға сәйкес экономикалық саясат икемді болуы керек.

Оны неоклассикалық және кейнсиандық бағыттардың керекті дәндерін үйлестіре отырып, мемлекеттік реттеумен толықтыра отыру керек.

Қорытынды: сонымен, экономикалық теорияны, оның заңдары мен категорияларын оқып, экономикалық теорияның егжей-тегжейіне және құпияларын түсінуге болады, және де экономикадағы болып жатқан ойларды түсіне отырып экономикалық өмірге дұрыс бейімделеді.

Қайталауға арналған сұрақтар

1. Экономикалық теория пәніне анықтама беріңіз. Саяси экономия, «экономикс», микроэкономика және макроэкономика арасында қандай айырмашылық бар? «Саяси экономия» терминін ашып беріңіз.
2. Өндірістік қатынастар мазмұнын қалай түсіндіңіз?
3. Экономикалық заңдардың мазмұны қандай және оның объективтілігі неде?
4. Экономикалық теорияның зерттеу әдістері қандай ?
5. Меркантилистердің және физиократтардың орталық идеясы неде?
6. Саяси экономиядағы әрбір классиктердің экономикалық теорияға қосқан үлесін сипаттап беріңіз.

Жаңа терминдер мен ұғымдар

Экономикалық теорияның пәні
Экономикалық заң
Экономикалық категория
Позитивті экономикалық теория
Нормативті экономикалық теория
Өндірістің мүмкіншілік қисығы
Ғылыми абстракция
Талдау және синтез
Индукция және дедукция
Тарихи және логикалық
Графикалық
Меркантилистер
Физиократтар
Нарықты экономика
Саяси экономия
Экономикс

Тест сұрақтары

1) Саяси экономия ұғымын ғылыми айналымға тұңғыш енгізді:

- A) Франсуа Кенэ;
- B) Жан Батист Кольбер;
- C) Антуан де Монкретьен;
- D) Буагильбер;
- E) К.Маркс.

2) Экономикалық теорияның пәні, ол:

- A) шектелмеген тұтынушылықты оқыту;
- B) шектелген ресурстарды оқыту;
- C) өндіріс, бөлу, айырбас және материалдық игілікті тұтыну;
- D) шектелмеген тұтынушылықты қанағаттандыру үшін шектелген ресурстарды пайдалану;
- E) экономикалық агенттердің қызметтерін оқыту.

3) Аталған қатынастардың әлеуметтік-экономикалық түрі, ол:

- A) экономиканы ұйымдастыру қатынастары;
- B) адамның табиғатқа қатынасы;
- C) меншік қатынастары;
- D) еңбектің бөлінісі мен кооперациясы;
- E) техника, технология қондыру қатынастары.

4) Жекеден жалпыға қорытынды шығаруға негізделген тану әдісі:

- A) экстраполяция;
- B) индукция;
- C) абстракция;
- D) дедукция;
- E) логика.

5) Экономикалық құбылыстар арасындағы тұрақты қайталанатын байланыстар:

- A) экономикалық теорияның пәні;
- B) экономикалық заң;
- C) экономикалық категория;
- D) экономикалық саясат;
- E) экономикалық ойлау.

6) Табиғат пен қоғам заңдылықтарының ұқсастығы:

- A) объективті қасиетке ие;
- B) адам қызметіне тәуелді емес;
- C) адамдардың экономикалық қызметі арқылы анықталады;
- D) тарихи өтпелі қасиетке ие;
- E) мәңгілік болып табылады.

7) Егер экономика өндірістік мүмкіндіктер шекарасының ішінде әрекеттенсе:

- A) барлық ресурстар толық пайдаланылады;
- B) қазір өнім шығару максималдыға жеткен;
- C) жартылай жұмыс бастылық және жұмыссыздықтың болуы;
- D) экономиканың әміршілік болуы;
- E) бағаның еркін болуы.

8) Өндіріс тиімділігі дегеніміз:

- A) өндірістің түпкі нәтижесінің оның шығындарына қатынасы;
- B) еңбек құралдарының, техниканың тиімділігі;
- C) қоғамның тұтынуын қанағаттандыру дәрежесі;
- D) шығындар құндылығының нәтижеге қатынасы;
- E) пайданың айналмалы қорларға қатынасы.

Тест сұрақтарының дұрыс жауаптары: 1С, 2D 3С, 4В, 5В, 6А, 7С, 8А.

2. ҚОҒАМДЫҚ ӨНДІРІСТІҢ НЕГІЗІ. ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖҮЙЕЛЕРДІҢ ТИПТЕРІ

2.1. Қазіргі өндірістің құрылымы.

Өндіргіш күштер және өндірістік қатынастар

Қоғамдық өндіріс – бұл адамдардың бірлескен қызметі, олар оған материалдық игіліктер үшін қажет процестер өндіріледі, бөлінеді, айырбасталады және тұтынылады.


Материалдық игіліктер өндірісі – бұл ең алдымен, *еңбек процесі*. Еңбек процесі үш элементтен тұрады: еңбектің өзі, еңбек құралдары және еңбек заты. Еңбек дегеніміз, бірден, табиғатты игеруге бағытталған адам қызметі, адам қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қажет құбылыс, екіншіден, ол адамдық жұмыс күшінің шығындалуы. *Жұмыс күші* – адамның физикалық және рухани мүмкіндіктерінің жиынтығы. Ал, *еңбек* – бұл адамның өндірістік мақсатта физикалық, жүйкелік және ақыл-ой энергиясының шығындалуы. Кез келген өндірістің бірінші және маңызды факторы еңбек болып табылады.

Еңбек құралдары бұл материалдық игіліктерді өндіру үшін құралдардың көмегімен еңбектенетін құралдар кешені. Бұл – машиналар, станоктар, жабдықтар. *Еңбек заттары* – бұл материалдық игіліктер өндірілетін адам еңбегі бағытталатын заттар. Бұл шикізат, материалдар, қосымша көмекші материалдар, отын. Еңбек құралдары мен заттары бірге *өндіріс құралдарын* құрайды. Өндірістік ресурстары батыс экономикалық ғылымда капитал деп аталады.

Еңбектің өзі, еңбек құралдары және еңбек заттары табиғатсыз, оның ресурстық болуы мүмкін емес. Жер, географиялық фактор ретінде, әрі басты еңбек құралы, әрі басты еңбек заты болып қызмет атқарады. Өндіріс процесінде жердің пайдалы қазбалары пайдаланылады. Жерсіз қандай да бір өндірісті ұйымдастыру мүмкін емес, сондықтан өндірістің үшінші факторы жер болып саналады (табиғат ресурстары). Сонымен, өндірістің үш факторы анықталды: *жер, еңбек, капитал*.

Жұмыс күші мен өндіріс құралдары бірге қоғамның өндіргіш күштерін құрайды. Өндіргіш күштері – бұл

материалдық (заттың) қоғамдық өндірістің мазмұны, оның қозғаушы күші. Дәл осы өндіргіш күштерінің даму дәрежесіне қарай қоғамдық өндірістің даму дәрежесі сипатталады. Өндіргіш күштерінің даму көрсеткіші болып еңбек өнімділігі табылады. Еңбек өнімділігінің өсуіне әсер еткен ғылыми-техникалық прогресс жетістігіндей (ҒТП) жетістік жоқ.



1.2-сурет. Экономикалық теория түсінігінің түбірі

Бірақ *өндіргіш күштер* – бұл қоғамдық өндірістің бір жағы ғана. Оның екінші жағы – *өндірістік қатынастар*. Өндірістік қатынастар адамдар арасындағы өндіріс процесі кезінде пайда болады, яғни жұмыс беруші мен жалдамалы жұмыс күші арасында.

Өндірістік қатынастардың түбіріндегі мәні – меншік қатынастары жатады. Өндіргіш күштер қоғамдық өндірістің мазмұны болса, ал өндірістік қатынастар қоғамдық формасы және онда өндіріс жүзеге асырылады. Өндіргіш күштер мен өндірістік қатынастар жеке-жеке болмайды, тек бірге қатар жүреді. Сондықтан, қоғамдық даму заңдарының маңыздысы болып өндірістік қатынастар сипатына сәйкес және өндіргіш күштердің даму деңгейіне сай заң болып табылады. Ғылымда бұлардың ажырамас бірлігін диалектикалық деп атайды, себебі өндіріс тәсілдерінің екі жағы да адамға байланысты. Адам,

өндiргiш күштердiң элементi бола тұра, *өндiрiс қатынастарының субъектiсi* болады.

Қай жағынан алмасақ та, бір-бірінсіз бұл қоғамдық өндірістің екі жағы жүзеге аспайды. Өндіргіш күштер мен өндірістік қатынастар қоғамның экономикалық қатарын (өндірістің белгілі бір тәсілі) құрайды – олар қоғамның экономикалық базисі болып табылады.

Адамдар арасындағы қатынастар тек өндірістік немесе экономикалық қатынастармен шектелмейді. Қоғам қатынастардың барлық бағыттарына қатысады: заңдық, ұлттық, мәдени, діни, саяси, т.б. Қоғам базисі оның үйлесімін, оның даму бағытын көрсетеді. Олардың бірлігі базиске әсерімен және оның даму және жетілу параметрлерін анықтайды.

Адамзат тарихы – бір қоғамдық экономикалық формациядан басқасына тарихи ауысуы: алғашқы қауымдық, құл иеленушілік, феодалдық, капиталистік, коммунистік. Адамзат тарих баспалдағымен бір қадамнан екіншісіне ақырындап көтеріледі, яғни өзінің тарихи миссиясын, адам қоғамының даму тізбегін қамтамасыз етті.

2.2. Экономикалық жүйе және оның элементтері. Экономикалық жүйеде меншік қатынастарының орны

Әр мемлекеттің өз экономикалық жүйесі бар. *Экономикалық жүйе* – бұл өндірушілер мен тұтынушылардың арасындағы ерекше реттелінген жүйенің байланысы. Экономикалық жүйе қандай да болмасын, меншік формасының негізінде адамдардың белгілі бір шаруашылық қызметінің ұйымдастырылуын көрсетеді.

Экономикалық жүйеде тағы элементтері бар, олар жүйені бір-бірінен айырады. Олар мыналар:

1. *Әлеуметтік-экономикалық қатынастар*, экономикалық ресурстарға және өндірістің нәтижесіне меншік формасына негізделген. Әлеуметтік-экономикалық қатынастар спецификалық болады. Олар тек бір тарихы дәуірге, немесе бір қоғамдық құрылысқа тән болады. Әлеуметтік-экономикалық қатынастар

тарихи өтпелі болады. Олар бір нақты меншік формадан басқаға өткенде өзгереді.

Өндіріс, бөлу, айырбас және тұтыну қатынастарының әлеуметтік-экономикалық мазмұны меншік түрлерінен тәуелді болады. Әрбір тарихи дәуір үшін қатынастар спецификалық (өзгеше) болады.

Біз айтатынымыз: құлиелену, феодализм, капитализм, социализм, аралас экономика, нарықты экономика, яғни мұнда негізінен экономикалық жүйелер туралы сөз болады.

Сондықтан, бір экономикалық жүйенің екіншіден айырмасын білу үшін өндіріс құралдарына меншіктің формаларын талдау қажет.

2. Барлық өндіріс тәсілдер үшін *өндіргіш күштер мен ұйымдық-экономикалық қатынастар* жалпылама болады. Бұл қатынастар белгілі ұйымдастыруын тілейді. Еңбекті ұйымдастыру формалары әртүрлі болады. Ол:

- еңбек бөлінісі мен мамандандырылуы;
- еңбекті бірлестіру;
- өндірісті шоғырлануы /концентрация/;
- ол өндірісті бір орталыққа шоғырлануы.

Әр түрлі өндіріс тәсілдерінің айырмашылығы не өндіргеннен емес, *қалай өндірілгенінен*, яғни, *өндіріс факторлары бір-бірімен қалай қосылады* және олар *экономика салалары бойынша қалай бөлінеді*.

2.3. Экономикалық жүйенің классификациясы

Таза капитализм немесе еркін бәсеке дәуірінің капитализмі

– Бұл экономикалық жүйенің сипатты белгілерінің ерекшеліктері мыналар:

- Өндіріс факторларына жекеменшіктің биліктілігі.
- Нарықтық жүйе адамдардың шаруашылық қызметін үйлестіреді және оны басқарады.
- Жүйеге қатысушылардың тәртібі жеке, эгоистік мүддесі мен қоғамдық мүдде қамтамасыз етіледі.
- Еркін кәсіпкершілік. Экономикалық таңдау еркіндігі.
- Әрбір шаруашылық субъект пайданы максимум алуға ұмтылады. Ресурстарды пайдалану тиімділігі жоғарылайды.

- Өз еркімен жұмыс атқаратын көптеген сатушылар мен сатыпалушылардың, өндірушілер мен тұтынушылардың болуы.
- Экономикаға мемлекеттің араласуының азаюы.
- Тұтынушылар өндірушілерге билікті жасайды.

Мұндағы принцип тек сатылатын ғана өнім шығарылады.

Бұндай талаптарға жауап беретін экономикалық жүйе болған емес, немесе болжамда, бұл 19 ғасырдың бірінші жартысындағы капитализм болатын. 19 ғасырдың екінші жартысында тұрақты түрде экономикалық дағдарыстар қайталана берді және ірі капиталистік монополиялар құрыла бастады.

Негізгі артықшылықтары:

Жоғарғы тиімділік және тапқырлықтың ынталандырылуы.

Тиімді емес және керексіз өндірістер сыртта қалады.

- Нарық тауарға толы болады.
- Тұтынушылардың құқығы және мүмкіндіктерінің көбеюі.
- Үлкен басқару аппараты жоқ.
- Табысты бөлісу негізінен әділетті болады, яғни кім көп және жақсы жұмыс істесе немесе өндіріске қаржыны көбірек салса, сол көбірек алады.

Негізгі кемшілігі:

- Қоғамда теңсіздік күшейеді.
- Экономика тұрақсыз, оның дамуы дағдарыспен болады.
- Пайда бермейтін, бірақ қоғамға қажетті өндірістерді құру туралы қамқорлық болған жоқ.
- Табиғат және адамзатқа бизнестің не әкелетініне немқұрайлы қарау.
- Экономиканың тиімділігін төмендететін монополиялардың пайда болуы.

Командалық (батыс терминология) немесе әкімшілік-шаруашылық жүйе (біздің терминология)

Бұл жүйенің сипатты белгілері:

1. Өндіріс факторларына қоғамдық меншік. Олар мемлекет меншігінде болады және басқаларға тиісті емес.
2. Экономикалық қызметтердің орталықтан жоспарлануы.
3. Мемлекеттік жоспарларды орындау үшін кәсіпорын ресурстарының орталықтан қорландырылуы.

4. Өндіріс құралдары өндірісі мен тұтыну заттарының өндірісінің арасындағы орталықтан саналы түрде халықшаруашылықтық пропорциялар орнату.

5. Бәсекенің болмауы. Осыдан өндірушілердің монополиясы.

6. Нарықты жүйенің өндірушілер мотивация және ынталандырудың болмауы.

Қорытындысы, *өндірушілердің тұтынушылар үстінен үстемділігі, тек қана өндірілетін ғана өнім сатып алынады.* Тұтынушының таңдауы жоқ. Жүйенің тиімділігі төмендейді.

Бұл жүйе СССР-де (ҚСРО-да) және әлемдік социалистік жүйе елдерінде үстемділік жүргізді. Бұл жүйенің көптеген жетістіктері болғанымен бәрібір экономикалық және әлеуметтік тұйыққа әкелді.

Бұл жүйенің кемшіліктері:

1. Жоспарлы жүйенің экономикасы біраз уақыт өте шығынға айналды. Егер жоспар бойынша белгілі қаржыны жұмсау керек болса – онда оны да жұмсайды.

2. Өндіріске енгізілетін ҒТП жетістіктерін ынталандыру жоғалды. ҒТП өткерудің қиыншылықтары болды.

3. Еңбек өнімді және өнімсіз болып бөліне бастады, оған сәйкес өнімді еңбек екіншіге қарағанда жоғары төлене бастады. Өнімсіз еңбек бұл, мұғалімдердің, дәрігерлердің, ғылыми зиялылар, ИТЖ, әртістер, суретшілердің еңбектері. Еңбек бойынша бөлу, социализмнің экономикалық заңының талаптары орындалмады.

4. Өндірістің қорғаныс және азаматтық салаларында қолданылатын технологияда алшақтық пайда болды. Қорғаныс өндірістік кешені (ҚӨК) жетістіктері азаматтық өндіріске берілмеді. ҚӨК мемлекет ішіндегі мемлекетке айналды.

5. Адамдардың төменгі қажеттілігін қанағаттандыруға халықтың өмірлік деңгейі қалыптасты.

Соған қарамай жоспарлы жүйенің жақсы жақтары болды, олар ол жоғалтқаннан кейін ерекше көріне бастады:

1. Тұрақты экономикалық даму. Инфляцияның және экономикадағы циклдік айқын шайқалудың жоқ болуы.

2. Халықтың әлеуметтік қорғалуы.

3. Еңбекке деген құқық. Жұмыссыздықтың жоқ болуы.

4. Азаматтардың мәдени жетістіктерге, денсаулық сақтауға, білім алуға жеткілікті болуы.
5. Барлығына өмірдің белгілі деңгейіне кепілдік беру.
6. Ғылымды, фундаменталдық зерттеулерді қолдау.
7. Жастарды жоғарғы әдет-ғұрып және моральды рухта тәрбиелеу.

Дәстүрлі экономика

Жүйелердің таза капитализм, әмірлік және аралас экономика индустриалды дамыған елдердің сипаттамасына жатады. Дамыған капитализм елдері, бұрынғы әлемдік социализм жүйесі елдері және кейбір дамып келе жатқан елдер, мысалы Оңтүстік Корея, Гонконг, Сингапур, Тайвань сияқты жаңа индустриалды державалар. 140 таман басқа қалған елдерде дәстүрлі жүйе сақталынған. Біз айтатын дәстүрлі жүйе 100 елде бар. 40 ел дәстүрлі жүйеден индустриалды қоғамға өту жағдайында. Мысалы, Америкадағы Бразилия, Мексика, Африкадағы Алжир және Египет, Азияда Персі шығанағы елдері.

Дәстүрлі жүйенің спецификалық белгілері:

1. Өндіріс, бөлу және айырбас жәй, дәстүрлі, культті (діни) әдеттерге негізделген.
2. Жеке адамның экономикалық рөлін мұрагерлік және касталық анықтайды.
3. Әлеуметтік-экономикалық тоқырау анық көрінеді. Бұл жүйе прогреске қабілеті жоқ.
4. Техникалық прогресс өте шектелген, себебі ол дәстүрлі қоғамның бастауына объективті қауып төндіреді. Артта қалған технология қолданылады.
5. Экономикалық қызметтің жаңа формаларына қарағанда религиялық, діни және мәдени құндылықтар бастапқы болып саналады.
6. Өндірістің өсу қарқынынан халықтың өсу қарқыны артық болу тұрақтылыққа айналады.
7. Бұл қоғамға халықтың сауатсыздығы, жоғарғы деңгейдегі жұмыссыздық және төменгі еңбек өнімділігі сипатты болады.

8. Бұларға ең жоғарғы сыртқы қарыздар сипатты, оны бұл елдер ешқашан өтеуге мүмкіндігі жоқ.

Сондықтан, бұған келесі фундаменталды белгілер тән:

1. Жекеменшік түрінің үстемділігі;
2. Экономикалық және әлеуметтік дамудың төменгі деңгейі;
3. Экономиканың көпукладтылығы;
4. Әлеуметтік- экономикалық дамудың тәуелді сипаты;
5. Базиске салыстырғанда қондырма қатынастың тезірек дамуы.

Дәстүрлі жүйенің елдері әлемдік шаруашылыққа материалдар және шикізаттар мен жабдықтаушы, сонымен бірге дайын өнімдерді өткізу нарығы болып табылады.

«Аралас экономика»

«Аралас экономика» идеясы 19 ғасырда пайда болды. Оның пайда болу негізі тек қана мемлекет шешетін әлеуметтік проблемалар қажеттілігі болды.

«Аралас экономика» принциптері австрия экономисі А. Вагнердің «саяси экономия табалдырығы» кітабында толық баяндалады. Оның ойы бойынша халық шаруашылығы үш әртүрлі «шаруашылық жүйесі» қосындысынан тұрады: 1) жоғарғы пайда алуға ұмтылған, жеке капитализм; 2) жалпы пайда принципін жасап отырған қоғамдық-шаруашылықтың (әміршілік) жүйе; 3) қайырымдылық жүйе. Әрбір мемлекеттің оның экономикалық саясатының орталық міндеті осы үш жүйенің қосындысы.

«Аралас экономика» теориясы 20 ғасырдың 30 жылдарында америка экономистерінің С. Чейз еңбектерінде даму алды. «Аралас экономика» терминін С. Чейз енгізді.

Нақты өмірде біз келесі кәсіпорындар түрін көреміз:

- 1) қоғамдағы заңдылықтардың рұқсатымен көптеген шешімдер қызметтегі тұлғалармен қабылданады;
- 2) көптеген шешімдер жеке кәсіпкерлермен қабылданады;
- 3) барлық шешімдер аралас болады, бұл категория Америкадағы 95% барлық шаруашылық қызметті қамтиды.

Ары қарай «аралас экономика» теориясын басқа экономистердің еңбектерінде дамыды: Дж.М. Кейнс, Э. Хансен, Л. Харрис, П. Самуэльсон, Р. Солоу. Бұл жұмыстарда жеке және

қоғамдық меншікке негізделген жүйелердің пропорциясы және әр түрлі біріктіру жөнінде сөз болды.

Әлемде таза капитализм немесе таза социализм болған жоқ. Бұның бәрі де жақындаған түрлері болды. Американың капитализмі ірі корпорациялар және күшті кәсіподақтарды тудырды. Бұл, экономикаға мемлекеттің араласуы үшін негіз болады.

Көптеген индустриалды ірі мемлекеттер, мемлекеттің экономикаға араласуын батыл жүргізеді. Олар жақсы экономикалық, құқықтық және ұйымдастырылған әлеуметтік саясаты жұмыс жасады. Бұл Швеция, Франция, Англия ерекше өзгешеленеді. Көрсетілген елдерде мемлекеттік меншік орташа 33% құрады.

Өтпелі экономика және оның негізгі белгілері (өтпелі экономиканың заңдылықтары)

1. Әкімшілік-әміршілік экономикадан нарықтық экономикаға көшу экономикалық қатынастардың барлық жүйесінің түпкілікті қайта құрылуын білдіреді (меншік түрлері, ресурстардың бөлінуі, экономикалық агенттер арасындағы байланыстар).

2. Нарыққа өту келесі басты бағыттармен жүргізіледі: а) экономиканың либеризациясы (шаруашылық қызметтерінің барлық сферасында шектеулер және тиым салынулардың қысқаруы немесе жойылуы); б) институционалдық қайта құрылу (меншік қатынастарындағы өзгерістер, шаруашылық қызметінде жаңа субъектілердің құрылуы, шаруашылықтандырудың жаңа тәртібін құру); в) құрылымдық қайта құрылу (сұраныстың төлем қабілеттілігін қанағаттандыру мақсатымен халық шаруашылығы құрылымындағы қайта құру); г) халықты әлеуметтік сақтандыру жүйесін қалыптастыру.

3. Нарықтық экономиканың қалыптасуының құру екі жолы бар: эволюциялық (жайлап нарықтық институттарды құру) градуализм және радикалды («шоковая терапия» «естен тану терапиясы»).

4. Ауыспалы экономикадағы елдердің тәжірибесі көрсеткеніндей, меншік түрлерін өзгертудің ғана емес, шаруашылықтандыру жағдайындағы өзгерістер (бәсеке орталарын) өндіріс тиімділігі және экономикалық өсуді анықтайды.

Әкімшілік-әміршілік жүйені нарықтыға трансформациялау

Өтпелі кезең деп тарихи қысқа мерзім түсіндіріледі (бір онжылдық шамасы), ол уақытта әкімшілік-басқарушы экономика түбірлі қайта құрылады және нарықты экономика қалыптасады.

Нарықты экономиканың қалыптасуының басты бағыттары мыналар болады:

1. Либерализациялық экономика-шаруашылық экономиканың барлық өрісінде мемлекеттік бақылауды, сондай-ақ тию мен шектелулерді қысқартуға бағытталған шаралар жүйесі. Бұл, шаруашылық операцияларына мемлекеттік үстемділікті жою, ресурстарын орталықтан бөлуді қысқарту, бағаны либерализациялау.

2. Экономиканы демонополизациялау және бәсекелес ортаны құру ол, іскерлік белсенділік үшін тең жағдай құру, нарыққа шетелдік бәсекелестердің енуі, орта және кіші бизнесті марапаттау, табиғи монополияда баға саясатын реттеу.

3. Институционалдық қайта құру қарастырады, меншік қатынастарын реформалау, нарықтық инфрақұрылымды (коммерциялық банктер, тауарлы және қор биржалары, инвестициялық қорлар) қалыптастыру, нарықтық жағдайларға сәйкестелінген заңдылықтар қабылдау.

4. Халық шаруашылығы құрылымындағы диспропорцияны жоюға бағытталған құрылымдық өзгертулер.

5. Қаржылық ортадағы макроэкономикалық тұрақтылығы үшін мемлекеттік бюджеттегі тапшылықты төмендету, ақша эмиссиясын шектеу, инфляцияны жою керек.

6. Халықтың өте мұқтаж қабатына адрестік әлеуметтік көмек көрсетуге бағытталған әлеуметтік қорғау жүйесін қалыптастыру.

Қайталауға арналған сұрақтар

1. Өндіргіш күштер мен өндірістік қатынастардың мазмұны мен құрылымы қандай?

2. «Өндіріс тәсілі» категориясының мазмұнын қалай түсіндіңіз?

3. Өндіріс факторлары мен олардың құрылымын сипаттаңыз? Қандай үш сұраққа экономикалық ғылым жауап беруге тырысады және оның мазмұны қандай?

4. Экономикалық жүйе және олардың элементтері.
5. Экономикалық жүйе типтерінің классификациясы.
6. Таза капитализм жүйесі (белгілері, дұрыс, теріс жағы).
7. Командалық (жоспарлы) экономика.
8. Аралас экономиканың модельдері.
9. Швед экономикасы.
10. Экономиканың жапондық моделі.
11. Экономиканың американдық моделі.

Жаңа терминдер мен ұғымдар

Өндіріс тәсілі

Базис және қондырма

Қоғамдық-экономикалық формация

Өндіргіш күштер

Өндірістік қатынастар

Жер, еңбек, капитал

Өндірістің мүмкіншілік қисығы

Баламалы шығын

Таза капитализм

Командалық (жоспарлы) экономика

Аралас экономика

Нарықты экономикаға өтудің эволюциялық жолы (градуализм)

Нарықты экономикаға өтудің батыл радикалды жолы
(есінен тандыру)

Тест сұрақтары

1) Қоғамның қарапайым өндіргіш күштеріне жатады, ол:

- A) жоспарлау;
- B) өндірісті қоғамдастыру қатынастары;
- C) жер, су, қазба байлықтар;
- D) өндіріс құралдары және жұмыс күші;
- E) инфрақұрылым және оның элементтері.

2) Барлық экономикалық ресурстарды келесі категорияларға жатқызуға болады:

- A) табиғи, еңбек, материалдық ресурстар;
- B) шектелмеген, тегін, энергия және білім;
- C) жалақы, рента, пайыз, пайда;
- D) техника, технология және жұмыс күші;
- E) жер, еңбек, капитал.

3) Кез келген қоғамдағы шешілетін үш сұрақ:

- A) қайда, қашан, қалай;
- B) қанша, қандай түсті, қанша көп;
- C) қашан, не, қалай;
- D) не, қалай, кім үшін;
- E) қайда, не үшін, неге.

4) Еңбек өнімділігі қандай қатынаспен анықталады?

- A) капитал шығынының жұмысшылар санына;
- B) жұмыс уақытының ЖҰӨ-ге;
- C) өнім көлемінің еңбек көлеміне;
- D) капитал шығынының еңбек шығынына;
- E) өнім көлемінің жұмыс уақытына.

5) Әкімшілік-әміршілік экономиканың белгісі:

- A) жекеменшік;
- B) кәсіпкерлік пен таңдау еркіндігі;
- C) жеке экономикалық мүдде;
- D) орталықтан жоспарлау;
- E) ресурстарды тиімді қолдану.

6) Әкімшілік-әміршілік экономикада тұрақты тапшылықта болады:

- A) ақша;
- B) интеллектуалды тауарлар;
- C) әлеуметтік кепілдіктер;
- D) тауарлар мен қызметтер;
- E) ресурстар.

Тест сұрақтарының дұрыс жауаптары: 1D , 2E, 3D , 4E, 5D, 6D.

3. МЕНШІК ҚАТЫНАСТАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ЭКОНОМИКАДАҒЫ РӨЛІ

3.1. Экономикалық жүйедегі меншік қатынастарының орны

Меншік – күрделі де көпқырлы құрылым. Ол экономикалық жүйенің негізі болып табылады.

Меншіктің қоғамдық қатынастар жүйесіндегі белгілі орны мен рөлі бар:

- қоғамдық қатынастар жүйесінің негізі;
- қоғамның әлеуметтік жағдайын анықтайды;
- меншік ауысуының екі жолы бар: эволюциялық және революциялық;
- меншіктің барлық нысандарының өзара байланысы мен қатынасы;
- тарихи дамудың нәтижесі болып табылады.


Меншікті екі жағдайда бөліп қарастырған жөн:

Бірінші жағдайда меншікті нақты экономикалық категория ретінде қарастырады. Меншік дегеніміз – өндіріс нәтижесі мен құралдарын иемденуге қатысты адамдар арасындағы қатынас.

Екінші жағдайда меншікті барлық қоғамның экономикалық жүйесінің талдауы арқылы сипаттайды.

Меншік барлық қоғамдық құрылымға енетін қатыныс ретінде қарауға болады. Меншік қатынастарының жүйесі ретінде, ол:

- иемдену қатынастары;
- мүлікті шаруашылық пайдалану қатынастары;
- меншікті экономикалық жүзеге асырудың қатынастары.



1.4-сурет. Меншік қатынастарының жүйесі

Меншіктің экономикалық және заңды мазмұнын ажырата білу қажет.

3.2. Меншіктің экономикалық мазмұны

Меншіктің экономикалық мәні келесі жағдайлар арқылы сипатталады:

1) екі қос категорияның өзара байланысы: *иемдену-жатсыну*;

2) қос категорияларының өзара байланысы: *оқшауландыру* (жекелену)- *қоғамдастыру*;

3) *заттық* және *жеке* өндіріс факторларын қосу тәсілі: тікелей және үзілісті;

4) *табыстарды бөлу тәсілі*;

5) *субъектілі-объектілік талдау*.

1) Ең алдымен, меншіктің экономикалық мәнін екі жағдайды талдау негізінде түсіндіруге болады. Бір жағынан – белгілі қауымның (индивид, топ, қоғам) өндіріс құралдары мен қызметі және оның нәтижесі механизмі мен *иемдену* нысаны, ал, екінші жағынан – олардың басқа шаруашылық бірліктері мен тұтастай қоғамнан *жатсыну* сәйкес формалары.

Иемдену – қандай да бір қатынастар объектісін осы қатынастардың тұтас қоғам өміріндегі атқаратын қызметтеріне сәйкес субъектінің өзінің өмір сүруіне айналдыруы. Ал меншіктен *жатсыну* деген бұл адамның өмір сүру игіліктері мен ресурстарды өзінің тіршілік ету мүмкіншілігіне айналдыра алмауы.

2) *Оқшауландыру* дегеніміз әрбір тауар өндірушінің белгілі бір тауар өндірісіне мамандануын білдіреді. Қоғамдық еңбек бөлінісі неғұрлым терең болса, оқшауланған тауар өндірушілер арасындағы өзара тәуекелділікте соғұрлым күшті. Жеке оқшауланған тауар өндірушінің қоғамдық еңбек жүйесіне қосылуы қызмет нәтижелерінің айырбасы арқылы жүзеге асырылады.

Қоғамдастыру деген еңбектің қоғамдық дамуының сипатын білдіреді.

Бір жағынан, қоғамдық еңбек бөлінісі және өндіріс құралдарына деген жекеменшік салдарынан кәсіпорындар жеке тауар өндірушілер секілді оқшауланады. Екінші жағынан,

еңбектің қоғамдық сипатына байланысты олардың бәрі біртұтас қоғамдық ұдайы өндіріс процесіне тартылған. Оқшауланған тауар өндірушілер арасындағы экономикалық байланыстардың формасы – ақша айналымы арқылы жүретін тауар айырбасы болып табылады.

3) Меншік қатынастарының тереңдетілген негізін өндіріс факторларын біріктіру тәсілдері құрайды. Біріктірудің екі тәсілі ажыратылады: *тікелей және үзілісті*.

Айналым сферасын қоспағанда, өндіріс процесінде жүзеге асырылатын өндіріс құралдары мен тікелей өндірушілердің бірігуін өндіріс факторларының тікелей бірігу тәсілдері сипаттайды. Бұл жағдайда, бір адам екі түрлі қызметті іске асырады: өндіріс құралдарын иеленуші қызметі және материалдық игіліктерді тікелей өндірушінің қызметі.

Кейде басқа да нұсқалары болуы мүмкін, бұл жағдайда екі қызмет ажыратылып, түрлі субъектілерге бекітіледі; бірінде - өндіріс құралдарын меншіктеуші қызметі, екіншісінде - жұмыс күші қызметі. Бұл жағдайда жұмысшы өндіріс құралдарынан *оқшауланады*. Өндіріс факторлары бірігуі үшін, өндіріс құралдарын меншіктеуші еңбек нарығында жұмыс күшін жалдауы қажет. Сондықтан да, өндіріс саласында жүзеге асатын заттық және өзіндік факторлардың бірігуі жұмыс күшін сату-сатып алу актісінен кейін, яғни тауар-ақшалы қатынастары арқылы жүреді. Өндіріс факторлары бірігуінің бір нұсқасы *үзілісті* деп аталады.

4) Табыстарды үлестіру өндіріс құралдарын меншіктеушілер мүдделі үшін жүзеге асырылады.

5) Меншік *субъектілері* жеке тұлғалар, отбасы, әлеуметтік топ, өндірістік ұжым, халық, басқару органдары бола алады. Меншік объектілері: өндіріс құралдары, мүлік, ақша, бағалы қағаздар, ақпарат, интеллект, жұмысшы күші.

3.3. Меншік құқығының теориясы

Меншіктің заңдылық мәні құқықтық қабілетпен сипатталады. *Меншіктік құқық – бұл адамдар арасындағы қалыптасатын экономикалық игіліктерді пайдалануына*

байланысты билік ету құқықтарының санкцияланған тәртіп қатынастарының жиынтығы.

Меншік құқығын жүзеге асыру үшін меншік құқығын мамандандырудың маңызы зор.

Меншік құқығын мамандандыру – бұл меншіктің субъектісі мен объектісін және меншіктің иегерінің құқығын анықтау.

Меншіктің заңдық мазмұны оның субъектілерінің құқығы арқылы анықталады.

Меншіктік құқықтың экономикалық теориясы бойынша, ресурс өздігінен меншік бола алмайды, ресурстарды пайдалануға байланысты «құқықтардың шоғыры» немесе үлесі болады.

Толық «құқықтар шоғыры» келесі 11 элементтен тұрады:

1) иемдену құқығы, яғни игіліктерді физикалық бақылау құқығы;

2) пайдалану құқығы, өзі үшін игіліктердің пайдалы қасиеттерін пайдалану құқығы;

3) басқару құқығы, бұл шешу құқығы, игіліктерді кім және қалай қамтамасыз ету керектігі анықталады;

4) табыс алу құқығы, ол пайдаланылған игіліктерден нәтижелерді иемдену құқығы;

5) суверен (егемен) құқығы, яғни игілікті жатсыну, иемдену, пайдалану, өзгерту немесе жою құқығы;

6) қауіпсіздік құқығы, яғни игілікті экспроприациядан және сыртқы орта зияндарынан қорғау құқығы;

7) игілікті мұрагерлікке беру құқығы;

8) игілікті мерзімсіз пайдалану құқығы;

9) сыртқы ортаға зиян келтіретін тәсілдерді пайдалануға тиым салу құқығы;

10) төлету түрінде жауапкершілік құқығы;

11) қалдықтық сипаттағы құқық.

Меншік қатынастары – бұл материалды және материалды емес ресурстарға қол жеткізуден туындайтын шектеулер жүйесі. Егер ресурстарға қол жеткізуге шектеу қойылмаса, олар ешкімдікі емес, ешкімге тиесілі емес немесе барлығына бірдей тиесілі, болмаса оған қол жеткізу еркіндігі берілмеген. Меншіктің объектісі әрқашан шектеулі экономикалық ресурстар болып табылады. Басқалардың ресурстарға еркін қол жеткізуіне

шектеу қою – оларға деген құқыққа мамандандыруды білдіреді. *Мамандандырудың мәні мен мақсаты* – ресурстарды жоғары бағалайтын, олардан көбірек пайда табуға қабілетті адамдармен ресурстарға меншік құқығын қалыптастыру үшін шарттар жасау.

3.4. Меншік формаларының сипаттамасы

Шаруашылық тәжірибеде меншіктің әртүрлі формаларын кездестіруге болады. Олар меншіктің екі типіне қарай жіктеледі: жеке және қоғамдық.

Жекеменшік екі негізгі форманы қамтиды: азаматтардың өздерінің меншігі және заңды тұлғалармен құрылған меншік (кәсіпорындар, ұйымдар, мекемелер). *Мемлекеттік меншік*: а) республикалық мемлекеттік меншік, б) муниципалды меншік – қалалық, ауылдық және басқа да муниципалдық құрылуы меншігі.

Бизнесте неғұрлым тиімдісі *жекеменшік* болып табылады. Жекеменшік әрбір адамның өмірлік негізі қызметін атқарады – оның табыс алу көзі мен еркіндік және тәуелсіздік кепілі. Жекеменшіктің ерекшелігі бұл иемдену, билік ету, басқару, пайдалану және иелік ету құқықтарын жүзеге асырады. Өзінің қорқынышы мен тәуекеліне қарай жасайды. Нарықта қатаң бәсеке мен заңдар орын алады. Нарықтағы табыс меншік иесінің еңбегі болып табылады. Бірақ та нарық та, апат пен анархия да орын алады. Сондықтан, меншік иесі жеңілуі де мүмкін. Бұл өзінің кінәсі. Сондықтан, жекеменшік иесі оқиды, іздейді, біледі, ойлап табады, сатып алады, ғылыми зерттеулерді қаржыландырады. Қоғамның өндірістік күштері дами бастайды.

Жекеменшіктің прогрессивті мәні мынада – ол адам мүмкіндіктерін, инициативасын, тәжірибесін, мамандығын, білімін максималды түрде шыңдай түседі.

Мемлекеттік меншік жекеменшіктің баламасы ретінде пайда болады.

Қоғамдық меншік бірлесіп ие болуды, билік етуді көздейді. Егер жекеменшік жеке тұлғаға негізделген, әрбір субъект нақты, жауапкершілігі де нақты болса, қоғамдық меншік жалпыға негізделген. Ол «ешкімдікі емес» деген мағынаны білдіреді,

яғни қолдану тиімділігі аз. Барлық қоғам мүшелері ортақ пайдаланады, жеке ешкім қолданбайды. Қоғамдық меншік өндіріс құралдарын қолдануда барлық иелік етушілерді қоғамның барлық мүшелері ретінде теңестіреді.

Олардың бәрі меншік иелері. Бірақ, біреу оны басқару, өндіріске билік жүргізу, өндіріс пропорциясын анықтау тиіс. Сондықтан, «басқару аппараты» құрылады, халық атынан ие болу, билік жүргізу таратылады.

Мемлекеттік меншік ретінде декларацияланған меншік басқару аппаратының меншігіне айналады, ол оның бюрократиялануына әкеп соғады. Бұл оның тарихи немесе әлеуметтік жауапкершілігін көрсетпейді. Әкімшілік жүйесінің басқару механизмінің басты құралы барлық экономикалық кеңістікті икемсіз ететін, әрі тура адрестік реттеуге апарып соғатын тотальдық жоспарлау болып табылады.

Сонымен қатар қоғамдық меншік әскери-өнеркәсіптік, космостық, энергетикалық кешендерде, ғылымда, білімде, денсаулық сақтау салаларында және басқа да облыстарда өте қажет болып саналады.

Нарықтық экономиканың қалыптасуы меншік қатынастарының құрылуына заңдылық қажеттілік болып табылды. Ол мемлекетсіздендіру және жекешелендіру арқылы жүзеге асырылды.

3.5. ҚР мемлекетсіздендіру және жекешелендіру

Мемлекетсіздендіру – мемлекеттік меншіктің ұжымдық немесе жекеменшік формасына ауысуы.

Жекешелендіру – мемлекеттік немесе муниципалды меншіктің жекеменшікке берілуі.

Жекешелендіру келесі мақсаттарды көздеді:

- бәсекелік ортаны құру;
- кәсіпорын тиімділігін көтеру;
- экономиканы демонополизацияландыруға қатысу;
- шетел инвесторларын тарту.

1991 жылдан бастап Қазақстан Республикасының Конституциясы алғаш рет жекеменшік құқығын анықтады,

содан бері жекешелендіру мен мемлекетсіздендірудің алғашқы қадамдары қолданыла бастады. Жекешелендірудің заңдылық базасы «Меншік туралы» және «Мемлекетсіздендіру мен жекешелендіру туралы» заңдарымен көрсетілген.

1 кезең 1991-1992 жылдар аралығын қамтиды. Бұл кезеңдегі жекешелендіру процесінің негізгі бағыты – мемлекеттік орталықтанған – жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға өту үшін жағдай жасау мақсатында кең ауқымда реформалар болды. Ол кәсіпорындарды, олардың еңбек ұжымдарының, ұжымдық немесе акционерлік меншігіне жеңілдетілген талаптармен беру және сауда мен қызмет көрсету объектілерін сату, соның ішінде тұрғын үй купондарына сату жолымен жүргізіледі.

2 кезең 1993-1995 жылдарды қамтиды. Бұл кезең Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 5 наурыздағы Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасындағы 1993-1995 жылдардағы мемлекет қарамағынан алу мен жекешелендірудің Ұлттық бағдарламасына» сәйкес жүзеге асырылады. Жекешелендірудің екінші кезеңінің негізгі мақсаты – мемлекеттің республика халқына ұлттық мүлікті өндіріс объектілері мен басқа да мемлекетке тиесілі материалдық және материалдық емес активтерді өтеусіз және өтеуімен өткізіп беру жолымен қайтаруды процесіндегі меншік құқықтарының дербестену негізінде орталықтанған-жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға өтуге қажетті жағдай жасау болып еді.

Жекешелендірудің екінші кезеңінің бағдарламасы институционалдық реформалардың негізгі бағыттарын анықтап берді:

- «шағын жекешелендіру», ол шағын сауда кәсіпорындарының, коммуналдық шаруашылықтардың, тұрмыстық қызмет көрсетудің байқаулары мен аукциондар арқылы жүзеге асырылады;

- жұмысшылар саны 200-ден 5000-ға дейін жететін орташа кәсіпорындарды, оның ішінде инвестициялық жекешелендіру купондарына «жаппай жекешелендіру»;

- ірі және бірегей мүлік кешендерін (жұмысшылар саны 5000-нан асатын кәсіпорындар) жеке жобалар бойынша жекешелендіру;

- «мемлекеттік ауылшаруашылық кәсіпорындарын (совхоздар) жекешелендіру».

Жекешелендірудің 3 кезеңі 1996-1998 жылдар аралығын қамтиды және Қазақстан Республикасы үкіметінің 1996 жылғы 2 ақпандағы №246 Қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасындағы 1996-1998 жылдарға арналған жекешелендіру мен қайта құрылымдау Бағдарламасына» сәйкес жүзеге асырылды.

Үшінші кезең Бағдарламасының басты мақсаты жекешелендіру процесін аяқтау жолымен Қазақстан Республикасының экономикасында жекеменшік секторлардың басымдылығына қол жеткізу және оны бекіту болып еді.

Үшінші кезең мемлекеттік меншіктің тек ақшалай қаражатқа жекешелендірілуін қарастырды және мыналарды өткізуді көздейді:

- мүліктік кешен ретінде мемлекеттік кәсіпорын;
- жекешелендірілуі тұйық технологиялық циклді бұзбайтын мүліктік кешен ретіндегі кәсіпорынның өндірістік және өндірістік емес бөлімшелері мен құрылымдық бірліктерін;
- кәсіпорын мүлігін, мемлекеттік кәсіпорынды жойған жағдайда, тек аукционда ғана;
- шаруашылық серіктестердің жарғылық қорларындағы мемлекеттің акциялары мен үлестерін.

Сондай-ақ мемлекеттің акциялар пакеті мен үлестерін сенімдік басқаруға беруді:

- электрэнергетикалық кешендегі;
- мұнай-газ және мұнай-химия кешеніндегі;
- металлургиялық және тау-кен кешеніндегі;
- көлік-коммуникация кешеніндегі;
- агроөнеркәсіп кешеніндегі;
- әлеуметтік саладағы секторлық бағдарламаларды.

4 кезең 1999-2000 жылдар аралығын қамтиды және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 1 маусымындағы № 683 қаулысымен бекітілген «1999-2000 жылдарға арналған жекешелендіру және мемлекеттік мүлікті басқарудың тиімділігін арттыру Бағдарламасына» сәйкес жүзеге асырылды.

4 кезең Бағдарламасының басты мақсаты – жекешелендіру мен мемлекеттік мүлікті басқарудың құқықтық негіздерін

жетілдіру; есепке алуды жақсарту, басқарудың тиімділігін жоғарылату және мемлекеттік мүлікті конкурстық және транспаранттық негізінде жекешелендіруді қамтамасыз ету еді.

Бағдарламаға сәйкес:

- мемлекеттік акцияларды иемдену және пайдалану құқықтары салалық министрліктер мен ведомстволарға өткізіп берілді;

- «көгілдір фишка» ретінде анықталып, мемлекеттік оларда үлес қосушы ретінде қалдырылды;

- Мемлекеттік мүлікті Республикалық және коммуналдық деп бөлу жүргізілді; бұл жергілікті бюджет табыстарын жоғарылатуды және аймақтардың міндеттерінен шыға отырып, жергілікті жерлерде инвестициялық саясат жүргізуді көздейді.

1999-2000 жылдары Мемлекеттік мүлік комитетімен оның облыстық бөлімшелері 34,5 мыңнан астам мемлекеттік меншік объектілерін, соның ішінде 1991-1992 жылдары 6,2 мың объектіні купондарға және ресей рубльдеріне жекешелендірді; 28 мыңдай объект 1993-2000 жылдары ұлттық валюта енгізілгеннен кейін жекешелендірілді.

Алғашқы кезеңде жекешелендіруде 4144 млн.рубль алынған. 1993-2000 жылдары республикада жекешелендіруде 215,4 млрд.теңге, соның ішінде акционерлік қоғамдық акцияларын сатудан – ол 90%- дан астам түсті.

Қайталауға арналған сұрақтар

1. Меншік қатынастарының экономикалық жүйеде алатын орны қандай?

2. Меншіктің құқықтық және экономикалық мазмұнның айырмашылық белгісі неде болады? Меншік деген не: зат па немесе қоғамдық қатынас па?

3. ҚР меншіктің қандай түрлері бар және олардың бір-бірінен негізгі айырмашылығы неде?

4. Сіз қалай түсінесіз: «Жекеменшік жекеленген, ал қоғамдық иесізденген».

5. Кәсіпкерлік қызметте ұйымдардың қандай түрлерін білесіз?

6. Бағалы қағаз дегеніміз не, оның негізгі қызметі қандай?
7. Эмитент, инвестор, инвестициялық институттың нарықтық экономикада қандай функционалдық рөлдері бар?
8. Нарықтағы алғашқы және екінші бағалы қағаздар арасында қандай айырмашылықтар бар?

Жаңа терминдер мен ұғымдар

- Меншік қатынастары
- Иемдену-жатсыну
- Оқшауландыру-қоғамдастыру
- Тікелей және үзілісті
- Меншік субъектісі
- Меншік объектісі
- Меншік құқығы «құқықтар шоғыры» немесе «ойын ережесі» ретінде
- Иемдену
- Пайдалану
- Басқару
- Жекеменшік құқығы
- Мемлекеттік меншік құқығы
- Жекешелендіру
- Мемлекетсіздендіру
- Приватизация
- Акция, облигация
- Дивиденд
- Акцияның бақылау пакеті

Тест сұрақтары

1) Меншік дегеніміз – бұл:

- A) пайдалану құқығындағы адамдардың қатынастары;
- B) фирма иесінің салған капиталы;
- C) затқа байланысты адамдардың қатынастары;
- D) мүліктің бір бөлігінің иесі;
- E) мүлікті иелену құқығының саны.

2) Нарықты экономиканың іргелі негізі болады:

- A) ұлттық валютаны кіргізу;
- B) монополияға қарсы заң;
- C) жекеменшік;
- D) шетел капиталын тарту;
- E) бағаның еркін болуы.

3) ҚР Конституция бойынша меншіктің келесі үлгілері бар:

- A) жеке және мемлекеттік;
- B) мемлекеттік, ұжымдық, жеке-дара;
- C) мемлекеттік, жеке, аралас;
- D) мемлекеттік, аралас, бірлескен;
- E) мемлекеттік, кооперативтік, жеке.

4) Қазіргі дамыған елдерде меншіктің түрлері қандай?

- A) жеке;
- B) мемлекеттік;
- C) көп түрлі;
- D) акционерлік,
- E) коллективтік.

5) "Иемдену" қатынасын қалай сипаттауға болады?

- A) сыйға тарту құқығы;
- B) белгілі бір қатынастар объектісінің жеке тұлға үшін оның өмір сүруіне айналуы мүмкін еместігі;
- C) өндіріс құралдарының қоғамдастырылуы;
- D) пайдалану құқығы;
- E) белгілі бір қатынастар объектісінің жеке тұлға үшін оның өмір сүруіне айналуы.

6) "Меншіктен айыру" деген, ол:

- A) бұл адамның өмір сүру игіліктері мен ресурстарды өзінің тіршілік ету мүмкіншілігіне айналдыра алмауы;
- B) бұл адамды табиғат өнімдерінен айыру;
- C) бизнес мәселесімен өзі шұғылданғысы келмейді;
- D) кәсіпорынды басқара алмау;
- E) қарызды төлеу мақсатында меншігінен айыру.

**7) Меншіктің экономикалық мазмұнын қандай қос-
ұғым ашады:**

- A) иемдену-жатсыну;
- B) негіз-құрылым;
- C) мәні-көрінісі;
- D) себебі-салдары;
- E) тұлға-зат.

Тест сұрақтарының дұрыс жауаптары: 1С, 2С, 3А, 4С, 5Е,
6А, 7А.

4. ҚОҒАМДЫҚ ӨНДІРІСТІҢ ФОРМАЛАРЫ

4.1. Натуралды және тауарлы шаруашылық формалары

Барлық қоғамдық шаруашылығында жеке еңбекті қоғамдық өндірісіне қосу проблемасы болып табылады. Жалпы экономикалық формалардың ішіндегі тарихи тұрғыдағы біріншісі натуралды өндіріс болды.

Натуралды шаруашылық дегеніміз – мұнда өндіруші өнімді басқаларға сату үшін емес, өз үшін өндірді. Натуралды шаруашылықта өзіне сай анықтайтын түрі бар:

- тұйықтылық;
- жан-жақты еңбек;
- өндірістің көлемі сол қалпында болғаны, оның өсуі өте жәй жүреді;
- тікелей экономикалық байланыс (өндіріс, бөлу, тұтыну).

Натуралды шаруашылық капиталистік формацияға дейін болған (алғашқы қауым, құлиеленушілік, феодалдық қоғамда). Натуралды шаруашылық қазірде дамушы елдерде бар.

Тауарлы өндірістің пайда болуы және дамуы белгілі жағдайлармен байланысты:

Біріншіден, бұл еңбектің қоғамда бөлінуі, яғни әр өндіруші қоғамдық қажеттілікті қанағаттандыру үшін өнімнің белгілі бір түрін өңдеуге мамандандырылады.

Екіншіден, өндіріс құралдары мен өндірілген еңбек өніміне *жекеменшік* болғандықтан өндірушілердің арасында айырбас болуы.

Еңбекті қоғамдық бөлу, тауар өндірушілерді байланыстырады, олардың арасында өзара байланыс тудырады. Жекеменшік, керісінше өндірушілерді бөледі, оларды бір-бірінен тәуелсіз етеді. Еңбек өнімдерін алмастыру нәтижесінде, тауар өндірушілер бір-бірімен қоғамдық қатынаста болады және қажетті өндіріс құралдары мен тұтыну заттарын алады.

Тауар өндірісінің екі негізгі түрлері бар: жай (қарапайым) және капиталистік тауар өндірісі. *Жай* тауар өндірісі өндірушінің өзінің және оның жанұя мүшелерінің жеке еңбегіне негізделген. Мысалы: жәй шаруалар және қолөнершілер. *Капиталистік* тауар өндірісі жалдамалы жұмысшылар еңбегіне негізделген.

Сонымен, тауар өндірісі өндірістің экономикалық ұйымдастырудың прогрессивті типіне жатады. Прогрестің қозғаушы күші техника мен технологияны жетілдіру, шаруашылықтың өнім өндіруді кеңейту және адамдардың қажеттілігін толық қанағаттандыру болып табылады.

4.2. Тауарлы шаруашылықтың негізгі категориялары

Экономикалық қатынастарға талдау жасауды Маркс тауардан бастайды.

Себебі:

Біріншіден, тарихи тұрғыдан алғанда капитализм жәй тауар шаруашылығынан өсіп шығады.

Екіншіден, тауарлар жиынтығы қоғамның байлығы. Ал тауар оның ішінде өте қарапайым кішкене ғана клеткасы, бұл клеткада барлық ерекшеліктері мен қайшылықтары бар.

Үшіншіден, капитализм тұсында жұмыс күші де тауар болып табылады. Тауар дегеніміз не? *Тауар* – бұл сату үшін арналған еңбек өнімі. Тауардың екі қасиеті бар:

- ол адамның белгілі бір қажетін қанағаттандырады;
- басқа тауарға айырбасталу қасиеті.

Басқаша айтқанда тауардың *тұтыну* құны және *айырбас* құны бар.

Тауардың *тұтыну* құны, оның адамға пайдалы болуында. Адамның белгілі бір қажетін қанағаттандырады. Өндірістің міндеті – тауардың тұтыну құндарын жасау.

Айырбас құны дегеніміз – бұл тауардың белгілі бір пропорцияда басқа тауарлармен айырбасталу қасиеті. Екі тауардың айырбасталуы олардың өзара бір-бірімен теңесуі деген сөз.

Тауарды өндіру үшін адамның еңбегі керек.

Еңбектің бірінші жағы – *нақты* еңбек. Нақты еңбек – белгілі бір пайдалы формада жұмсалатын еңбек, белгілі бір тұтыну құнын жасайды.

Еңбектің екінші жағы – *абстракты* еңбек. Абстракты еңбек дегеніміз жалпы адамның еңбегі, оның қоғамдық сипаты тауар айырбасы процесінде көрінеді.

Тауарлардың жалпы объективтік қасиеті – оларды өндіруге қоғамдық қажетті еңбектің жұмсалуды. Тұтыну құндары ретінде тауарлар әр түрлі болады да, ал қоғамдық қажетті еңбек нәтижесі ретінде олар біртектес болып келеді.

4.3. Құн теориясы мен шектелген пайдалылық теориясы

Маркстің еңбектің теориясының негізгі жағдайлары:

1) Маркстің көрсетуінше, құн дегеніміз – адамдар арасындағы айырбас процесінде болатын қоғамдық қатынас.

2) Құн дегеніміз – тауар өндірушілердің тек еңбегі ғана - абстракті еңбегінің іске асуы.

3) Тауардың құнының мөлшері, жеке емес, қоғамдық қажетті жұмыс уақытысымен анықталады.

Яғни, құн дегеніміз – тауар өндірушілер арасындағы қоғамдық-өндірістік қатынастарды көрсететін, тауардың қоғамдық қасиеті.

4) Әр түрлі тауар өндірушілер бір тауарды өндіруге әр мөлшерде уақыт жұмсайды. Қоғамдық құнның мөлшері ретінде жеке уақыт мөлшерімен белгілене алмайды. Тауардың құны дегеніміз – бұл өндіруге кеткен қоғамдық қажетті жұмыс уақытпен белгіленетін құн.

5) Тауар құнының мөлшері – оны өндіруге қоғамдық қажетті еңбек санымен белгіленеді және жұмыс уақытымен өлшенеді.

Қоғамдық қажетті жұмыс уақыты дегеніміз – белгілі бір тауарды өндіруге өндірістің қоғамдық қалыпты жағдайында және сол қоғамда еңбектің шеберлігімен интенсивтілігінің орта дәрежесі жағдайында жұмсалатын уақыт. Тауардың бір өлшемін өндіруге басқалардан аз жұмыс уақытын жұмсаған тауар өндіруші тиімді жағдайда болады.

Белгілі бір тауарды өндіруге ірі және ұсақ өнеркәсіптері әр түрлі уақыт жұмсайды, ал ол тауарды бірдей бағамен сатады. *Еңбек өнімділігі* жұмыс уақыты өлшемінде өндірілген өнім мөлшерімен белгіленеді. Еңбек өнімділігінің артуына байланысты тауар өлшемінің құны кемиді. *Еңбектің интенсивтілігі* дегеніміз – уақыт өлшемінде жұмсалған жұмысшы күші. Бір

уақыттың ішінде неғұрлым интенсивті еңбек интенсивтілігі кем еңбекке қарағанда көбірек құн жасайды.

Маркстің құн категориясының орнына *пайдалылық* пен *субъективті құндылық* категория қарсы қойылады. Бұл теорияны ғалымдар 19-20 ғасырдың арасында құрған. Құндылықты сирек игілікпен байланыстырады, яғни оның қорының мөлшерімен.

Пайдалылықтың 2 түрі болады:

- 1) Абстракты пайдалылық (жалпы пайдалылық);
- 2) Нақты пайдалылық (оның субъективті мөлшері).

Игіліктің құндылығы, оның соңғы данасының пайдалылығымен анықталады. Маркс теориясы бойынша құн өндірісте пайда болып, нарықта (базарда) көрінеді. Егер тауарды базарда біреу сатып алса, оның еңбек шығындарын біреу қоғамдық қажетті еңбек шығындары деп бағалағаны емес. Онда, сол тауар, сатыпалушыға қажет, пайдалы, құндылық қасиеті бар. Сатыпалушы бұл тауардың тұтыну құнын бағалайды. Яғни, құндылық субъективті категория. Құн, (құндылық) айырбас категория болғаны. Құндылық, ол сатыпалушының көзалдындағы бағалы нәрсе. Субъективті баға затқа құн (құндылық) береді. Әрбір сатыпалушы, қоғамдық қажетті еңбек шығындары болғанына емес, ұнағанын сатып алады. Мысалы, вокзал алаңындағы гүл шоғының, болмаса ұлы суретшінің суретінің құнын қалай анықтауға болады? Әрине, қоғамдық қажетті еңбек шығындары емес. Соңғы данасының пайдалылығы, ол *шектелген пайдалылық*. Тауардың бағалары субъективті бағаға тәуелді, және сол данасы пайдалылықпен анықталады.

Маршалл шектелген пайдалылық теориясын сұраныс пен ұсыныс теориясымен және өндіріс шығындары теориясымен қосты. Маркстің теориясында құнның қайнар көзі тек еңбек болып саналады. Маржинализмнің теориясында құнның қайнар көзі тек шектелген пайдалылық теориясы саналады. Маршаллдың теориясында құн мен бағаның анықтамасы, нарық күшінің өзара қатынасымен байланысты. Сұраныс жағынан – бұл шектелген пайдалылық, ал ұсыныс жағынан ол өндіріс шығындары. Маршаллдың тұжырымынша тауардың құны, оның пайдалылығымен және өндіріс шығындарымен анықталады.

4.4. Ақшаның мәні және қызметі. Ақша айналымының заңы

Ақша тауарлы-нарықтық шаруашылық тәжірибесінде пайда болады. Ол екі кезеңге бөлінеді:

- алтын стандарт болған тауарлы ақша кезеңі;
- қазіргі ақша кезеңі.

Алғашқыда барлық тауарлардың құнын өлшеуге мүмкіндік беретін жалпы белгілі эквивалент болмады. Тауар айырбасы жиі бола бастаған кезде, әрбір елде жергілікті өз эквиваленттері мал, тері және басқасы пайда болды. Сонымен, *ақша* ол тауар, ерекше тауар, барлық тауарға эквивалент.

Біртіндеп халықаралық саудада жалпыға белгілі эквиваленттер болып бағалы металдар – алтын мен күміс жүре бастады. Алтынға негізделген ақша жүйесі Ұлыбританияда 18 ғасырдың соңында орнатылды және 19 ғасырдың соңғы ширегінде Германия, Франция, Жапония және Ресейде кең таралды. 20 ғасырда алтын стандарт жойылды. Бұл ақшаның бұрыннан келе жатқан мәні, қызметі және түрлерінің өзгеруіне әкеледі.

Стандарт бойынша қиратпалы оқиға 1929-1933 жылдардағы экономикалық кризис әкелді. Ақшаның құнсыздануынан оларды алтынға айырбастау мүмкін емес болып кетті. Нәтижесінде 1931-1936 жылдары қағаз ақшаны алтынға айырбастау барлық елдерде тоқтатылды. Шамамен қырық жылдай алтын әлемдік ақша қызметін атқарды. Бірақ ол долларды қамтамасыз ету үшін азая бастады. 1971 жылы алтын стандарт толығымен өзгертілді.

Ақша дамуының мыңжылдық жолын және құнның бірнеше нысанынан өтті:

- қарапайым, кездейсоқ;
- толық, дамыған;
- жалпылама;
- ақшалай.

Құн нысаны эволюциясынан ақша өзінің табиғаты бойынша еңбек өнімі, тауар болып табылады, сондықтан басқа тауарлардың құнын білдіреді, барлық тауар құнының эквиваленті бола алатынын көруге болады. Айналымдағы ақша барлық тауарлардың құнын білдіру үшін қажет болатындай болуы керек.

Қазіргі кездегі қағаз ақша - үкіметке деген сенімге негізделген заңды ақша. Мемлекет олардың қарыз төлеу кезінде заңды төлем құралы екенін дәлелдейді. Қазіргі күнгі ақша келесі қызметтерді атқарады:

- құн өлшемі;
- айналым құралы;
- төлем құралы.

Қолдағы ақша 100%-ға өтімді. Оларға шапшаң түрде әр түрлі байлық сатып алуға болады. Жинақ банктеріндегі жедел салымдар мен бағалы қағаздар жойылымдығы әр түрлі болады. Мұнда барлық ақша массасын әр түрлі ақша агрегаттарына бөледі. Ақша агрегаттары – жойылу дәрежесі бойынша әр түрлі қарыздық міндеттемелерді біріктіретін қазіргі күнгі ақша қаражаты.

Ақша агрегатының үш түрі кең тараған, олар M1, M2, M3.

– M1 = қолдағы бар ақшалар плюс банктердегі көп емес, күнде алуға салуға болатын ақшалар;

– M2 = M1 плюс банктердегі мерзімдік салымдар, күнде алуға салуға болмайды;

– M3 = M2 плюс банктегі ірі ақшалар және мемлекеттік бағалы қағаздар.

Жойылу қаражаттарының агрегаттары көмегімен ақша айналысын мемлекеттік реттеу және инфляцияны тоқтату үшін маңызды мәнге ие.

Инфляция (көтерілу) – бұл ұлттық шаруашылықтың аса маңызды қажеттіліктерін айналым сферасын ақшамен толтыру. Инфляция жағдайында қағаз ақшалар: а) алтынға (алтын стандарты кезінде); б) тауарларға; в) шетел валюталарына қатысты құнсызданады. Бұның салдарынан бірінші жағдайда қағаз ақшалардағы алтынның нарық құны артады. Екінші жағдайда тауарлардың бағасы өседі. Үшінші жағдайда ұлттық валютаның шетелдік ақша бірлігіне қатысты баға төмендейді.

Инфляция ақша жүйесінің «ауруын» білдіреді. Ол шаруашылық сфераны күйретеді, алыпсатарлықты күшейтеді, тұрғын халықтың өмір сүру деңгейінің төмендеуіне алып келеді. Сондықтан мемлекет инфляциямен күрес шараларын жүргізуі керек.

Баға деңгейінің ақша массасына тәуелділігі келесідей формуламен белгіленеді және И. Фишер формуласы деп аталады:

$$M \times V = P \times Q$$

мұндағы M – ақша массасы;

V – ақша айналымының жылдамдығы;

P – тауар бағасы;

Q – нарықта ұсынылған тауар саны.

Осыдан, $M = (P \times Q) : V$.

Бұл теңдеу айналымға қажет ақша санын анықтауға мүмкіндік береді, тауар бағасының сомасы мен айналымдағы ақша массасы арасындағы сандық тәуелділікті көрсетуге, инфляция құбылысын тауарлар бағасының артуымен ілесе жүретін ақшаның құндансыздануы ретінде түсіндіруге мүмкіндік береді.

4.5. Нарықтық шаруашылық тауар өндірісінің дамуы жоғары сатысы ретінде. Нарықтың сипатты белгілері

Біздің елімізде бизнес жүйесінің құрылуын қалыптастыру үшін, олардың экономикалық тәуелсіздігін қамтамасыз ету керек. Бұл тек нарықтық экономика бар жағдайда ғана болуы мүмкін.

«Нарықтық экономиканың» құраушы кілттік элементі болып нарық табылады. Нарықтың ең қарапайым анықтамасы мынадай, нарық сұраныс пен ұсыныстың қосындысы. Нарық туралы басқа анықтама келтірейік. Нарық - бұл адамдар арасындағы қоғамдық байланыстардың формасы, яғни тауарларды екі жақты сату-сатып алудан құралады. Сұраныс пен ұсыныстың қосындысы берілген анықтамада дараланып тұр, сондықтан нарықты экономикалық қатынастар сферасы ретінде қарастыруға мүмкіндік берді.

Енді, келесілерді атап өтеміз.

Біріншіден, нарық – бұл экономикалық субъектілердің арасындағы қатынастар сферасы.

Екіншіден, нарық - бұл нарықтық экономиканың элементі ғана болып табылады, оған қосымша жататындар тауардың

өндіріс сферасы, бөлу, тұтыну және экономиканы программалау мен реттеу.

Нарық белгілеріне сипаттама береміз:

Біріншіден, қазіргі замандағы нарық *тұтынушы нарығы* болып табылады. Нарықтың мұндай жағдайы сатушыларға қарағанда өнімді тұтынушылардың басымдылық жағдайын анықтайды, яғни “*тұтынушылар диктаты*” – “өндірушілер диктатына” қарама-қарсы.

Нарықтың *екінші* міндетті белгісі болып оның бәсекелестік сипаты табылады. Бұл дегеніміз бизнес жүйесінде әрбір субъект басқа барлық субъектілерге бәсекелес ретінде бола алады.

Қазіргі заманғы нарықтың *үшінші* белгісі – интеграция (қосылу) негізінде субъектілер арасындағы қатынастарды тұрақтандыру. Бұл субъектілердің іскерлік қатынастарда экономиканы монополизациялауға қарсы іс-әрекетке мүдделі екенін білдіреді, олардың мүддесі экономиканы монополизациялаумен емес, интеграциясымен (қосылуымен) байланысты.

Нарықтық жүйе, жекеменшіктің үстемділігімен, еңбектің қоғамдық бөлінуімен, ақшаның көмегімен жүргізілетін айырбастық қатынастың кеңірек дамуымен сипатталады.

Нарық жүйесі аралас меншікпен, алға басқан технологиямен, мемлекеттің қатынасуымен негізінде дамиды. Кәсіпкерлік тірліктің ынталандырушы ретінде үлкен пайда алу, шығындарды төмендету болып табылады.

Қайталауға арналған сұрақтар

1. Натуралды шаруашылықтың негізгі белгілері
2. Тауарлы шаруашылықтың негізгі белгілері
3. Тауарлы шаруашылықтың пайда болу шарттары және тарихи модельдері
4. Тауар және оның қасиеттері
5. Құн заңының қызметтері
6. Айырбас қатынасының дамуы және ақшаның пайда болуы
7. Еңбек құн теориясы
8. Шектеулі пайдалылық теориясы
9. Ақшаның мәні мен қызметтері қандай

10. Қазіргі ақшаның ерекшеліктері
11. Айналымдағы ақша мөлшері. И.Фишер теңдеуі
12. Бір ақша агрегатының екіншіден айырмашылығын неде екенін түсінгеніңізді дәлелдеңіз
13. Инфляция табиғатын сипаттаңыз? Инфляция кезінде қай теңдік бұзылады
14. Тауарлы шаруашылық категорияларын зерттеудің марксистік және маржиналистік әдістері

Жаңа терминдер мен ұғымдар

Натуралды шаруашылық
Тауарлы шаруашылық
Қоғамдық еңбек бөлінісі
Тауар
Тұтыну құны
Айырбас құны
Құн
Құн заңы
Қоғамға қажетті еңбек шығындары
Еңбек өнімділігі
Еңбек интенсивтілігі
Пайдалылық – (полезность)
Шекті пайдалылықтың азаю заңы
Ақша
Ақша агрегаты
И. Фишер теңдеуі
Нарық

Тест сұрақтары

1) Тауар – ол:

- A) салық түріндегі байларға (помещикке) тиесілі бидай;
- B) баласына сый түріндегі автомобиль;
- C) өзендегі су;
- D) сату үшін жасалған еңбек өнімі;
- E) отбасына арналған үйдің құрылысы.

2) Тауардың тұтыну құны, ол:

- A) тауар өндірісіне кеткен еңбек мөлшері;
- B) тауарды жасауға жұмсалған материалдың мөлшері;
- C) тауардың басқа тауарға айырбасталу қасиеті;
- D) адамның бір қажеттілігін қанағаттандыру мүмкіншілігі;
- E) жалпылама еңбек.

3) Тауардың айырбас құны не болады:

- A) баға;
- B) басқа тауарларға белгілі көлемде айырбасталуы;
- C) сиректік;
- D) құндылық;
- E) сұраныс.

4) Тауардың құны, ол:

- A) тауар өндірісіне жұмсалған еңбек;
- B) тауардың қажеттілігі;
- C) басқа тауарларға айырбасталуы;
- D) тауардың тапшылығы;
- E) адам қажеттілігіне жарамдылығы.

5) Қоғамға қажетті жұмыс уақыты деген:

- A) еңбектің қарқыны;
- B) бір өнім данасына жұмсалған уақыт мөлшері;
- C) әрбір жеке жұмыскердің тауарға жұмсалған еңбек мөлшері;
- D) тауар өндірісіне жұмсалған жиынтық еңбек шығыны;
- E) қоғамда қалыптасқан өндіріс жағдайында тауарға жұмсалатын уақыт мөлшері.

6) Ақша экономикалық категория ретінде – бұл:

- A) жалпылама эквивалент қызметін атқаратын тауар;
- B) басқа тауарға қарай құнын анықтайтын тауар;
- C) алтын мен құнын анықтайтын тауар;
- D) алтын және күміс;
- E) тауар айырбасына қызмет атқаратын құрал.

7) М1, М2, М3 ақша агрегаттарының бөліну негізіне жатады:

- А) олардың өтімділігі;
- В) олардың айналыстағы жылдамдығы;
- С) инфляцияға ұрыну дәрежесі;
- Д) атқаратын қызметтеріне қарай;
- Е) жинақтау құралы ретінде.

8) Нарықтағы “Көрінбейтін қол” терминнің авторы:

- А) Д. Рикардо;
- В) Ж.Б. Сэй;
- С) А. Смит;
- Д) К. Маркс;
- Е) А. Маршалл.

9) Бағалық дискриминация дегеніміз – бұл:

- А) біркелкі өнімдерді әрбір сатып алушыға әртүрлі бағамен сату;
- В) жалақыда жынысы мен ұлтына қарай айырмашылықтар болуы;
- С) тұтыну тауарларына жоғары баға қойып, еңбекшілерді қанау;
- Д) жоғары сапалы тауарлардың бағасын көтеру;
- Е) төменгі сапалы тауарлардың бағасын төмендету.

10) Нарық инфрақұрылымдарының элементтері болады:

- А) тауар және қор биржалары, еңбек биржасы, сауда үйлері;
- В) әкімшілік, соттар, прокуратура;
- С) зауыт пен фабрикалар;
- Д) өндірістің материалдық жағдайлары;
- Е) адамның өмір сүру жағдайы.

Тест сұрақтарының дұрыс жауаптары: 1D, 2D, 3B, 4A, 5E, 6A, 7A, 8C, 9A, 10A.

5. СҰРАНЫС ПЕН ҰСЫНЫС ТЕОРИЯСЫНЫҢ НЕГІЗДЕРІ


5.1. Сұраныс заңы, сұраныс қисығы.

Сұранысқа бағадан басқа әсер ететін факторлар

Сұраныс – бұл ақшамен қамтамасыз етілген тұтынушылық. *Сұраныс заңы* ол, баға және сатып алынатын тауарлардың арасындағы кері тәуелділікті көрсетеді. *Егер тауардың бағасы өссе, онда сұраныс көлемінің азаюына әкеледі. Және керісінше, егер баға төмендесе, онда сол тауардың сату көлемі көбейеді.*

Бұндай тәуелділіктер туатыны, тауардың тапшылығы пайда болғандықтан және баға өсе бастағандықтан. Немесе нарықта артық тауарлар болғанда, ал оларды сату мүмкіндігі тек бағаның төмендеген жағдайында болады.

Сұраныс заңы тағы басқа маңызды кезенді көрсетеді – ол, сұранысының қанағаттанған салдарында болатын тұтынушылық, біртіндеп сұраныстың төмендеуі. Сұраныстың азаюы болатын себебі, ол, біртіндеп сатып алынатын тауар, тұтынушыға аздаған қанағаттандырушылық әкеледі. Бұл жағдайда сұраныс заңы экономикалық игіліктің шектелген пайдалылығы азаюының заңның әрекетімен кездеседі. Әрбір қосымша тауардың бірлігін тек оларды төменгі бағамен сату мүмкіндігінде ғана болады. Тұтынушылар сол тауарды тек бағасы төмендегенде ғана қосымша сатып алады. Тауардың бағасы және оның сатылу санының арасындағы кері тәуелділікті сұраныс қисығымен көрсетуге болады.



1.5-сурет. Сұраныс қисығы

Сұраныс қисығы теріс еңкіште болады, себебі ол екі ауыспалының - баға және тауардың сатылу көлемінің санының арасындағы кері сызықтық тәуелділікті бейнелейді (суреттейді), тағы да оның бағасының төмендеуімен түсіндірілетін, осы тауардың әрбір қосымша сатылуының төмендетілген шектелген пайдалылығымен байқалады.

А және В әрбір нүктесі екі белгілі мағынасына сәйкес: баға және сатылу көлемі. D қисығы өзгермейді, оның сол немесе басқа жаққа қозғалуы болған жоқ. Бұл дегеніміз, сұраныс өзгермеді. Ол орында қалды. Бағаның өзгеруі тек тауардың сатылу көлемін өзгертті, ал сұранысы өзгерген жоқ.

Сұранысқа бағадан басқа әсер ететін факторлар болады. Сол кезде сұраныс қисығы «жоғары» немесе «төмен» орнынан жылжиды.

1. *Тұтынушылардың талғамының өзгеруі.* Мысалы, егер салауатты өмір жүргізсе, онда табак, алкоголь өнімдеріне сұраныс төмендейді, ал велосипед және туристік жабдықтарға сұраныс өседі.

2. *Сатып алушылардың санының өзгеруі.* Мысалы, бала туудың қысқаруы, балалар тауарына сұранысты төмендетуге әкеледі, ал адам өмірінің ұзаруы медициналық қызметке сұраныстың көбеюіне әкеледі.

3. *Тұтынушылар табысының өзгеруі.* Жоғарғы категориядағы тауарлар бар, оларды тағы да «дұрыс» тауарлар дейді және төменгі категориядағы тауарлар – оларды Гиффен тауарлары дейді. Мысалы, егер табыс өссе, онда адамдар өте жұғымды тағамдарды тұтынады: көп ет және сүт өнімдері, төменгі категориялы тауарларды аз тұтынады: нан және картоп. Тауарларға бағаның төмендеуіне қарай нақты табыс бар көбеюі мүмкін. Мысалы, ақшалай табыс 200 ақшалай бірлік, тауардың бағасы 10 ақшалай бірлік, онда тауардың 20 бірлігін сатып алуға болады. Егер тауардың бағасы 5 ақшалай бірлікке дейін төмендесе, онда өткендегі 20 бірлікті 100 ақшалай бірлікке сатып алуға болады. Ал қалған 100 ақшалай бірлікке қосымша сондай тауарлар сатып алуға болады. Нақты табыстың мұндай көбеюін және тұтынушылар сұранысының тауардың бағасының төмендеуінен өсуін *табыстың тиімділігі* деп атайды.

4. Қос тауарларға бағаның өзгеруі. Қос деп тауарлардың келесі екі түрін айтады:

Өзара айырбастайтын тауарлар – бұл сол және сондай қажеттілікті қанағаттандыратын тауарлардың тобы (шәй және кофе, май және маргарин, әуе және теміржол тасылымдары). Бұнда бірінші тауардың бағасы мен екінші айырбастайтын тауардың сұранысына тікелей байланыс бар. Мысалы, сиыр етіне бағаның төмендеуі, құс етіне сұранысты төмендетеді. Бұнда *орын басу тиімділігі* деп аталатын құбылыс әрекет жасай бастайды. Сиыр етінің арзандауы оны өте тартымды жасайды және тұтынушылар онымен басқа қос өнімдерге ауыстырады.


Өзара толықтырушы тауарлар – бұл, бір-бірінен «айырылмайтын» тауарлар, оларға сұраныс бір уақытта болады. Бұлар фотоаппарат пен фотопенка, автомобиль мен бензин, т.б. Мұнда бір тауардың бағасы мен келесісіне сұранысының арасында кері байланыс бар. 5. *Халықтың сол тауарды тұтынушылығындағы қанағаттандырушылық деңгейі: ол жоғарылаған сайын, оған сәйкес сұраныс төмендейді.* Осыған байланысты, *шектелген пайдалылықтың азаюы* деп аталатын заңға тұтынушылық бағынады. Заттың пайдалылығы – бұл адамның бірден бір қажеттілігін қанағаттандыру қабілеттілігі. *Шектелген пайдалылық* – бұл, тұтынушының сол тауардың әрбір жәңасын сатып алудағы қанағаттанушылық. *Шектелген пайдалылықтың азаюы заңы, әрбір келесі, немесе сол басқа өнімнің пайдалылығының төмендейтінін көрсетеді.* Тұтынушыға сол тауардың сатып алуын көбейту үшін оның бағасын төмендету керек. Мысалы, бір бөлмедегі телевизор және басқа бөлмелерге телевизор алуы.

5.2. Ұсыныс заңы, ұсыныс қисығы.

Ұсынысқа, бағадан басқа әсер ететін факторлар

Нарықтағы ұсыныс, өндірілетін және сатуға ұсынылатын тауарлардың бағасы мен көлемінің арасындағы тікелей тәуелділікті көрсетеді. *Ұсыныс заңы, егер баға жоғарыласа, онда сол нарыққа сатуға көп тауарлар түседі. Және керісінше, егер тауардың бағасы төмендесе, осы тауарлардың өндірісі*

және нарықта сол тауарға ұсыныс қысқарады. Бұндағы алдыңғы негізгі фактор – баға, ол өнім өндіруші үшін белгі береді. Суретте көрсетілгендей тауардың ұсынысы нәтижелі еңкею қисығын көрсетеді, тауардың бағасы және оның нарықтағы сату көлемін бейнелейді.



1.6-сурет. Ұсыныс қисығы

Ұсыныс қисығын ұсыныс заңының өзі бейнелейді. Ұсыныс заңы бойынша, тауардың бағасы жоғарылаған сайын, нарыққа олардың көп саны түсуі керек. Тауардың көлемі мен тауардың саны түсінігі, «тауардың ұсынысы» түсінігімен бірдей.

Баға өзгермеген жағдайда ұсыныс қисығы «жоғары» немесе «төмен» жаққа мынадай жағдайларда өзгереді:

1. *Ресурстарға бағаның өзгеруі.* Тұқым және тыңайтқыш бағасының төмендеуі бидай өндірісін арзан жасайды және бидайға ұсыныс өседі.

2. *Технологияның өзгеруі.*

3. *Салықтар және субсидияның өзгеруі.*

4. *Басқа тауарға бағаның өзгеруі.* Қаракұмық бағасының төмендеуі, фермерлерге жүгері өндіруді оятуы мүмкін, онда жүгеріге ұсыныс өседі.


5. *Ауа райы жағдайы.* Ауа райының жайлы болуы, өте көп жоғары өнім жинап алғызады және өнімдерге ұсыныс көбейеді.

6. *Өндірушілер санының өзгеруі.* Елдердегі көп және одан да көп кіші наубайхананың көбеюі, нан, тоқаш заттардың

эртүрлі ұсынысын жасайды да, көбейтеді. Сонымен, жоғарғы көрсетілген факторлардың бәрі сол тауардың өндіріс шығындарына әсерін тигізеді, олардың бәрі сол тауардың нарықтағы ұсынысының өзгеруіне шешуші әсерін тигізеді.

5.3. Сұраныс және ұсыныстың өзара әрекеті. Тепе-теңділік баға

Нарықтағы тепе-теңділік баға – бұл, артық немесе тапшылығы жоқ тауардың нарықтағы бағасы. Сұраныс және ұсыныс қисығынан қиылысқаны Е нүктесі ординат өсіндегі тауар бағасының белгілі деңгейіне және абсцисс өсіндегі тауардың белгілі санына сәйкес. Тауарлардың әрбір артықтығы бағаны Е тепе-теңділік нүктесіне төмен қарай итереді. Әрбір тауарлық тапшылық бағаны сұраныс және ұсыныс тепе-теңдігінде Е нүктесіне, жоғары итереді. Қорыта келгенде тепе-теңділік баға орнатылады. Нарықта Q_e тауарлары P_e -мен сатылады. *Нарықтық тепе-теңділікті уақыттың белгілі бір моментінде ғана қарауға болады. Бұл, қашан $Q_s=Q_d$ жағдайында болады.*



1.7-сурет. Нарықтағы тепе-теңдік

Тепе-теңділік – әрбір бәсекелес нарық үшін заңдылық. Тепе-теңділік арқылы әрбір тауар нарығында экономикалық жүйені толығымен қолдау табады.

5.4. Икемділік түсінігі.

Сұраныстың табыс және баға бойынша икемділігі


Сұраныстың бағалық икемділігінің өлшемі, бағаның 1% өзгерту салдарынан тауарлардың сатылу көлемі қанша пайызға өзгергенін анықтау үшін жүргізіледі.

$$\text{Баға бойынша сатылу икемділігі} = \frac{\text{сатылу көлемінің өзгеруі, \%}}{\text{бағаның өзгеруі, \%}}$$


Сұраныстың бағалық икемділігінің үш әртүрлі варианттары бар:

- сұраныс икемді, қашан баға аздап өзгерсе, сатылу көлемі едәуір өзгереді;
- сұраныс икемсіз, егер, баға әжептеуір өзгерсе сатылу көлемі аздап өзгереді;
- сұраныс бірыңғай икемді, егер баға 1% өзгерсе, тауар сатылуының 1% өзгерісіне әкеледі;


Сұраныстың бағалық икемділігінің үш әртүрлі суретін көрсетейік:



1.8-сурет. Сұраныс икемді



1.9-сурет. Сұраныс икемсіз



1.10-сурет. Сұраныс бірыңғай икемді

Икемділіктің әрбір вариантына өз коэффициенті сәйкес:

K икемді > 1

K икемсіз < 1

K бірыңғай икемді $= 1$

Табыс бойынша икемділік: ол тауар сұранысының тұтынушылар табысының өзгеруіне ықпалы деңгейін өлшейді,

сұраныстың өзгеру пайызының табыстың өзгеру пайызына қатынасы. Мысалы, егер табыс 8%-ға өссе, ал автомобильге сұраныс 24%-ға көбейсе, онда бұл тауарға табыс бойынша сұраныстың икемділігі 3-ке тең (сұраныс өсуі табыстың өсуінен үш есе асып отыр).

Тауарлардың *жоғарғы категориясына* сұраныс табыс сияқты осы бағытта өзгереді: табыс жоғарыласа сұраныс та жоғарылайды. *Төменгі категориялық* тауарлар бойынша (нан, картоп, маргарин, автобилеттер) табыстың және сұраныстың өзгеруі кері бағытта болуы мүмкін. Табыс бойынша сұраныстың икемділігін білу экономиканың әртүрлі салаларындағы дамудың бағдарын анықтауға мүмкіндік береді: Салалардың біреуінің кеңеюі басқасының қысқаруына әкеледі.

Икемділік түсінігі тауарлардың ұсынысына да қолданбалы. Бұнда келесі жағдайлар орын алады: ұсыныс икемді, ұсыныс икемсіз, ұсыныс бірыңғай икемді.

Ұсыныс икемді болғанда тауарлар бағасының 1%-ға көбеюі сатылатын тауарлардың көлемінің ұсынысы 1%-дан едәуір көп болады. Бұнда икемділік коэффициенті бірден көп болады. Икемсіз ұсыныс кезінде бағаның жоғарылауы ұсыныс көлемінің көбеюіне әсерін көп тигізе қоймайды. Бұнда икемділік коэффициенті бірден аз болады. Ұсыныс икемділігі мына факторлардан тәуелді болады:

- өндірістік қуаттардың нақты резервтерінен;
- тауар қорларының деңгейінен;
- өндірушілер бағаның өзгеруін сезіну үшін қажетті уақыт мөлшерінен.

Бос қуаттар, қорлар және уақыт көп болса, соғұрым бағаның жоғарылауын ынталандыратын ұсыныстың көбеюінің мүмкіндігі көп.

5.5. Тұтынушылар тәртібі

Тұтынушылар тәртібінің таңдауы теориясы негіздерін қазіргі варианттағы шектеулі пайдалылық категориясының көрінісі құрады.

Пайдалылықты анықтауда негізгі екі ықпалды атап өту керек:

1. Тұтынушылар таңдауы жағдайында шектеулі пайдалылықтың жалпы өлшемі қажет емес (кардинализм), яғни пайдалылықтың сандық ықпалы. Бұнда тұтынушылар таңдауы туралы болып отыр (сандық теориясы).


2. Негізіне қатынастық өлшем бірлестігі қойылған (ординализм), яғни сандық тәртіп.

Тұтынушылар тәртібі – бұл әртүрлі тауарлар мен қызметтерге тұтынушылар сұранысын құрайтын процесс. Тұтынушылар тәртібі адамдардың табыстарымен белгіленген, оны олар максималды пайдалы және олжалы сатып алынатын игіліктерге бөледі. Тұтынушылар ретінде адамдардың экономикалық тәртібіне өз заңдылықтары тиісті, олар өнім шығаруда, өндіріс көлемін құруда маңызды болып табылады.

Талғаусыздық қисығы.

Бюджеттік шектелу, тұтынушылық немесе өзіндік бюджет – бұл тұтынушының ақшалай табысы, бұл мөлшерде тауарлар мен қызметтерге сұраныс болуы мүмкін. Суретте, тамақтар және киімдер тауарлары бөлігінің арасындағы тұтынушылар таңдауының баламасы көрсетілген. Тұтынушылар бюджетінің қисығы КМ қисығымен көрсетілген. Талғаусыздық қисығы А,В,С нүкте сызықпен көрсетілген. Е нүктесі тұтынушыдағы тепе-теңділікті көрсетеді. Бұндағы талғаусыздық қисығы С шектеулі бюджеттің сызығымен түйіседі. Сатыпалушылар үшін, екі өнімдерді пайдаланғанда максималды пайдалылық Е нүктесінде болады. Талғаусыздық қисығы, тұтыну жағдайында бірдей жиынтық пайдалылығы бар, тұтынылатын тамақтар мен киімдердің барлық комбинациясын көрсетеді.

Тұтынушылар тәртібінің ережесі. Тұтынушылар тәртібінің теориясында тепе-теңділік Е нүктесі, бұл өзінің жеке бюджетіне алынатын тауарлардың пайдалылығының максимум жететін нүкте. Пайдалылық максимизациясының ережесі келесі түрде көрінеді:



1.11-сурет. Талғаусыздық қисығы

$$\frac{\text{Шектелген пайдалылықтың } X \text{ жиыны}}{X \text{ жиынының бағасына}} = \frac{\text{Шектелген пайдалылықтың } Y \text{ жиыны}}{Y \text{ жиынының бағасына}} =$$

= өзіндік бюджеттік табыстың ақшалай шығындарының бірлігіне келетін шектелген орта пайдалылыққа.

Бұл ережемен тек ақшаны жұмсағанда ғана емес, уақыт бюджетін, басқа да бағалы бағыттарда да пайдалануға болады. Бұнда әр уақытта бір есеп шешіледі – ол шектелген ресурстардың пайдаланылуының альтернативті варианттарының арасындағы бөлінуі.

Қайталауға арналған сұрақтар

1. Нарықтық тепе-теңділік бағаға анықтама беріңіз? Тепе-теңділік бағаны орнатуда тауарлар санымен бағаның арасындағы тікелей және кері сызықтық тәуелділік қандай рөл атқарады?

2. Инфляциялық жағдайда барлық тауарларға баға тез өседі. Инфляция кезінде сұраныстың өсу орыны бола ма? Тауарлардың ұсынысы мен өндірістің ұлғаюын инфляциялық баға ынталандыра ма?

3. Икемді және икемсіз сұраныс кезінде тауар сатудан алынатын ақшалай түсім қалай ауысады. Ұсыныстың икемділігі

мен өндіріс шығындары деңгейінің арасында өзара байланыс бар ма?

4. Нарықтық механизмге араласудағы бағаның құрылуы, сатуды салықтандыру және нарықтық тепе-теңдіктен төмен еріксіз баға орнату сияқты тәсілдерінің айырмашылығы неде?

5. Тауарлардың бағасының деңгейіне рәкет, шенеуніктерге пара беру және мемлекеттік салықтандыру сияқты факторлардың әсері қандай? Осылардың әсерін графиктің көмегімен көрсете аласыз ба?

6. Неге талондар, купондар, бөлудің карточкалық жүйесі тауар нарығындағы зәрушілікті жоюға қабілеті жоқ?

Жаңа терминдер мен ұғымдар

Сұраныс

Ұсыныс

Нарықтық тепе-теңділік

Икемділік

Икемді

Икемсіз

Бірыңғай икемді

Тұтынушылық тәртіп

Тұтынушылық немесе өзіндік бюджет

Талғаусыздық қисығы

Тест сұрақтары

1) Сұраныс заңы бойынша:

- A) ұсыныстың сұраныстан асуы, бағаның төмендеуіне әкеледі;
- B) тұтынушылардың табысы өссе, олар көп тауарлар сатып алады;
- C) сұраныс қисығы оң еңісте болады;
- D) тауардың бағасы төмендесе сатып алу көлемі өседі;
- E) сұраныс қисығы тіке сызықта болады.

2) Тауар мен қызмет нарығы, тепе-теңдік қалыпта тұрады, егер:

- A) сұраныс ұсынысқа тең;
- B) баға, шығын мен пайдаға тең;
- C) технология деңгейі бір қалыпта өзгерсе;
- D) ұсыныс мөлшері сұраныс мөлшеріне тең болса;
- E) тұтынушының табыстары өссе.

3) Егер өнім ұсынысы артық болса, онда оның бағасы:

- A) тепе-теңдік дейгейінен төмен;
- B) жақын болашақта өседі;
- C) тепе-теңдікте болады;
- D) тепе-теңдік дейгейінен жоғары;
- E) ынталандырушы болады.

4) Екі тауар бір-бірін алмастыратын болса, онда бірінші тауар бағасының өсуі, былай әсер етеді:

- A) екінші тауарға сұраныстың өсуі;
- B) екінші тауарға сұраныстың төмендеуі;
- C) екінші тауарға сұраныс көлемінің өсуі;
- D) екінші тауарға сұраныс көлемінің кемуі;
- E) екінші тауарға әсер етпейді.

5) Тауар бағасы бір пайызға қысқарса, ол сұраныс көлемінің ұлғаюын екі пайызға жеткізсе, онда бұл сұраныс:

- A) икемсіз;
- B) икемді;
- C) бірыңғай икемді;
- D) жалпы икемсіз;
- E) жалпы икемді.

6) Сұраныстың баға икемділігінің коэффициенті тең:

- A) баға төмендеуінің сұраныс көлемінің өсуінің қатынасына;
- B) жалпы табыстар өзгерісі (%-бен) сұраныс көлемі өсуіне (%-бен) қатынасына;
- C) жалпы табыстар азаю (%-бен) бағалар өсуі (%-бен) қатынасына;

D) сұраныс көлемі өзгерісі (%-бен) бағалардың өзгеру (%-бен) қатынасына;

E) баға төмендеуінің ұсыныс көлемінің өсуінің қатынасына.

7) Нарықтың негізгі үш элементі:

A) баға, сұраныс және ұсыныс;

B) баға, сапа және бәсеке;

C) сапа, пайдалылық, қажеттілігі;

D) сапа, саны, баға;

E) сапа, сұраныс және ұсыныс.

8) Өзара толықтырытын тауарлар:

A) автомашина мен бензин;

B) шәй мен кофе;

C) қой еті мен құс еті;

D) қара нан мен киім;

E) сыра мен квас.

9) Ұсыныс қисығы төмендегі тұжырымдарды көрсетеді:

A) баға мен ұсыныс көлемі арасындағы тура тәуелділікті;

B) баға мен ұсыныс көлемі арасындағы оң байланысты;

C) баға мен ұсыныс көлемі арасындағы кері тәуекелділікті;

D) нарықтағы сату көлемінің серпінін;

E) нарықтағы бағалар өзгерісінің серпіні.

Тест сұрақтарының дұрыс жауаптары – 1B, 2D 3D, 4A, 5B, 6D, 7A, 8A, 9A.

6. ЖЕКЕ-ДАРА ҰДАЙЫ ӨНДІРІС ТЕОРИЯСЫНЫҢ НЕГІЗДЕРІ

6.1. Кәсіпорын экономиканың негізгі звеносы және оның түрлері

Әлемдік тәжірибеде кәсіпкерлік қызметтің әртүрлі ұйымдастырушылық-құқықтық формалары пайдаланылады. Әдетте кәсіпкерлік ұйымның үш түрін ажыратады: бірыңғай ие болу, серіктестік, акционерлік қоғам.

Меншік формалары және типтерімен бизнестің белгілі ұйымдастыру формалары да байланысты. Осыған байланысты іскерлік кәсіпорындардың келесі түрлерін атауға болады: жеке кәсіпорындар, серіктестіктер және акционерлік қоғамдар мен унитарлық кәсіпорындар.

1. *Жеке кәсіпорындар* – бұл бір немесе бір жанұяның бизнесі. Мұндай кәсіпорындар тиімді жұмысқа жоғары ынтасымен, үлкен еркін іс-әрекеттерімен, икемділігімен айрықшалаанады. Ол сауда, фермалық және қызмет көрсету салаларында кең қолданылады. Жеке бизнестің кемшілігі болып қаржы тапшылығы және жоғары тәуекел болып табылады, себебі мұнда іскерге шексіз жауапкершілік жүктелген. Осыған байланысты бизнесте экономикалық жауапкершіліктің екі принципі белгіленген: а) шексіз жауапкершілік принципі, мұнда кәсіпкерлер толығымен фирма қарызы мен шығындары жауап береді, және б) шекті жауапкершілік принципі (Лтд принципі), мұнда компания қатысушыларының жауапкершілігі олардың салған салымдарына қарай шектеледі (банкротқа ұшыраған жағдайда әркім өзіне тиесілі салымды жоғалтады).

2. *Серіктестік (жолдастық)* – бұл екі немесе одан да көп меншік иелерінің бірлескен бизнес үшін үлесін қосқан кәсіпорын. Мұндай кәсіпорындардың қаржылық мүмкіндіктері үлкен, тәуекелі аз, икемділігі де төмен болады. Экономикалық жауапкершілігіне келсек, олар келесідей түрде болады: а) толық серіктестіктер – жауапкершілігі шектелмеген, б) аралас немесе сенімге негізделген (командитті) серіктестік, в) жауапкершілігі шектеулі қоғамдар. Серіктес кәсіпорындардың қолданылу

сфералары – ауылшаруашылығы, сауда және қоғамдық тағамдану, қызмет көрсетулері (заңгерлер, дәрігерлер, бухгалтерлер, оқытушылар) және құрылыс.

Серіктестік жеке кәсіпкерлік фирманың көптеген құндылықтарымен (негізінен, оларды ұйымдастыру оңай және оларды басқару күрделі емес) ортақтасады. Сол уақытта олар жеке кәсіпкерлік фирмаға қарағанда бірқатар артықшылықтарға ие. Мұнда еңбек бөлінісін және өндіріс және басқаруда мамандануды көп мөлшерде қолдануға болады, қызметтің бастамасы мен жалғасы үшін қаржылық кедергілерді еңсеру оңайырақ.

Жеке кәсіпкерлік фирма секілді серіктестіктің бірқатар кемшіліктері (қаржылық құралдардың тапшылығы, шектелмеген жауапкершілік және т.б.) бар. Оларға, алайда, жаңа кемшіліктер қосылады. Олардың бастылары функциялардың бөлінуі (оның нәтижесінде әрекеттердің сәйкессіздігі және мүдделердің үйлеспеуі туындауы мүмкін) және серіктестіктің әлеуетті құлдырау қаупі (туындайтын қайшылықтар немесе серіктерінің бірін істен шығару нәтижесінде) болып табылады.

3. *Акционерлік қоғам (АҚ) немесе корпорация* – бұл акцияларды сату арқылы көптеген жеке капиталдардың бірігу жолымен құрылған ірі кәсіпорын. Ол жіктеледі 1) акцияларын тек өзінің құрылтайшыларына сата алатын жабық АҚ және 2) акцияларын еркін сата алатын немесе сатып алатын ашық АҚ.

Акционерлік қоғамдардың бірнеше артықшылықтары бар:

- олар ірі кәсіпкерлік жобаларды жүзеге асыра алады, ресурстарды әртүрлі шаруашылық сфераларға тиімді пайдалана отырып, тез тарата алады;

- өз кәсіпорынының акцияларын сатып ала отырып, жұмысшылары барлық фирманың жандануына байланысты материалдық және басқару мүдделеріне қатыса алады;

- АҚ көп адамдар үшін еркін капиталдарды салудың пайдалы сферасы болып табылады, сонымен бірге ол жауапкершілігі шектеулі болады.

4. *Унитарлық кәсіпорын* – бұл мемлекеттік немесе муниципалдық кәсіпорын, бөлінбейтін мүлігі қоғамдық меншік болып табылады (яғни мемлекет немесе муниципалитет меншігі). Осылайша, өз шаруашылық қызметін унитарлық

кәсіпорындар өздеріне бекітілген өндірістік қорларды оперативті пайдалану негізінде жүргізеді. Ал олардың жауапкершілігі осы қорлардың шегімен шектеледі.

Акциялар мен облигациялар

Ірі бизнесте көп кездесетін ұйымдардың формалары акционерлік қоғамдар болып табылады. Оларды құру мен дамыту акциялардың сатылуы мен шығарылуын (эмиссиясын) көздейді. *Акция* – оның ұстаушысы бар екенін куәландыратын бағалы қағаз: 1) берілген АҚ капиталына белгіленген сомда салынған ақша, 2) осы капиталдың иесі болып табылады, 3) АҚ-ның пайдасының бір бөлігін (дивиденд) алуға құқығы бар. Акциялардың әртүрлі белгілері бойынша түрлері көп болады. Шығарылу формасы және сертификаты бойынша акцияларды атаулы (*сертификат*) деп атайды. Осыған қарама-қарсы қолма-қол емес акциялар қағаз емес формада болады – АҚ-ның есепке алу жазбаларында немесе ЭВМ жадысында болады.

Акциялар жай және артықшылығы бар болып бөлінеді. Осы түрлерінің әрқайсысының өзінше «артықшылығы» мен «кемшілігі» бар. *Қарапайым* (жай) акциялар а) дауыс беруге және қоғамды басқаруға қатысуға құқық береді, б) көп дивидендтер әкеледі (алынған пайдадан пропорционалды түрде), в) оларды төлеуді кейінге қалдыру мүмкіндігі болады. *Артықшылығы* бар акциялар көп кепілдік береді: дивидендтер тұрақты төленіп отырады. Дегенмен, олардың мөлшері тіркеліп отырады, бұл табыстың аздығын білдіреді. Бұл акциялар дауыс беру құқығын бермейді.

Осы акциялармен қатар АҚ облигациялар да шығарады. *Облигация* – ұзақ мерзімді міндеттеме, осы бойынша АҚ облигация ұстаушыға кепілдік береді: 1) белгіленген ақша сомасын қайтару, 2) пайыз түрінде тұрақты табыс алу. Облигациялардың көмегі арқылы ірі акционерлік қоғамдар инвестиция үшін қосымша ақша қаражаттарын тартады.

Бағалы қағаздар нарығы мен акциялар курсы

Акциялар мен облигацияларды және басқа да бағалы қағаздарды шығару мен сату бағалы қағаздар нарығын құрайды. Осы нарықтың негізгі қатысушылары болып табылады: 1) инвесторлар – акциялар мен облигацияларды сатып алушы

ұйымдар немесе азаматтар; 2) эмитенттер – осы қағаздарды шығаратын акционерлік қоғамдар; 3) инвестициялық институттар – бағалы қағаздар нарығын ұйымдастыратын және қызмет көрсететін әртүрлі мекемелер: қор биржалары, инвестициялық кеңесшілер, инвестициялық компаниялар, инвестициялық қорлар. Солардың ішінде негізгісі қор биржасы болып табылады, ол бағалы қағаздардың сату-сатып алынуын кәсіби дәрежеде ұйымдастырады. Кеңесшілер бағалы қағаздар айналысы мен эмиссияның сұрақтары бойынша нұсқаулар береді. Компаниялар эмитенттердің тапсырысы бойынша бағалы қағаздарды шығарады немесе сатады. Инвестициялық қорлар инвесторларға бос ақшаларын тиімді орналастыруға көмектеседі. Қорлар алынған қаржыларды әртүрлі АҚ-ның бағалы қағаздарына салады.

Эмитент акцияларын сату олардың алғашқы иелеріне номиналды бағасы бойынша сатылады, яғни бағалы қағазда көрсетілген бағамен. Акцияларды еркін сату-сатып алу акциялар курсы деп аталады. *Акциялар курсы* - сұраныс пен ұсыныс арқылы белгіленген олардың нарықтық бағасы және олар көптеген факторларға тәуелді болады: берілген АҚ-ның шаруашылық табыстары мен болашағынан, оның дивидендтерінің мөлшері мен кепілдендірілуіне байланысты, салымдар бойынша банк пайызынан және т.б. Жетекші компаниялардың акциялар курсының тербелісі берілген елде және жалпы әлемде экономикалық конъюнктураға өз әсерін елеулі тигізеді. Сондықтан көптеген елдерде ірі фирмалардың акциялар курсының өзгерісін көрсететін күнделікті арнайы индекстер есептеліп, басылып шығарылады, және іскерлік белсенділіктің деңгейі көрсетіледі. Осындай көрсеткіштердің ішіндегі әйгілісі Доу-Джонс индексі болып табылады – АҚШ-тағы жетекші компаниялардың акциялар курсының орташа көрсеткіші.

6.2. Қазақстан Республикасында кәсіпкерліктің дамуы

Республикадағы кәсіпкерлік өтпелі кезеңнің күрделі және әрқашан жағымды әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайларда қалыптасады. Әртүрлі сипаттағы бірқатар қиыншылықтар оның динамикалық тұрғыда дамуына кедергі

келтіреді. Мәселелер, экономиканың жалпы дағдарыстық жағдайымен және бюджет тапшылығымен, кәсіпкерліктің кең ауқымды дамуына үлкен импульс беру үшін қаржылық ресурстардың жетіспеушілігімен, барынша жетілген өнім мен қызметтерді өндіруді реттеу есебінен толыққанды тапшылығы жоқ нарық жағдайында өз қуысын таба алмау қабілеттілігімен, іскерліктің болмауымен, заманның менеджмент және маркетингтің әдістерін білмеуімен байланысты.

Әлеуметтік сауалнамаларға сәйкес Америкада бизнесмендерді келесідей кәсіпкерлік мәселелер қатты толғандырады: пайда алу, бизнес өсуін басқару және қолдау, ақша ағындарын реттеу, жаңа технологиялар. 15 маңызды мәселелердің ішінен – ел экономикасының жағдайы туралы мәселе 5 орында, капиталға қолжетімділік – 11 орында, сыбайлас жемқорлық және инфляция мүлдем көрсетілмеді.

Қазақстанда – бірінші орында салықтық саясат, екінші орында жалпы экономикалық жағдайдың тұрақтылығы, үшінші орында – несиелік саясат, одан кейін өткізу, шикізатпен қамтамасыз ету мәселелері, соңғы орында – мемлекеттік органдармен өзара әрекеттестік.

Осының барлығы мемлекет тарапынан кәсіпкерлікке көмек керек қажеттілігін көрсетеді.

Кәсіпкерлік қажетті нарықтық құрылымның құрылуынсыз және өзара байланыссыз қалыпты әрекет ете алмайды. Бұл қатынаста біздің экономикаға бірқатар мәселелерді шешу керек. Біріншіден, экономиканы басқарудың әміршіл-әкімшіл жүйесінің күйзелісі жағдайында мемлекеттік органдардың және әртүрлі деңгейдегі аппараттың филиалданған бөліктерінің үстемдігінен кәсіпкерлерді қорғауды қамтамасыз ету керек. Екіншіден, коммерциялық банктер, сақтандыру және биржалық мекемелер, аудиторлық және кеңес беру фирма және өзге де мекемелер түрінде кәсіпкерлік инфрақұрылымын құру қажет. Үшіншіден, кәсіпкерліктің мотивациялық базасын құру үшін экономиканың қызмет етуінің бәсекелестік-сайыстық тәртібі керек. Төртіншіден, өркениетті кәсіпкерлік үшін жағдай құру туралы айта отыра, заңнамалық және шаруашылық функция арқылы оның қалыптасуында мемлекеттің елеулі рөлін ұмытпау қажет.

6.3. Өндіріс факторларына сұраныстың туынды сипаты. Өндірістік функция

Өндіріс факторларының нарығы – бұл негізгі ресурстардың нарығы – ол жер, табиғи пайдалы қазбалар, әртүрлі мамандардың еңбек нарығы. Дамыған нарықты экономикада тағы осыған жатады мәлімет, білім, интеллект. Осыларға қызмет жасау үшін, қазіргі жағдайда нарықтың инфрақұрылымы құрылды, ол:

- коммерциялық банктер;
- қор биржалары;
- жылжымайтын мүліктің биржасы;
- шикізат биржалары;
- инвестициялық қорлар;
- еңбек биржалары пайда болды.

Өндіріс факторларына табысты алу үшін меншік негіз болады. Мәселен, жерге, шикізат ресурстарына және жылжымайтын мүлікке меншік рента және жалақы түрінде табыстарды алуға құқық береді.

Жұмысшы еңбегі, оның жұмыс күші, интеллектуалдық меншікке құқық, білім, кәсіпкерлік қабілеттіліктер әртүрлі сфераларда және экономика салаларында келесідей қызметтерге құқық береді:

- кәсіпкерлік қызметпен айналысуға;
- не жұмысқа жалдау нысанында;
- не дарынына сәйкес еркін интеллектуалдық меншікпен айналысуға.

Жұмысқа жалдау түріндегі жұмыс еңбекке, біліктілікке және дарынға сәйкес жалақы түрінде табыс алып келеді. Кәсіпкерлік қызмет алынатын пайдадан табыс береді. Ерекше дарыны және қабілеттіліктері бар адамдар өнер, ғылым және спорт әлемінде ерекше жоғары табыстар алады. Машиналар, техника, жабдықтар экономикалық тұрғыдан тиімді болып табылады және өнім өндіруден табыс алып келеді. Осы ресурстардың меншік иесі пайда немесе пайыз түрінде табыс алады. Ақша ссудалық капитал нысанында қолданылған жағдайда өзінің меншік иелеріне пайыз түрінде табыс алып келеді. Бағалы қағаздар (акциялар) өзінің иесіне дивиденд түрінде табыс береді.

Өндірістің факторларына сұраныс пен ұсыныстың ерекшеліктері бар. Сонымен, өндіріс процесін жүргізу үшін оған өндіріс факторлары керек. Өндіріс факторларына сұраныстың ерекшелігі мынада.

Біріншіден, өндіріс факторларына сұраныс және олардың баға деңгейі тұтынушылардың сұранысынан *туынды* болады. Мысалы, тоқымашы еңбегіне сұраныс, матаның сұранысына тәуелді. Өндіріс факторына сұранысты кәсіпкерлер жасайды.

Екіншіден, барлық өндіріс факторлары *экономикалық және технологиялық* өзара байланысты және бір-біріне бөлек пайдаланыла алмайды. Өндіріс үшін факторларының көбі қажетті: еңбек, жер, техника, шикізат, энергия. Олардың бәрі өзара толықтыратын және *өзара ауыстырмалы* болу керек. Тірі еңбек – техникамен, табиғи шикізат – жасанды шикізатпен. Еңбек, шикізат және техника бір – бірін тек бірыңғай өндіріс үрдісінде ғана өзара толықтырушы болады. Жекелей олардың әрқайсысының пайдасы жоқ. Алайда олардың біреуіне бағаның өзгеруі екіншісіне сұраныстың өзгеруін тудырады. Мәселен, жоғары жалақы және техникаға төмен бағалар еңбекке сұранысты төмендетуге, машинаға сұраныстың артуын туындатуға қабілетті.

Сұраныс, бағасы төмен факторларға икемді. Ол дегеніміз, өзара ауыстыру жасап, қымбат факторларды шеттетіп, өндіріс шығындарын түсіруге болады.

Жалпы өнім – бірнеше айнымалы факторлар санын пайдаланумен өндірілген игіліктердің саны. Жалпы өнімді пайдаланылған айнымалы факторлардың санына бөлу арқылы *орта өнімді* алуға болады. *Шекті өнім* өндіріс нәтижесінің өзгеруі мен өндірістік процесте қолданылып отырған айнымалы фактордың санының өзгеруінің қатынасымен анықталады.

Өндірістік функция – бұл жоғары өнім шығарумен және өндіріс факторларының жиынтық шығындарының арасындағы өзара байланысты анықтайтын техникалық арақатынас.

Өнім шығару көлемін қамтамасыз ететін өндіріс факторларының әр түрлі бірігуі, альтернативті мүмкіндіктерінің бар болуын көрсетумен өндірістік функцияның мәні шектеледі.

Капитал мен еңбек өндірісте негізгі фактор болып саналады. Сондықтан, өндірістік функция мына түрде жаза аламыз:

$$Y = F(K, L).$$

мұндағы

Y – өнім шығару көлемі;

K – капитал шығыны;

L – еңбек шығыны.

Бұл функцияның графигі изокванта деп аталады. *Изокванта* өзімен өнім шығару көлемін біркелкі алуға мүмкіндік беретін K және L факторларының жиынтық комбинациясын ұсынады.

Изокоста – бұл өзімен шығын құнының бірдей жиынтығын қамтамасыз ететін, капитал мен еңбектің барлық мүмкін байланысын ұсынатын сызық.

Изокоста мен изоквантаның қиылысқан нүктесінде – нақты өнім шығару көлемін қамтамасыз ететін шығын ең төменгі деңгейге жетеді.

6.4. Шектелген табысты шектелген шығынмен теңестіру принципі

Әрбір фирманың мақсаты көбірек табыс алу болады немесе *пайданың максимизациясы* дейді. Пайданы максимизациялау үшін фирма өндіріс деңгейін анықтауы керек. Алдымен пайданың қалай анықталатынын ойға түсірейік. Пайда жалпы түсіммен жалпы шығындардың арасындағы айырманы көрсетеді. Пайда = жалпы түсім – жалпы шығындар. Пайданы максимизациялау ететін өндіріс деңгейін фирма қалай есептейді? Бұл әдіс маргинальней (шектелген талдау) деп аталады. Мәнінің қорытындысы, жаңа өнімнің әрқайсысы қосымша пайда әкелгенінше сол кезге дейін өнім өндіруді жалғай беру керек. Өндірістегі өнімнің қосымша бірлігінен түсетін табысты шектелген табыс (MR) деп атаймыз. Шектелген пайда (MP) шектелген табыс (MR) және шектелген шығындардың (MC) айырмасы ретінде есептелінеді $MP = MR - MC$.

Шектелген пайда = Шектелген табыс – Шектелген шығын

Өндіріс көлемінің өскен сайын шекті табыс мөлшері азаяды. Себебі, фирмалар өздерінің өнімдерін барынша іске асыру үшін бағаны төмендетуі тиіс. Шекті шығындар бастапқыда азаяды, кейін ұлғаяды. Мұнда фирманың максималды тиімділік нүктесі өнімді өндірудің максималды және минималды деңгейі арасында болады. Белгілі бір сәтке дейін әрбір қосымша өнімге өндіріс шығындары төмендейді, кейін артады.

Фирманың максималды тиімділігінің нүктесі өнім өндірісінің максималды және минималды деңгейінің арасында болады. Максималды тиімділікке жеткеннен кейін, шектелген шығын өсе бастайды. Мұнда азаю табыстылық деген заң әрекет етеді. Пайда максималды болсын деу үшін фирма қалай өндіріс деңгейін анықтайды. Егер өндірістегі *өнімнің қосымша бірлігін шығынға қарағанда жалпы табыстың көбеюін үлкен деңгейге әкелетін болса*, онда фирма өндіріс арттыруы қажет. *Егер керісінше, шығынға қарағанда табыстың көбеюі азырақ деңгейде болса*, онда фирма өндірісін арттырмауы қажет.

Сонымен, фирма мына ережені басшылыққа алады: шектелген табыс = шектелген шығындарға ($MR = MC$).

Қайталауға арналған сұрақтар

1. Өндірістің негізгі факторларына сұраныс ерекшеліктері неде? Не себептен оны туынды сұраныс дейміз?
2. Өндіріс процесінде өзара алмастыру және өзара толықтыру деген не?
3. Жалпы өнім дегеніміз не?
4. Өндірістік функцияның мәні неде?
5. Изокванта дегеніміз не және нені көрсетеді?

Жаңа терминдер мен ұғымдар

Жеке кәсіпорындар
Серіктестік (жолдастық)
Акционерлік қоғам (АҚ)
Акциялар мен облигациялар

Жалпы өнім
Орта өнімді
Шекті өнім
Өндірістік функция
Ресурстардан түсімнің азаю заңы

Тест сұрақтары

1) Өндіріс факторларына сұраныстың басты ерекшелігі мынада, ол;

- A) өндіріс факторларының бағасынан тәуелді емес;
- B) тұтыну тауарларының сұранысына қарай тәуелді;
- C) тұтыну тауарларының сұранысынан тәуелді емес;
- D) әр уақытта икемді емес;
- E) әр уақытта тұрақты қысқарады.

2) Изокванта көрсетеді:

- A) жалпы өнім көлемінің қисығын;
- B) өндірістік функцияны;
- C) берілген ресурстар санымен өндіруге болатын әр түрлі өнім көлемін;
- D) орташа өнімнің қисығын;
- E) шекті өнімнің қисығын.

3) Изокванта немесе изокоста орналасқан кез келген нүкте:

- A) өндірілген өнім санын көрсетеді;
- B) ақшалай көріністегі өнім көлемін білдіреді;
- C) ресурстардың нақты көлемінің комбинациясын көрсетеді;
- D) шығындар сомасын;
- E) өзгермелі шығындардың сомасын.

Тест сұрақтарының дұрыс жауаптары: 1B, 2B, 3A.

7. КАПИТАЛДЫҢ АЙНАЛЫМЫ ЖӘНЕ АУЫСПАЛЫ АЙНАЛЫМЫ

7.1. Капиталдың ауыспалы айналымы

Капиталдың қалыпты жағдайы – ұдайы өндірістің үздіксіз қозғалысы. Ұдайы өндіріс дегеніміз – бұл жаңа құнды өндіру процесінің үздіксіз қайталануы. Ұдайы өндіріс капиталы екі түрге бөлінеді: жай және ұлғаймалы ұдайы өндіріс.

Жай ұдайы өндіріс – өндіріс масштабы өзгеріссіз қалады. Пайда кәсіпкердің тұтынушылық мұқтажына толығымен жұмсалады. *Ұлғаймалы ұдайы өндірісте* сан және сапа жағынан өндіріс масштабы ұлғаймалы түрінде болады. Мұнда пайданың бір бөлігі қайтадан өндіріс процесіне жұмсалады.

Өндіріске салынатын кез келген капитал өзінің қозғалысын ақша нысанында бастайды. Ақша капиталы кәсіпкермен өндіріс құралдарын, тауарды және жұмыс күшін сатып алуға алғытөлемін төлейді, оларды қолдана отыра өндіріс үдерісі мен дайын өнімді дайындау үдерісі басталады. Осы тауарды кәсіпкер іске асыра отырып, оның құнын ақшалай нысанда алады. Мұнда ақша капиталға айналады.

Капиталдың ауыспалы айналымы – бұл өндіріс құрал-жабдықтарының бір циклі ол, өндіріс өрісі мен айналыс өрісімен өту арқылы өзінің бастапқы құнын көбейтуі.

Капиталды ауыспалы айналымы тұрғысынан қарап көрейік.

Белгілі бір жағдайда ғана, ақша жаңа құнды тудыратын капитал болып табылады. *Капитал* – бұл құн, қосымша әкелетін құн. Олар өндіріс құралдары және еңбек күшін сатып алуға жұмсалады. Сондықтан, капитал формуласы өндірістік бизнес үшін келесідей түрде болады. Ол үш өрістен тұрады:

$$\begin{array}{ccccccc} & & \text{өкж} & & & & \\ A & - & T < \text{жк} & \dots & \Theta & \dots & T' - A' \\ & & 1 & & 2 & & 3 \end{array}$$

Мұндағы, А - ақша;

Т - тауар;

өкж - өндіріс құрал-жабдықтары;

жк – жұмысшы күші;
Ө - өндіріс процесі;
Г' - өсірілген құн мен тауарлар;
А' - өсірілген құн мен ақша.

Ақша капиталы *бірінші өрісте* өндірістік формаға айналады. Ақшаға өндіріс құрал-жабдықтар мен жұмысшы күші сатып алынады. Бұл айналыс аясында орын алатын айналымның бірінші сатысы. Жұмыс күшін сатып ала отыра, кәсіпкер оның өзінің құнынан артық үлкен құнды жасау қабілетін пайдаланады. Д-Р_с әрекеті өндірістік қатынастардың басты ерекшелігін, өндіріс құралдарына жекеменшіктің үстемдігін көрсетеді, бұл жұмыс беруші мен жалдамалы жұмысшы арасындағы қатынас. Айналыс аясынан капитал өзінің айналымын екінші саты - өндіріс аясында жалғастырады.

Екінші өрісте өндірістік капитал оның тауарлық формасына айналады. Өндіріс үдерісінде қажетті тауарлар өспелі құнымен дайындалады.

Үшінші өрісте тауарлық капитал пайдасы бар ақша капиталына айналады.

Егер өткізілген барлық өнімдерден түскен ақшадан алғашқы аванс ретіндегі ақшаларды алып тастағанда кәсіпкер жалпы пайданы табады.

Әрбір сатыда капитал белгілі бір функционалдық нысанды қабылдайды. Бірінші сатыда ол ақша ретінде, ал екіншіде - өндірістік және үшіншіде – тауарлық капитал ретінде болады. Бұл нысандар капиталдың дербес түрлері болып табылмайды, өз алдына кезекті функционалдық нысанды білдіреді. Қозғалыс үзіліссіз болуы үшін капиталдың белгілі бір бөлігі бір уақытта үш нысанның әрқайсысында болуы керек және үш сатыны өтуі тиіс.

Бір уақытта үш функционалдық нысанда болатын және өзінің айналымында үш сатыны кезекті өтетін капитал өнеркәсіптік деген атауға ие болды.

Капиталдың үш функционалдық нысанының әрқайсысы белгілі бір ерекшеліктерімен ерекшеленетін өзінің айналымын жүзеге асырады, бірақ айналымның барлық үш нысанының біртұтастығы өндіріс және айналыс үдерісінде капитал қозғалысының үздіксіздігін қамтамасыз етеді.

7.2. Капиталдың айналымы

Үздіксіз қайталанатын үдеріс ретінде қарастырылатын өнеркәсіпті капитал айналымы оның айналымын құрайды.

Айналыс уақыты капитал өндіріс сатысынан және айналыстан өтіп, бастапқы нысанға қайтып келетін кезең ретінде айқындалады.

Капитал айналысының жылдамдығы жыл бойында жасалынған оның айналым санымен өлшенеді.

Капитал айналымының саны келесідей формуламен анықталынады:

$$n = \frac{O}{t}$$

мұндағы n – бір жылдағы айналым саны;

O – қабылданған уақыт бірлігі;

t – бұл капитал айналымының уақыты.

Өндіріс аясында капиталды қарастырған кезде оның әртүрлі элементтерінің айналымы әркелкі болады. Кейбір элементтер (ғимараттар, машиналар және т.б.) өндіріс үдерісінде қалады; олардың тұтынушылық құны өндіріс үдерісінде толығымен қатысады, ал құн жұмысшының нақты еңбегімен тозуға сәйкес дайын өнімге бөліктермен ауысады. Өндіріс құралдарының ауысқан құны тауарларды сатқаннан кейін ақшалай нысанда өтеледі.

Өндірістік капиталдың негізгі және айналым капитал бөліктері болып табылады.

Негізгі капитал - өндірістік капиталдың бөлігі, яғни ұзақ мерзім бойында өндіріске қатысады, түрін бұзбайды, тек қана пайдаланғаннан кейін тозады. Өз құнын тозуына қарай біртіндеп дайын өнімге ауыстырады. Бұған еңбек құралдары, ғимараттар, машиналар, құрал-жабдықтар жатады.

Негізгі капиталдың құрылымында өндірісте тікелей қатысатын *белсенді* қорларын ерекшелейді, бұл станок, машина және басқа жабдықтар. Өндіріс үшін жағдай жасайтын *бәсең* қорлар, бұл өндірістік ғимараттар, салымдар және өзге объектілер.

Айналым капитал – өндірістік капиталдың екінші бөлігі, өндіріс процесінде тек бір өндірістік циклде пайдаланады, түрін өзгертеді және өз құнын толығымен өндірілген өнімге ауыстырады. Ол ақшалай формаға бір айналыс шеңберінде қайтып келеді. Бұл еңбек заттары мен тез тозатын аспаптар.

Құнның өнімге ауысқандағы әркелкілігі өндіріс үдерісіндегі капиталдың материалдық құрама бөліктерінің әртүрлі рөлдерінен туындайды. Сондықтан негізгі және айналмалы капиталға бөлу тек өндірістік капиталға ғана тән.

Негізгі капитал құнының өзінің тұтынушылық құнын жоғалту мөлшері бойынша қайта дайындалатын тауарға ауысуы негізгі капиталдың тозуы деп аталады.

Негізгі капиталдың тозуы *физикалық (қолдануына қарай) және моральдық (ҒТП нәтижесіне байланысты)* болып бөлінеді.

Негізгі капиталдың *физикалық тозуының* мәні оның элементтері құнының қайта дайындалатын тауарға ауысуында, оның иесіне тауарды іске асыру мөлшері бойынша қайтаруда және амортизациялық қорға жинақталуында. Негізгі капиталдың *моральдық тозуы* оның физикалық тозу деңгейіне тәуелсіз капиталдың құнсыздану нәтижесінде болады. Ғылыми-техникалық прогресс әсерінен негізгі капиталдың қызмет ету мерзімі бірінші кезекте, физикалық емес, моральдық тозумен айқындалады.

Негізгі капитал амортизация есебінен қайта құрылады. ҒТП жағдайларына байланысты дамыған елдерде жылдамдатылған амортизация саясаты жүргізіледі, яғни амортизация мерзімі 3-5 жыл ішінде белгіленеді.

Негізгі қорды тиімді пайдаланудың негізгі үш көрсеткішін көрсетуге болады.

Қор құнының бірлігіне келетін өнім шығарылымын көрсететін *қор қайтарымдылығы*. 2. *Қор сыйымдылығы* – өндірілетін өнім бірлігіне келетін негізгі қор құнын көрсететін қор қайтарымдылығына кері көрсеткіш. 3. *Жабдық жұмысының ауысым коэффициенті*. Ол кәсіпорында орнатылған жабдықтардың әрқайсысы белгілі бір кезеңде орта шамамен тәулігіне неше ауысым жұмыс жасағанын көрсетеді. Мәселен, егер цехтағы 200 станоктың 180 1-ауысымда жұмыс жасаса,

2-ауысымда – 100, ал 3-ауысымда – 40, онда, ауысымдылық коэффициент $(180+100+40):200=1,6$ тең болады, яғни әрбір станок үш ауысымды режимде 1,6 ауысым жұмыс жасады.

7.3. Өндірістік қорларды тиімді пайдалану

Әрбір кәсіпорын өз капиталдарының барынша тиімді пайдалануға қызығушылық танытады. Өндірістік қорларды пайдаланудың тиімділігін арттыруында үш басты бағыттарды атап көрсетуге болады.

Бірінші бағыт *негізгі капиталға* қатысты. Ол келесідей негізгі шаралар көмегімен қор қайтарымдылығының артуын (немесе қор сыйымдылығының төмендеуін) болжайды:

- орнатылмаған жабдықтарды, жұмыс жасамайтын жабдықтарды барынша қысқарту;

- белсенді қор үлесін ұлғайту, бәсең қорға шығындарды азайту;

- жабдық жұмысының ауысымдылығының коэффициентін арттыру (тұрып қалуларды еңсеру, техниканы пайдалануын және жөндеу жұмыстарын жақсарту, 2 және 3 – ауысымдағы еңбекті ынталандыру және т.б.);

- ескірген қорларды жаңа өнімділігі жоғары техникамен алмастыру;

- салымдарды және жаңа қуаттарды іске қосуды жеделдету.

Екінші бағыт *айналмалы капиталға* қатысты. Бастысы өнімнің материал сыйымдылығын төмендету, яғни өнім бірлігін шығаруға кеткен материалды ресурстар (металл, ағаш, отын, энергия және т.б.) шығынын азайту. Бұл осы ресурстардың үнемдеуін болжайды. Жеке алғанда:

- жаңа үнемді материалдарды және бұйымдардың прогрессивті конструкциясын қолдану;

- ресурстарды сақтайтын технологияларды ендіру және еңбекті рационалды ұйымдастыру;

- ресурстарды үнемдеуге және өнім сапасын жақсартуға ынталандыру.

Үшінші бағыт – капитал айналымының уақытын қысқарту. Мұндай қысқарту сол ресурстармен сол кезеңде көбірек өнім шығаруға мүмкіндік береді, бұл ресурстарды үнемдеумен тең

келеді. Айналымның жылдамдатуының нақты жолдарын айқындау үшін капитал айналымының уақыт құрылымын білу қажет. Капитал айналымының уақыты – авансталған барлық құнының өндіріс аясы мен айналыс аясын өтуге кеткен уақыт.

Қор айналымының уақытын қысқарту жолдары өндіріс техникасы мен технологиясын жетілдіруден, ресурстарды үнемдеуден, жұмыс уақытын жоғалтуын жоюдан, ауысымдылық коэффициентін арттыру, шикізатты жеткізу ырғақтылығын камтамасыз ету және өндірістік қорларды минималдаудан, жабықтау жүйесін жақсартудан, өткізуден және т.б. тұрады.

Өндіріс уақыты - бұл өндірістік өрісте капиталдың болу кезеңі.

Капитал айналымының ұзақтылығы айналыс уақытының азаю есебінен қысқарады. Ол тауарларды сатып алу уақытынан ($D - T$) және дайын өнімді өткерілу уақытынан ($D' - T'$) құрылады. Капитал айналымының жалпы уақыты өндірістік капиталдың құрамын жақсартуға байланысты азаяды.

Капиталдың әртүрлі бөліктері бизнес жасайтын адамға бір уақытта қайтып келмейді.

7.4. Инвестиция және оның түрлері

Ұлғаймалы ұдайы өндіріс, ол сандық және сапалық қатынаста өсуін білдіреді. Капитал мөлшерінің өсуі жинақтау есебінен көбейеді. Капиталдың жинақталуы – ұлғаймалы ұдайы өндіріске кететін ақшалай және материалдық қаржылардың қосылуы.

Мұндай қосымша капитал түрін болашақ салымы деп атаса болады, себебі ол келешек ұрпақтың өмірін жақсартуға жұмсалады.

Жинақтаудың мәні келесілерден тұрады:

1. Ең алдымен жеке фирманың өзіндік пайдасы. Олардың барлығы өндірістің ұлғаюына мүдделі. Осының арқасында олар тек өздерінің өмірлік деңгейін ғана емес, өндірістік мәндегі мүліктерді де арттыруға мүмкіндік алады.

2. Бәсеке де әсерін тигізеді. Мұнда кім өзінің экономикалық потенциалын арттырады, сол жеңеді. Мысалы, қазіргі кезде

АҚШ-та нарықта тұрақты орын алу үшін бірнеше ондаған миллион доллар капитал болуы керек.

Жинақтаудың екі қайнар көзі болады:

1. Пайда бөлігі ұлғаймалы ұдайы өндіріске бөлінген, амортизациялық аударым, қаржы қоры.

2. Банктік және басқа да қарыздар.

Өндірістік жинақтау (инвестициялар) өндіріс құралдарының санын арттыруға (өндірістік аймақтар мен жаңа ғимарат, үймерет, станоктар, жабдықтарды кеңейтуге) жұмсалады және экономикадағы капитал, материалдық қорларды арттыруға жұмсалады.

Инвестиция мынадай түрге бөлінеді:

- тәуекелділік (венчурлық);
- тура;
- портфельді;
- аннуитетті.

Венчурлік капитал – тәуелділігі жоғары жаңа сфераларға ақшасы жылдам өтелетін салынатын салымдар.

Тура инвестициялар – басқаруға қатысуға құқық алу үшін компанияның жарғылық капиталына салынатын салымдар.

Портфельді инвестициялар – «портфельдің» (акциялардың, облигациялардың, сақтандыру және т.б. сертификаттары) және бағалы қағазбен басқа активтерді құрылуымен байланысты.

Аннуитетті инвестициялар – салымшыға белгілі бір уақыт мөлшерінде табыс әкелетін өзіндік инвестициялар. Көбінесе бұл қаржылар сақтандыру және зейнетақы қорларына салынады.

Жаңа талаптарға сай жинақтаудың ерекшеліктері төмендегідей:

1. Шығындарды ғылыми зерттеуге және тәжірибелік-құрастырушылық өңдеулерге жұмсауды арттыру. Ғылыми сыйымдылығы жоғары прибор жасау, ракета-космостық кешенін салу.

2. Өнімді жаңартуға бағытталған (зерттеушілік өңдеу идеялары, жаңа үлгінің нарыққа шығуы).

3. Ғылыми-техникалық өңдеулер нарығы, «НОУ-ХАУ» нарығы. Мұндай әзірлемелер іргелі және қолданбалы зерттеулерден кейін туындайды (машинаның жаңа конструкциясы, барынша жетілген технология).

Жаңа заманға сай жинақтау өндіріске жаңа ҒТР-ның жетістіктерін енгізуге бағытталады, жоғары технологиялардың негізінде кәсіпорындарды жабдықтауға бағытталады (информатика, телекоммуникация, биотехнология). Өндірістің жетекші салаларындағы заманауи қор ҒТП жаңа жетістіктерді (информатика, телекоммуникация, биотехнология) өндіріске ендіруге, жаңа технологиялар: аз адамды, адамсыз өндіріс, ресурстарды сақтайтын, экологиялық таза өндірістер негізінде кәсіпорындарды қайта жабдықтауға бағытталған. Өндірістің барынша тиімділігін қамтамасыз ету.

АҚШ, Германия, Ұлыбритания, Жапония, Оңтүстік Корея, Франция және т.б. секілді ірі мемлекеттер ҚР-ға капитал салатын негізгі инвесторлар болып табылады. Олар инвестициялық климатты жандандырып қана қоймай, отандық экономиканың дамуына жәрдемдеседі.

Экономиканың басты секторы болып келесілер табылады:

- 1) өндірістік инфрақұрылым;
- 2) өңдеуші өнеркәсіп;
- 3) Астана объектілері;
- 4) тұрғын үй, әлеуметтік сала және туризм объектілері;
- 5) ауыл шаруашылығы.

Қайталауға арналған сұрақтар

1. Негізгі капитал дегеніміз не және оның құрылымы?
2. Негізгі қорлар қалай бағаланады?
3. Капиталдың айналымы мен шеңбер айналымының байланысы қандай?
4. Амортизация не үшін қолданылады?
5. Инвестиция дегеніміз не және оның қандай түрлері бар?

Жаңа терминдер мен ұғымдар

Ұдайы өндіріс
Капиталдың ауыспалы айналымы
Негізгі капитал
Айналым капитал

Негізгі капиталдың айналымы
Өндірістің қорсыйымдылығы
Физикалық тозу
Моральдық тозу
Амортизация
Амортизациялық қоры
Амортизация нормасы
Капиталдың айналым уақыты
Өндіріс уақыты
Жұмыс уақыты
Қор жинау
Инвестиция

Тест сұрақтары

1) Негізгі өндіріс қорлары – бұл:

- А) өндірісте көп рет қолданылатын құралдар, олар өндірілген өнімге құнын бөлшектеп ауыстырады;
В) өндірісте жасалған дайын өнім;
С) бір өндіріс циклінде қолданылатын материалдық құралдар;
D) ғимараттар, жабдықтар, станоктар;
E) шикізат, материалдар, жұмыс күші.

2) Капиталдың айналым жылдамдығы – бұл:

- А) өнімнен түскен қаржыны кәсіпорынға қайтару мерзімі;
В) бір жыл ішінде қорлардың жасайтын айналымдар саны;
С) өндіріс уақыты;
D) жұмыс күшінің бір өндіріс кезеңіндегі ауысуы;
E) айналым уақыты.

3) Тұтынылған негізгі капиталды толтыруға жасалған аударма – бұл:

- А) амортизация;
В) таза шетелдік инвестиция;
С) жеке-дара қажеттіліктерге арналған қаржы;
D) таза инвестиция;
E) жалпы инвестиция.

4) Инвестор – дегеніміз ол:

- А) қосымша пайда табу мақсатымен елге немесе шет еліне тауар сатушы;
- В) саудагер: пайда табу мақсатымен елге немесе шет еліне тауар сатушы;
- С) делдалшы: пайда табу мақсатымен елге немесе шет еліне тауар көрсетуші адам;
- Д) салымшы: пайда табу мақсатымен кәсіпорынға қаржы салушы.
- Е) ресурстарды тиімді пайдалануды іздестіру.

5) Негізгі капиталдың моральдық тозуы:

- А) машина мен құралдарды пайдалану ұзақтығы мен сапасына қарай;
- В) ҒТП-тің жоғары қарқынымен;
- С) өндірістік технология ерекшелігімен;
- Д) атмосфералық жағдайдың әсерімен;
- Е) материалдардың сапасымен.

6) Капитал формуласы болып табылады:

- А) $T - A - T$
- В) $A - T - A$
- С) $A - A$
- Д) $T - T$
- Е) $A - T$

7) Негізгі капитал ол:

- А) ғимарат;
- В) шикізат;
- С) еңбек ақы;
- Д) бағалы қағаздар;
- Е) дайын өнім.

8) Капиталдың қозғалысы неден басталады:

- А) ақша формасынан;
- В) тауар формасынан;

- С) өндірістік формадаң;
- Д) сауда формасынаң;
- Е) коммерциялық формадаң.

Тест сұрақтарының дұрыс жауаптары: 1А , 2В , 3А , 4Д , 5В , 6В , 7А , 8А .

8. КӘСПОРЫННЫҢ (ФИРМАНЫҢ) ШЫҒЫНДАРЫ МЕН ТАБЫСЫ

8.1. Өндіріс шығындары және оны жіктеу

Әрбір өндіруші пайдасын көбейтуге ұмтылады. Шығындар – ол, ұсыныс көлемі және пайданың көбеюіне әсер ететін бас фактор. Әрбір тауардың өндірісі белгілі шығындарды қажет етеді – шикізат, материалдар, жанар май, э.энергия, көлік, еңбек және басқа шығындар. Сол барлық ресурстарға төлем *өндіріс шығындары* дейміз. Шығындар көптеген белгілер бойынша жіктеледі. Бұл шығындар нақты ақша шығыны бола ма, жоқ па шығындар нақты және нақты емес боп бөлінеді.

Нақты /сыртқы/ шығындар – бұл сырттан алынған ресурстар. Мысалы: бұл еңбекке, шикізатқа, материалдарға, көлікке, құқық қызметіне төлем. Осы шығындар бухгалтерияда есептелінеді және бұл шығындарды тағы да бухгалтерлік шығындар деп атайды.

Кейбір ресурстар үшін ақша төлеу қажет емес. Мысалы, өзіңіздің жайыңыз бар және оны асхана үшін пайдаланасыз. Жалға ешкімге ақы төлеу керек емес. Сіздің өз ақша капиталыңыз бар. Оған өз бизнесіңізді ұйымдастырасыз. Сізге банктен ақша алудың керегі жоқ. Бұл нақты емес шығын. *Нақты емес шығындар /ішкі/* – бұл, фирманың өз меншігіндегі ресурстарды пайдалануға байланысты шығындар. Бұл шығындар бухгалтериядан төленбейді және бухгалтерлік есеп беруде көрсетілмейді.

Бұл шығындардың мөлшері, оларды альтернативті пайдаланғанда табыстардың көлемімен әкелу мүмкіндігі бар. Мысалы, асхана үйі рента түрінде табыс әкелер еді, кәсіпкердің ақшасы пайыздар, ал өз қызметіндегі рөлін менеджер басқа фирмаға ұсынар еді. Мұндағы жіберіліп қойған олжа (пайыздар, рента, менеджердің жалақысы) нақты емес шығындарды көрсетеді.


Нақты және нақты емес өндіріс шығындарының қосындысы экономистер *экономикалық (жалпы) шығындар* деп атайды.

Қажетті төменгі табысты экономистер *нормалды, қалыпты пайда* деп атайды. Оның мөлшері сол өндірістің нақты емес шығындарымен анықталады. Нормалды, қалыпты пайда кәсіпкерге өзінің альтернативті пайдаланған меншікті ресурстарынан жіберілген олжасын жабуы қажет. Нормалды пайданың үстінен алынған табысты *экономикалық* немесе *таза пайда* деп атайды.

Тұрақты, өзгермелі, жалпы, орта, шекті шығындарды өндірілетін өнімдер көлеміне тәуелді шығындарды анықтау үшін қажет. *Тұрақты шығындар* өндіріс көлемінен тәуелді емес шығын. Бұған жер үшін жалдық төлем, үйлерге төлем, амортизация, әкімшілік басқару қызметкерлерінің жалақысы т.б.

Өзгермелі шығындар өндірілген өнімдердің санынан тәуелді шығын. Бұларға шикізат, материалдар, отын, жанар май, электрэнергия, жұмысшыларға жалақы шығындары жатады.

Тұрақты және өзгермелі шығындардың қосындысы *жалпы шығындарды* құрайды. Тұрақты, өзгермелі және жалпы шығындардың құрылымын білу өндірістік шығындарды төмендету жолдарын анықтау мүмкіндігін береді.



1.12-сурет. Тұрақты, өзгермелі және жалпы шығындардың қисығы

Өндірісті басқару үшін өндірілетін өнімнің бірлігіне келетін шығындардың мөлшерін білу қажет. Осыған байланысты, шығындардың мөлшерін фирма өндіретін өнім бірлігі санына бөлу арқылы *орта шығындарды* есептейді

$$ATC = \frac{TC}{Q}$$

Орта өзгермелі (AVC) және *орта тұрақты (AFC)* шығындарды да осы түрде есептейді. Нарықтық тепе-теңдікті түсіну үшін орта шығындардың ерекше мағынасы бар, себебі кәсіпкер шығындарды азайтуға ұмтылады.

Өндіріс көлемін анықтау үшін шектелген шығындар категориясын пайдалану қажет.

Шектелген шығындар – бұл, бар көлем үстінен өнімнің тағы бір бірлігін шығаратын өндіріске байланысты қосымша шығындар. Бұл шығын, өнім бірлігін шығаруды көбейту кезінде жалпы шығындарды көбейтеді. Мысалы: шығару 5-тен 6-ға дейінгі бірлікке артады, ал жалпы шығындар 2400-ден 3000 бірлікке өсті. Шектелген шығындар 600 құрады.

Трансакциондық шығындар түсінігін американ экономисі Р. Коуз енгізді. Трансакциондық шығындардың негізгі типтері бар: 1) мәлімет іздеу шығындары – ол уақыт пен ресурстар кететін шығыны, баға туралы мәліметтер жинау; 2) келіссөздерге жұмсалған шығындар – айырбас жағдайын белгілеу, келісім дайындау; 3) қатеден пайда болатын шығындар; 4) стандарт жүйесін істеу, фирмалық белгілерді күзетуге кеткен шығындар және оның меншік құқығын қорғау.

Қорыта айтқанда, трансакциондық шығындарды тиімді пайдалану нарықтың қызметі болып табылады.

8.2. Шығындар және пайда өндіріс көлемі өзгерген жағдайында

Бұл сұрақты түсіну үшін мынадай график құрамыз


Өнім шығарудың өсуі тұрақты капиталға тағы көп жұмысшы санын қосу арқылы жетілдіріледі. Бұнда үш кезең қаралады:

1. Өндірістің зиянды кезеңі (0-ден 3 бірлікке), онда жалпы түсімнің шығыннан төмен болса.

2. Өндірістің пайдалы кезеңі (өнімнің 3-тен 10-ға дейінгі бірлігі), жұмысшы саны оптималды өсті және еңбек пен капитал арасында баланс жетілді. Бұнда, масштаб тиімділігі деп

аталатын, ірі өндірістің өзін көрсетеді. Бос тұру және жұмыс уақытын жоғалту жоқ, орта шығындар азаяды, ресурстардан түсім өседі, өндіріс толығынан тиімді. Бірақ, белгілі кезеңнен бастап шектелген шығындар, орта шығындардан аса бастайды.

3. Өндірістің зиянды кезеңі, өнімнің 10-нан аса жалпы түсімнің шығыннан артық болса.



1.13-сурет. Шығындар және пайда өндіріс көлемі өзгерген жағдайында

Өндірісте *ресурстардан түсімнің азаю заңы* болады. Ол, белгілі шектерге дейін өзгермейтін тұрақты ресурстарға (мысалы: капитал, жер), өзгермелі ресурстарды (мысалы: еңбек) қосу есебінен болатын өндірістің ұлғаюын көрсетеді. Белгілі кезеңнен бастап, бұл ресурстардың арасындағы қажетті баланс бұзылады, өзгермелі ресурстардан түсім азаяды. Мысалы: фермер, және минерал тыңайтқыш қосындысы. Бір жемдеу, екеу, үшеу. Жерден алым көбейеді, ал содан кейін төмендейді, себеп жер артық жемделген болып кетеді.


8.3. Жетілген бәсеке нарығында фирманың жағдайы

Фирманың шығындары пайдаланатын ресурстар санынан тәуелді. Көп ресурстардың саны, мысалы, шикізат, материал,

жұмыс күші жеңіл және жылдам өзгеруі мүмкін. Басқа ресурстар игеру үшін көп уақытты қажет етеді, мысалы өндіріс орнын өзгерту мен пайдалынатын құралдардың санын. Сондықтан қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді кезеңдерді бөледі. *Қысқа мерзімді кезең* – бұл өлшемді қуаттылық. Бұл кезде тек өзгермелі шығындар өзгереді. Кәсіпорын өзінің өндіріс қуатын өзгерту үшін уақыт кезеңі өте қысқа. Бірақ, өндіріс көлемі шикізат, материал және жұмыс күшін өзгерту жолымен өзгеруі мүмкін.

Ұзақ мерзімді кезең – ауыспалы қуаттылық. Бұл кезде тұрақты мен өзгермелі шығындар өзгереді. Бұл кезең кейбір фирмалардың осы салаға кіруіне, өндірістік алаңын және техника мен технологияны өзгерту уақытты қажет етеді.

Қысқа мерзімді кезеңдегі фирманың тәртібін қарайық. Бұл үшін графикті қараймыз, ол фирманың пайданы максимизациялау және фирманың шекарасының мүмкіндігін көрсетеді.



1.14-сурет. Шығындардың орта мөлшері


Бұнда әртүрлі шығындардың орта мөлшері бойынша мәліметтер келтірілген:

- орта тұрақты шығындар төмендейді;

- орта өзгермелі шығындар төмендейді, бұнда басында масштаб тиімділігі әрекет жасайды, содан кейін түсімнің азаю заңының әрекеті болады.

Графикте көрсетілгендей, шектелген шығындар (**MC**) орта шығындардан (**ATC**) төмен. Мұнда орта шығындардың азаю кезі. **b** нүктеде шектелген шығын оны төменгі орынымен қиып өтеді. **b** нүктеде нарықтық баға орта жалпы шығындарға тең. Бұл нүкте шығынсыз нүкте деп аталады, яғни өндірістің қиын-қыстау көлемі. **b** нүктеден оңға қарай шығындар өсе бастайды. **a** нүктеде барлық шығындар өтелмейді, фирма банкрот деп жарияланады. Нарықты баға **b** нүктесінен төмендеген кезде кәсіпорын саланы тастай бастайды. Егер олар басқа өнімдерді шығаруды игерсе өндірісті жалғастыруы мүмкін.

Ұзақ мерзімді кезеңде барлық шығындар өзгермелі болады. Жалпы шығындар, қысқа мерзімді кезеңде сияқты, алдымен азаяды, содан кейін көбейеді. Бұнда да *масштаб тиімділігі* әрекет жасайды.



1.15-сурет. Ұзақ мерзімді кезеңдегі шығындар

LATC жалпы шығындардың мөлшерін көрсетеді. Сынық қисықтағы көрініс, **LATC** қисығы түріндегі жалпы шығындар. Бұл қисық фирманың таңдауы қисығы. Жағдай өзгерсе, фирма қуатын көбейту немесе азайтуға тиіс.

Қайталауға арналған сұрақтар

1. Экономикалық шығындар дегеніміз не?
2. Шығынның түрлері? Жіктелу негізіне не салынған?
3. Пайданы максимизациялау үшін қандай шығындарды азайту ең маңызды?
4. Қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді кезеңдердің арасындағы айырмашылық неде?
5. Өндіріс кеңейтілген кезде өзгермелі шығындар қалай өзгереді?
6. Қалыпты пайда дегеніміз не? Ол фирма иесінің тәуекелділігінің компенсациясы (орынын толықтыру) қаралауына бола ма?
7. Шығындардың орта қисығын қиып өтетін MC қисығының мәні неде?
8. Неге өзгермелі шығындар қисығы U формасында болады, ал тұрақты шығындар қисығы төменге еңкейген?
9. Не себептен ұзақ мерзімде тұрақты шығындардың болмауы.
10. Өндіріс шығындардың минимизациялау әдістері

Жаңа терминдер мен ұғымдар

Шығындар

Өндіріс шығындарының түрлері:

Нақты шығындар (сыртқы)

Нақты емес шығындар (ішкі)

Тұрақты шығындар (FC)

Өзгермелі шығындар (VC)

Жалпы шығындар (TC)

Орта шығындар (AC)

Шектелген шығындар (MC)

Шектелген өнім (MR)

Қысқа мерзімді кезең

Ұзақ мерзімді кезең

Тест сұрақтары

1) Осы шығындардың ішінен өзгермелі шығындарды көрсетіңіз:

- A) басқару персоналының жалақы шығындары;
- B) электроэнергия, отын, шикізат шығындары;
- C) ренталық төлемдер;
- D) банк пайызы төленетін шығындар;
- E) фирманың шектелген шығындары.

2) Фирманың тұрақты шығындары – бұл:

- A) алынған ресурстарға кеткен шығындар;
- B) кез келген өнім көлемін өндірудің төменгі шығындары;
- C) өнім өндірмеген жағдайында да фирмада болатын шығындар;
- D) нақты емес шығындар;
- E) нақты шығындар.

3) Фирманың шектелген шығындары – бұл:

- A) өнімдердің санына өзгермелі шығындардың қатынасы;
- B) факторларды сатып алуға кеткен шығындары;
- C) қосымша бір өнім өндіруіне кеткен қосымша шығындар;
- D) фирманың жалпы шығындары;
- E) нақты емес шығындар.

4) Қысқа мерзімді кезеңде фирма 500 дана өнім өндіреді. Орта өзгермелі шығындар 2 долл., орта тұрақты шығындары 0.5 долл. Жалпы шығындарды есептеңіз:

- A) 25 долл.;
- B) 1250 долл.;
- C) 750 долл.;
- D) 1100 долл.;
- E) есептеу мүмкін емес.

5) Ұзақ мерзімді кезеңде:

- A) барлық шығындар өзгермелі болады;
- B) барлық шығындар тұрақты болады;

- С) барлық шығындар тұрақты және өзгермелі болады;
- Д) тұрақтыға қарағанда, ауыспалы шығындар жылдам өседі;
- Е) ауыспалыға қарағанда, тұрақты шығындар жылдам өседі.

6) Қысқа мерзімді кезеңде:

- А) барлық шығындар тұрақты;
- В) барлық шығындар өзгермелі;
- С) тұрақты шығындарға қарағанда өзгермелі шығындар тезірек өседі;
- Д) өзгермелі шығындарға қарағанда тұрақты шығындар тезірек өседі;
- Е) өзгермелі және тұрақты шығындар болып бөлінеді.

7) Тауар саны –50, бірлікке баға – 6, шығындары – 70% құрайды, пайданы есептеңіз:

- А) 210;
- В) 300;
- С) 90;
- Д) 70;
- Е) 420.

Тест сұрақтарының дұрыс жауаптары: 1В, 2С, 3С, 4В, 5А, 6Е, 7С.

9. ӨНДІРІС ФАКТОРЛАРЫ НАРЫҒЫ ЖӘНЕ ФАКТОРЛЫҚ ТАБЫСТАРДЫҢ ҚҰРЫЛУЫ

9.1. Еңбекақы бұл еңбек бағасы

Еңбек - өндіріс факторы болып келеді, ал *еңбекақы* – ол *еңбектің бағасы*. Жұмысшы, жұмысқа жалдана отырып, адам физикалық және рухани қабілетін, өз жұмысшы күшін сатады. Сондықтан кәсіпкер адамды емес, оның жұмысшы күшін, еңбек етуге деген қабілеттілігін сатып алады. Егерде жұмысшының нақты еңбегі төленсе, онда нарық кезінде кәсіпкерге эквиваленттік айырбас жөнінде ештеңе қалмас еді, ешқандай пайда болмайды.

Нақты өмірде еңбекақы – бұл еңбек бағасы, немесе еңбек күшінің құны, адамның өмір сүрудегі құрал құнымен анықталады. Смиттің айтуынша, адам жұмыс істеу үшін, жалақысы адамның өмір сүруіне тіршілік құралдарының құны болып табылады. А. Маршалл «керекті тіршілік құралдарына», жұмыс істеу үшін және өмір сүру үшін құралдарды қосады. К. Маркс жалақы мөлшерін қажетті өнім құнымен анықтайды.

Номиналды және нақты жалақы ажыратылады. Номиналды жалақы жалдама қызметкердің еңбегі үшін алған ақша сомасын айтамыз, нақты жалақы – номиналды жалақының есебінен сатып алу қабілеттілігінің алуға болатын тауар және қызметтің жиынтығы. Сонымен келгенде, нақты жалақы мөлшері номиналға тіке пропорционалды және бағаның деңгейіне теріс пропорционалды болып келеді.

Фирма жалдайтын жұмысшылардың саны мынадай, онда, соңғы жұмысшының шектелген өнімі, оның шектелген шығынынан асуы керек:


$MRP > MRC$. Егер, керісінше болса, онда фирма «өзін-өзі өтемейтін» жұмысшыны жалдауы болады.

Еңбек нарығында, жалақы басқа кез келген нарық сияқты сұраныс пен ұсынысқа тәуелді болады. Еңбекке сұраныс қаншалықты жоғары болса, соншалықты жалақы жоғары болады және ұсыныс қаншалықты жоғары болса, жалақы соншалықты төмен болады. Бәрі нарық заңымен. Бірақ, еңбек

ерекше тауар. Еңбекке сұраныс және оның ұсынысы теңгерілсе, сол кезде тепе-теңдік баға болады, ал жұмысшы күшін толық бастылығы экономикада жоқ, яғни жұмыссыздық пайда болады.

Еңбектің барлық мәселесі тауардың ерекшелігінде болады. Еңбек бағасының жоғары және төменгі шектері басқа тауарларға қарағанда басқаша орналастырылады. Еңбек бағасының жоғарғы шегімен белгіленсе еңбек бағасы онымен теңестірілсе, онда капиталист өндіріске деген қызығушылықты жоғалтады, себебі капитал ешқандай өсуді бермейді.

Еңбек бағасының төменгі шегі тауар құнына тіреледі – жұмыс күшіне. Жұмысшы күші бұзыла жүдей бастайды. Еңбек бағасы және жұмысшы күшінің бағасы арасында айқын айырмашылық көрінеді. Еңбек нарығындағы тепе-теңдікті келесі суреттен көруге болады.



1.16-сурет. Еңбек нарығындағы сұраныс пен ұсыныс

Мұндағы А нүктесі – LD және LS қисықтарының қиылысуы – ол еңбек нарығындағы тепе-теңдікке мінездеме береді. Оған нақты еңбекақының айқын дәрежесі талапқа сай болады және LD еңбек ұсынысы мына жалақыға лайықты болады.

Еңбекке деген сұраныс толық қанағаттандырылады, ал кәсіпкерлер лайықты еңбек ақының мөлшерін төлеуге дайын, бұл еңбек нарығындағы тепе-теңдікті білдіреді. Сондықтан А нүктесі

толық жұмысбастылық нүктесін анықтайды. Қазіргі экономикалық әдебиеттегі толық жұмысбастылық еңбекке жарамды халықтың 94 – 95% деңгейіндегі жұмысбастылығымен есептеледі.

9.2. Кәсіпкерлік табыс

Пайда кәсіпкерліктің қозғаушы күші ретінде көрінеді. Кәсіпкерлер өндіріс құралдарына ие болып, өздері өндірісті ұйымдастырып, техникалық прогресті еңгізеді, сондықтан да пайда алуға олар құқықты. Меншік иесі өндіріс факторларының (капитал) өз табысын пайда түрінде алады, жұмысшы өз еңбегі үшін жалақы алады, жер иесі – жер рентасын алады.

Пайда кәсіпкердің көзқарасы бойынша нені көрсетеді? Олар үшін пайда өндірістің барлық күрделі факторларының туындысы болып табылады, себебі оларсыз пайда жасау мүмкін емес. *Пайданың мөлшері*, барлық өткерілген тауарлардың өндіріс шығындарын алып тастағанға тең. Егер барлық түсімнен айқын шығындарды алсақ, онда бухгалтерлік пайданы табамыз. Сонымен қатар фирманың айқын емес шығындары бар, олардың мөлшері барынша маңызды және бухгалтерлік пайданың құрамына енеді. Айқын емес шығындар *нормалды пайда* деп те аталады. Егер бухгалтерлік пайдадан айқын емес шығынды шегерсек, онда кәсіпорынның экономикалық пайдасын табамыз.

Айқын емес шығынның мәні мынада, фирма пайда бөлігін өндірістің қолданған факторларына табыс ретінде алады. Мысалы, жер үшін жалға төлеу пайдамен айналады, себебі олар өз меншігіндегі жер. Жаңа желі жіберу үшін, жаңа өндіргішті станок орнату үшін, кәсіпкер терін төгіп жұмыс істейді. Фирма бұл жағдайда менеджерге төлеген жалақысы да айқын емес шығыны болады. Егер бір фирманың иемденушісі психолог болса, онда мұндай қызмет алдын ала ұйымдастырылады, оларға психологты жалдаудың қажеті болмайды. Сонымен, жалға төлеудің шығыны, өндіргіш станок орнату үшін, менеджерге жалақы, психологиялық қызмет ұйымдастыру – бұның бәрі айқын емес шығындар, сондықтан олар нақты табысқа айналады.

Кәсіпорын пайдасын өндіріс шығындарымен салыстыра отырып, өндіріс рентабельдігін анықтауға болады, яғни

табыстылық дәрежесі. Бұл үшін пайда нормасын есептейді, ол пайданы өндіріс шығынына пайыздық қатынасымен есептелінеді.

Еліміздің экономикасының нақты секторындағы, кәсіпорын пайдасынан алынған салық, бұл мемлекеттік бюджеттің табыс бөлігінің көзі. Пайданың бөлінуі фирманың тек ішкі мәселесі ғана болмайды. Ол оның әлеуметтік және саяси сипаты бар және елдегі заңдылықпен реттеледі.

9.3. Ссудалық капитал және ссудалық пайыз

Қоғамда, әрбір сәтте, бір жағынан бос ақша құралдары жинақталады, екінші жағынан оларға деген қатты қажеттілік туындайды. Бос құралдар кәсіпкерлер пайдасының бөлігі, амортизациялық қорлар, жалақы қорлары және т.б.

Кейбіреулеріне ақша құралдары қажет емес, сол уақытта басқаларға олар қатты мұқтаж. Сондықтан, ақша құралдар белгілі бір ұйымдық-құқықтық нысанда пайызды төлеуге белгілі бір мерзімге беріледі. Уақытша бос ақша құралдары табыс алып келеді, жай ғана ақшадан капиталға, нақтырақ айтқанда, ссудалық капиталға айналады. Тиісінше, ссудалық капитал өз алдына белгілі бір мерзімге қайтарымдылық шартында және пайызды төлеуімен қарызға берілетін ақша құралдарын білдіреді.

Ссудалық капитал – бұл ерекше түрдегі тауар, белгілі бір мерзімге сатылады. Ссудалық капиталдың ұйымдық – құқықтық нысанда қозғалысы несие болып табылады. Несиелік механизмнің субъектілері банктер, басқа қаржылық институттары болып табылады.

Ссудалық капиталдың бағасы (пайыз) сұраныс пен ұсыныс арақатынасымен реттеледі және пайыз нормасында көрінеді. Ол ссудалық пайыз түрінде алынатын жылдық табыстың берілетін несие мөлшеріне қатынасы ретінде есептелінеді.

$$t = \frac{R_A}{K} \cdot 100\%$$

мұндағы t – ссудалық пайыз ставкасы;

R_A – жылдық табыс;

K – несие сомасы.

Ссудалық пайыздың ставкасына келесідей факторлар әсер етеді:

1. Тәуекел. Несие берушінің ссуданы қайтарылмауы мүмкін секілді қауіптенуі көп болған сайын, пайыз ставкасы жоғары болады және керісінше.

2. Ссуда мерзімі. Ссуда барынша ұзақ мерзімге берілетін болса, несие берушіде жіберілген (балама) мүмкіндіктер көп болады. Және қайтарылмау тәуекелі. Сондықтан несие беруші пайыз ставкасының артуымен орнын толтырады.

3. Ссуда мөлшері. Өзге тепе-теңдік жағдайда пайыз ставкасы аз мөлшердегі ссудадан жоғары, себебі әкімшілік-басқарушылық шығындар ссуданың кез келген мөлшерінде бірдей болады.

4. Салық салу. Кейбір несие нысандары, тиісінше, несие берушінің табыстарына салық салынатындықтан, несие беруші көрсетілген салықты пайыз құрамына қосып, оның мөлшерін ұлғайтады.

5. Ссудалық капитал нарығының монополизациялану деңгейі. Бір аймақта барынша аз банк қызмет көрсетсе, пайыз ставкасы жоғары болады, және керісінше. Мұнда монополия бәсекені басады және несиеудің өзіндік шарттарын орнатады.

Ссудалық капитал қозғалысының өте маңызды жағы оның дисконттауы – несиеу мерзімінің басы мен соңында ссудалық капитал мөлшерінің бір ортақ бөлгішке келтіру болып табылады. Ссуданы, әсіресе, ұзақ мерзімге беру үшін біз ақшаның (табыстың) қазіргі құнын есептеуіміз керек немесе бүгінгі шығындар мен болашақтағы табыстарды теңестіруі қажет. Басқаша айтқанда, инфляция деңгейін ескеру керек. Дисконттау формуласы келесідей түрде болады:

$$V_p = \frac{V_t}{(1+r)^t}$$

мұндағы - V_p – болашақтағы ақша сомасының бүгінгі құны;

V_1 – бүгінгі ақша сомасының болашақтағы құны (берілген несие сомасына қосылған оның пайызы);

t – жыл саны;

r – пайыз ставкасы.

Сонымен, пайыздың номиналды ставкасын болжанбалы инфляция мөлшеріне түзетеміз және оның нақты ставкасын аламыз. Әйтпесе, несие берушілер зардап шегуі мүмкін.

Біріншісі – бұл есеп ставкасы немесе ол бойынша Ұлттық Банк коммерциялық банкті қаржыландыратын ставкасы. Екіншісі – банктің шығынсыз қызмет етуін қамтамасыз ететін пайыз, және үшіншісі – банк салымшыларына төленетін банктік пайыз. Бұл үш компонент ссудалық пайыз ұғымына біріктіріледі, бірақ банктің шынайы табысы оның тек екінші компоненті болып табылады.

Ссудалық пайыз және оның мөлшері кәсіпкерлік қызметтің дамуында үлкен рөл атқарады. Пайыздың қолжетімді ставкасы кезінде капиталсыйымды өндірістерде, құрылысқа инвестициялар артады, өндіріс масштабтары ұлғаяды. Жоғары пайыз кезінде барлық экономика зардап шегеді, әсіресе машина жасау, металлургия.

Дисконттау үдерісін жеңілдету үшін болашақтағы табыстардың бүгінгі құнын жылдам есептеуге және дұрыс шешім қабылдауға көмектесетін арнайы кестелер бар.

Пайыз санатын талдау кезінде номиналды және нақты пайыздық ставкасын ажырата білу маңызды. Номиналды ставка – бұл пайыздың инфляция қарқынын ескерусіз ағымдағы нарықтық ставка. Нақты ставка – бұл күтілетін инфляция қарқыны алып тасталынған номиналды ставка. Мәселен, номиналды пайыздық ставка 9%-бен, инфляцияның күтілетін қарқыны жылына 5%, нақты пайыздық ставка $(9-5)=4\%$.

9.4. Жер рентасы – жер иесінің факторлық табысы

Экономикалық қатынастар ауылшаруашылығында олар өндіріс факторларының табиғи өндірістің ұдайы өндірілмейтін себебі бойынша туындайтын ерекшелігімен ажыратылады. Олар

жерді, пайдалы қазбаларды және жылжымайтын мүлікті пайдаланудан пайда болады және ренттік деп аталады.

Экономикалық рента – жалға алушымен жерді пайдаланғаны және табыс алғаны үшін жер иесіне төлейтін баға.

Ауылшаруашылықтағы экономикалық қатынастардың ерекшелігі олар үш тұлға: жер иесі, жалға алушы және жалдамалы жұмысшы арасында туындайтындығында. Ауылшаруашылықтағы ерекшелік оның маусымдылығында жатыр. Жыл басынан бірте-бірте шығындар жұмсалады, егінді бір жылда бір рет қана алады. Өндіріс кезеңі жұмыс кезеңінен едәуір көп болады. Ауылшаруашылық техникасын қолдану тиімділігінің төмендеуі орын алады, өндіріс шығындары артады. Сондықтан азық-түлік орташа шамада өнеркәсіп өнімдерінен құны бойынша қымбат болады. Ауылшаруашылық өндірісі ешқашан өнеркәсіпте орташа еңбектің қормен жарақтандырылуына да жете алмайды.

Құнарлығы мен орналасу орны бойынша жақсы жерлер шектелген болғандықтан, шаруашылық айналымға жердің нашар учаскелері де тартылады. Қоғам экономикалық тұрғыдан оларсыз қанағаттана алмайды, себебі өнеркәсіп үшін шикізат керек, ал халық үшін азық-түлік қажет. Қоғам өндірушілерге өндіріс шығындарын нашар учаскелерінде де өтеуге міндетті. Ауыл шаруашылығында өнім бағасы ең нашар учаскенің өндіріс жағдайлары бойынша қалыптасады. Сондықтан, жақсы және орташа жер учаскелері бар жер иелері, бірдей шығындар кезінде, *дифференциалдық рента 1* деп аталатын қосымша табыс алады. Егер де жерді жақсартса, яғни минералды тыңайтқыштарды қосу, суландыру жүргізсе, каналдар құрса, батпақты құрғатса, өзге сөзбен айтсақ, жерге капитал салса, жер барынша құнарлы бола бастайды. Келешекте бұл жер барынша құнарлы болады және *дифференциалды рента 2* деп аталатын қосымша табыс беретін болады.

Жер иелері табыс алу (рента) мақсатында жерді жалға беретіндіктен, онда олар оны алуға тиіс. Бірі қалмай, барлығы, соның ішінде нашар жер иесі де алуға тиіс. Тиісінше, рентаның экономикалық негізі жерге жекеменшік болып табылады. Ауылшаруашылығында жұмыс күшінің бірлігі өнеркәсіпке

карағанда, техниканың барынша аз саны ғана қызмет көрсетеді. Мұнан, ауыл шаруашылық өнімінің жоғары құны шығады. Рентаның бұл түрін бірі қалмай барлығы алады және абсолютті деп аталады, соның ішінде нашар жер учаскесі де. Сандық тұрғыда ол оңай анықталынады. Ауылшаруашылықтың жалпы құнынан (ол жоғары) оның өндіріс бағасы (ол кішігірім) шегеріледі.

Жер рентасы табиғи және ұдайы өндірілмейтін өндіріс факторын қолданудың нәтижесі болғандықтан, мұндай фактор болған барлық жерде туындайды: құрылыста, өнеркәсіптің өңдеуші салаларында т.с.с.

Жер де сатылады және сатып алынады. Негізінде, жердің өзі емес, ол алып келетін табыс сатып алынады. Осыдан шыға, жер бағасы келесі формуламен есептелінеді:

$$V_p = \frac{R_n}{\text{Банк, \%}} \times 100\%$$

мұндағы – V_p – жер бағасы; R_n – жер рентасы.

Пайыз нормасынан тәуелді рентаны есептеуі жер, оның ресурстары немесе оның үстінде жылжымайтын мүліктер орналасқан секілді капиталдық активтерді дисконттаудың әртүрлілігін білдіреді.

Рентаның дисконтталған мөлшері белгілі бір кезеңге өндірістің осы факторларын қолдану туралы келісім-шартты жасасу кезінде қажет.

Қайталауға арналған сұрақтар

1. Өндіріс факторлар нарығына не кіреді?
2. Әр түрлі өндіріс факторларының табыстары мен түрлері қандай?
3. Еңбектің жұмысшы күшінен айырмасы бар ма? Нақты мысалдармен дәлелденіз.
4. Номиналды және нақты жалақының арасындағы айырманы қалай түсінесіз, өз өміріңізден соған мысал келтіре аласыз ба?

5. Еңбек нарығындағы тепе-теңділік толық жұмысбастылықты көрсете ме? Елімізде толық жұмыссыздықты жоюға ұмтылуымыз керек пе? Теріс және дұрыс жауаптарын дәлелдеңіз.

6. Халықтың қандай топтары жалақы, кәсіпкерлік пайда, жер рентасы, қарыздық пайыз алады. Әртүрлі әлеуметтік топтардың табысын экономикалық мазмұнын түсіндіру керек.

7. Кәсіпкерлік табыс көзін түсіндіріңіз. Оның көзі не болады: еңбек, кәсіпкерлік рух, тәуекелділік немесе күту?

8. Қарыз капиталының пайда болу қажеттілігін айтыңыз? Қарыз капиталының бағасы ретінде қарыз пайызының мазмұнын ашу керек.

9. Қарыз пайыздың ставкасы мөлшеріне қандай факторлар әсер етеді.

10. Дисконтілеу экономикалық мазмұны нені тұжырымдайды?

11. Ауылшаруашылығы өндірісінің ерекшеліктері неден тұрады?

12. Жер рентасының пайда болу жағдайы.

13. Қай салаларда рента пайда болады?

14. Дифференциалды рентаның әртүрлі формалары және құрылу схемасы қандай?

15. Абсолютті рента неге пайда болады?

16. Жердің бағасы қалай белгіленеді?

17. Жер учаскесінің бағасын анықтау үшін қандай формула қолданасыз?

Жаңа терминдер мен ұғымдар

Жалақы:

- номиналды

- нақты

Кесімді және мерзімді жалақы

Пайда

Орта пайда

Қарыз капиталы

Дисконтілеу

Рента

Дифференциалды рента

Абсолюттік рента
Жердің бағасы

Тест сұрақтары

1) Номиналды еңбекақы – бұл:

- A) белгілі бар уақыт мерзіміне төленген ақша сомасы;
- B) елдегі орташа еңбекақы;
- C) баға индексі;
- D) ақшалай еңбекақының сатып алу мүмкіншілігі;
- E) еңбекақыға сатып алынған тауарлар мен қызметтер.

2) Нақты жалақы дегеніміз – бұл:

- A) жұмысшы және оның жанұясының тіршілік қаржысының сомасы;
- B) жұмыс күшінің ұдайы өндірісіне қажетті қызмет және тауарлардың саны;
- C) жұмысшы өзінің номиналды жалақысына сатып ала алатын тұтынушылық құндардың жиынтығы;
- D) жұмысшыға ақшалай төлемдердің сомасы;
- E) барлық табысқа келетін тауарлар.

3) Еңбекақының негізгі түрлерін атаңыз:

- A) нақты, номиналды, кесімді, мерзімді;
- B) мерзімді, кесімді;
- C) нақты;
- D) номиналды;
- E) салық төлегеннен кейін алынған.

4) Ауылшаруашылық өндірісінде қандай жерлер пайдаланылады:

- A) жақсы;
- B) орташа, нашар;
- C) нашар;
- D) аталғандардың бәрі;
- E) жақсы, нашар.

5) Дифференциалды рента 2 пайда болады:

- A) ең жақсы табиғи жағдайлардан;
- B) ең жақсы орын жағдайынан;
- C) қосымша капитал салудан;
- D) мемлекет меншік жерінен;
- E) жекеменшік жерінен.

6) Дифференциалды рента 1-ді иемденеді:

- A) жер иесі;
- B) жалгер;
- C) мемлекеттік және жергілікті үкімет органы;
- D) жергілікті үкімет органы;
- E) мемлекет.

7) Жер учаскесі жыл сайын 1000\$ табыс әкеледі, ставка пайызы 4% тең. Жер учаскісінің бағасы тең:

- A) 20.000\$;
- B) 16.000\$;
- C) 25.000\$;
- D) 40.000\$;
- E) 50.000\$.

Тест сұрақтарының дұрыс жауаптары: 1B, 2C, 3C, 4B, 5A, 6E, 7C.

10. ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКА ДЕҢГЕЙІНДЕ ҰДАЙЫ ӨНДІРІС ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКА ЖҮЙЕ РЕТІНДЕ

10.1. Ұлттық есеп жүйесінің жалпы сипаттамасы

Микроэкономика жеке құрылымдардың бағытын және даму заңдылықтарын талдайды: үй шаруашылығын, фирмаларды, кәсіпорындарды және т. б. Олар қарастыратындар: бағалар, шығын, пайда және басқа табыстар. Макроэкономика – бұл ұлттық экономиканың жалпы бағытын және даму заңдылықтарын зерттейтін жалпы экономикалық ілімнің бөлімі.

Экономикаға толығымен нарықтық түсінік беру керек еді. Бұл мәселені көрнекті ағылшын экономисі Джон М. Кейнс шешті, ол біздің ғасырдың 30 жылдары макроэкономикалық теорияның негізін қалады, яғни экономиканың заңды қозғалысы макронарық деп түсінеді.

Макроэкономикада экономикалық көрсеткіштерін жинақтау ірілендірген түрінде көрсетіледі. Макроэкономиканың қарайтын мәселелері мынадай:

- жұмысбастылық мәселесі;
- ұлттық табыстың мөлшері;
- инфляция табиғаты;
- әлеуметтік шаруашылық;
- экономикалық өсу.

Ұлттық экономиканың қызмет етуі төрт субъектінің (мемлекет, кәсіпкерлер, үй шаруашылығы, шетелдік серік) шаруашылық қызметтерінің түрінде көрініс алады.

Нарықтық экономика тек қана нарық жүйесі бола алады. Дж. М. Кейнс оның төрт негізгі нарығын білдіреді: тауар нарығы, еңбек нарығы, ақша нарығы, құнды қағаздар нарығы. Бұлардың әрқайсысы белгілі орын алады және ерекше қызмет атқарады. Бұл нарық арасындағы өзара байланыс, макроэкономикалық қозғалыс механизмін құрайды және барлық макроэкономикалық модельдерде көрінеді. Бұл макронарықта, келесі макроэкономикалық байланыс және бір нарыққа біріктіруге болады:

- фирмалар мен үй шаруашылығы мемлекетке салық төлейді;

- мемлекет фирмаларға дотация жасап және халыққа трансферттік төлем жасайды;
- фирмалар пайдасының бөлігін инвестицияға айналдырады, ал жанұя табыстарының бөлігін жинақтауға айналдырады;
- мемлекет бюджеттің бөлігін бюджет сферасына жібереді;
- мемлекет шет елдермен несие қатынастарында болады.

Ашық экономика ұлттық экономиканың шетелдік мемлекетпен өзара қарым-қатынасын жобалайды, бұл төлем балансының сальдосы ретінде таза экспорт көрсеткішінде қамтып көрсетеді.

Макроэкономикалық саясаттың негізгі мақсаттары макродеңгейде байқалады және макроэкономикалық құралдармен шешіледі. Бұл жеті макроэкономикалық *параметрлер*: жұмысбастылық, жиынтық сұраныс, жиынтық ұсыныс, ұлттық табыс, инфляция, экономикалық өсу, іскерлік цикл. Барлық елдерде макроэкономикалық көрсеткіштер жиынтығын «*ұлттық шоттар жүйесі*» деп атау қабылданған.

Жуырдағы уақытқа дейін макроэкономикалық көрсеткіштер әрбір мемлекетте ұлттық тұрғыда ерекше болды, дегенмен де бір-біріне ұқсады. Бұл көрсеткіштер бір үрдістерді көрсетті.

Ұлттық есеп көрсеткіштерімен (ҰЕЖ) үкімет экономиканың барлық жағдайын анықтайды. ҰЕЖ – біріккен ұлттар ұйымында 1953 жылы қабылданып, көптеген елдерде қолданылады және халықаралық статистикалық ұйымдарда стандарт ретінде қаралады.

Заманауи ҰЕЖ құрушылары американдық экономист С. Кузнец және ағылшын Р. Стоун болып табылады. Осы дайындамалары үшін олар 1984 жылы Нобель сыйлығын алды.

10.2. Макроэкономикалық көрсеткіштер және есептеу әдісі

Ұлттық есеп жүйесінің көрсеткіштері: жалпы ұлттық өнім, жалпы ішкі өнім, таза ұлттық өнім, ұлттық табыс. Негізгі көрсеткіш *жалпы ұлттық өнім (ЖҰӨ)* болып табылады. Оның көлемін бір жыл ішіндегі ұлттық өндірушілермен мемлекет ішінде және шет елде өндірілген дайын тауар мен қызметтердің нарықтық құнының қосындысымен белгіленеді.

Ұлттық есеп жүйесінің (ҰЕЖ) 2-ші көрсеткіші *жалпы ішкі өнім (ЖІӨ)* болып табылады. Жалпы ішкі өнім (ЖІӨ) – бұл, мемлекеттің ішінде ұлттық және шетелдік өндірушілермен өндірілген барлық дайын өнімдердің жылдық құны. ЖІӨ-нің ЖҰӨ-нен жоғары болуы экономика дамуындағы шетелдер меншігінің белгілі рөлі барын көрсетеді.

ЖҰӨ - барлығын қамтитын көрсеткіш ретінде баланс түрінде көрінеді. Баланстың бір жағында тұтынуға арналған өндірісі көрсетілген. Жалпы ұлттық өнімнің көлемі және импорттан алынған тауарлар жиынтық ұсынысты құрайды. Баланстың екінші жағында қоғамдық жиынтық ресурстардың пайдаланатын бағыттары көрсетіледі ол, жиынтық сұранысты құрайды.

Сонымен, ЖҰӨ балансын мына формуламен көрсетуге болады:

$$\text{ЖҰӨ} + \text{Импорт} = \text{Тұтыну (өзіндік, мемлекеттік)} + \text{Инвестиция} + \text{Экспорт}$$

$$\text{Осыдан, ЖҰӨ} = \text{Тұтыну} + \text{Инвестиция} + \text{Экспорт} - \text{Импорт}.$$

ЖҰӨ есептеудің үш әдістері бар. ЖҰӨ – шығыны бойынша есептеу, ол барлық шығындарды қосуды шамалайды: тұтынуға, инвестицияға, мемлекет шығыны және таза экспорт:

- тұтыну (C) шығындары, бұл тоңазытқышты жөндеу, аяқ киім, қант, нанға, үй шаруашылығына шығындары;

- инвестиция (I) шығындары, бұл құрал-жабдықтар, станоктар, өндіріс үйлері, тұрғын үй құрылысы шығындары.

- мемлекеттік (G) шығындар – бұл тауар мен қызметтерге өндіруге кететін мемлекет тапсырысына байланысты шығындар (электрэнергия, аурухана, кітапхана, т.б.). Бұған зейнетақы мен жұмыссыздыққа байланысты жәрдемақы жатпайды.

- таза экспорт (NX) – бұл бар экспорттан импортты шығарып тастағандағы бөлігі $NX = EX - IM$.

Сонымен, ЖҰӨ (GNP) – *шығыны* бойынша есептеу, бұл барлық шығын түрлерінің қосындысы: $GNP = C + I + G + NX$.

ЖҰӨ – *табыспен* де есептеуге болады.

Табыстың 4 компоненті, ұлттық табысты құрайды.

1) Жалақы – жұмысшылар мен қызметкерлердің еңбекақысы.

2) Рента – тұрғын үй, ғимарат, жерді пайдалану табысы.

3) Пайыз - капиталынан алынатын табыс.

4) Пайда – фирмалар, корпорациялардан түсетін табыс.

Бұл табыстар адамдар бір жыл жұмыс істеп, ЖҰӨ өндіріп тапқан табыстар. Мұнда басқа табыс түрі кірмейді. Мемлекет қайтарып беретін табыстарды трансферттік төлемдер деп атайды. Оған жататындар: зейнетақы, балалардың жәрдемақысы, мүгедектерге төлем, жұмыссыздыққа байланысты төлемдер.

ЖҰӨ табыс бойынша есептегенде ұлттық табысқа жанама салық және амортизацияны қосу керек. ЖҰӨ – екі әдіспен есептелінеді, сонымен бірдей нәтиже береді, яғни қызмет пен тауарларды алуға жұмсалатын қаржылар олар өндірушілердің табысы болып саналады.

ЖҰӨ есептеудің үшінші әдісі – *өндіріс бойынша*. Мұнда ЖҰӨ мемлекеттің барлық кәсіпорында өнімдердің қосылған құндарын жинақтаумен анықтайды. Тауар мен қызметтердің қайталап есептеу болмас үшін ЖҰӨ-ң жалпы құнымен емес, тек қосымша құны бойынша есептейді.

Қосымша құн – кәсіпорынның өндіріс процесінде жасалынған өнімнің нақты кірісін көрсететін құн. Бұл жағдайда ЖҰӨ өз алдына экономиканың әртүрлі салаларында өнім өндіретін барлық фирмалардың қосылған құн сомасын білдіреді. Бұл көрсеткіш ЖҰӨ құруда әртүрлі салалардың үлесін ескеруге мүмкіндік береді.

Еселі (қайталанған) есеп – бірнеше рет есептелінетін өнім бөлігінің құны.

Макроэкономикалық көрсеткіштерге тағы жататындар таза ұлттық өнім (ТҰӨ), ұлттық табыс (ҰТ), өзіндік табыс, тиісті табыс.

Таза ұлттық өнім (ТҰӨ) – ұлттық экономика салаларының таза шаруашылық қызмет нәтижесін сипаттайтын көрсеткіш. Жалпы ұлттық өнімнен амортизациялық төлемдерді алып тастау арқылы немесе ұлттық табыс пен жанама салықтардың қосындысы ретінде анықтауға болады.

Ұлттық табыс (ҰТ) шетелдік статистикада барлық табыстар сомасы ретінде анықтайды: жалақы, рента, пайыз, пайда.

Өзіндік табыс – ол, үй шаруашылығының барлық табыстары және трансферттік төлемдер.

Тиісті табыс = өзіндік табыстан салықты алу.

Соңғы уақытта ЖҰӨ құрылымына тағы бір көрсеткіш – *таза экономикалық молишылық (ТЭМ)* қосылуда. ЖҰӨ көрсеткішінде халықтың бос уақыты ескерілмейді. Бос уақыт мөлшері жан басына шаққандағы ұлттық табыс секілді мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі сипаттайды. *Американдық экономистер У.Нордхаус және Дж.Тобин ЖҰӨ теріс факторларды мәселен, табиғи ортаның ластануын және нарықтық емес қызметтерінен құнның қосылуынан, сонымен қатар бос уақытты бағалауды шегеріп түзейтін, таза экономикалық молишылық (ТЭМ) көрсеткішін айналымға енгізді.*

ҰЕЖ барынша толық біріктіріме көрсеткіші ең тұрақты, объективті және нарықтық ауытқулармен бекітілген көрсеткіш ұлттық байлық (ҰБ) болып табылады. Ұлттық байлық өз алдына нақты бір тарихи датаға мемлекеттің даму тарихы кезеңінде мемлекеттің дамуының белгілі бір нәтижесін білдіреді. Ұлттық байлық жыл сайын өндірілген ЖҰӨ өседі. ҰБ мөлшеріне мемлекеттегі экономикалық өсуді айқындайтын абсолютті барлық факторлар әсер етеді. ҰБ құрылымы – бұл, ең алдымен, негізгі және айналмалы өндірістік қорлар (станок, машина, жабдық, шикізат пен материалдар қоры), материалды және рухани құндылықтар (кітапхана, сәулет құрылыстары, мұражай), дайын өнім қорларының жиынтығы, мемлекеттің стратегиялық қорларының барлық түрлері, халық мүліктері, яғни ұзақ мерзімді қолданылатын тауарлар, шаруашылық айналымда барланған және қолданылатын табиғи ресурстар, мемлекеттің рухани байлықтары, ғылыми-техникалық ойлары, жинақталған ақпараттық ресурстары, білім беру деңгейі және қоғамның адам капиталын құрайтын т.б.

10. 3. Номиналды және нақты ЖҰӨ. Дефлятор

ЖҰӨ-ді ағымды бағамен есептегенде бұл *номиналды ЖҰӨ* болады. ЖҰӨ - өсу деңгейіне қарай экономиканың динамикасы бағаланады. Тауар мен қызмет көп болған сайын ЖҰӨ-де көп

болады. Бірақ мұндай әрқашан бола бермейді. ЖҰӨ - құндық мөлшері өскенде, өнімнің физикалық көлемі төмендейді, яғни онда тауарлар өндірісінен олардың бағасы жылдам өседі. Сондықтан салыстырмалы базистік бағада есептелінетін нақты ЖҰӨ анықтайды. ЖҰӨ нақты мөлшерін көрсету үшін дефлятор қолданылады. Дефлятор көмегімен ҰЕЖ барлық маңызды көрсеткіштері қайта есептелінеді. *Дефлятор* – бұл есептік кезеңге құндық көрсеткіш мәнін базистік кезеңнің құндық көрсеткіштеріне аударатын коэффициент.

Егер ЖҰӨ инфляциядан тазартатын болсақ онда оның нақты мағынасын табамыз. Нақты ЖҰӨ – бұл баға деңгейіндегі өзгеріске байланысты ЖҰӨ. Номиналды ЖҰӨ-нің нақты ЖҰӨ-ге қатынасы, оның бағасының өсуі ретінде ұлғайғаны көрсетіледі де, ол дефлятор деп аталады.

Сонымен, *ЖҰӨ дефляторы*, ол ЖҰӨ нақты көлемін анықтау үшін қолданылатын баға индексі.

$$\text{Дефлятор} = \frac{\text{Осы жылдың ЖҰӨ баға деңгейі}}{\text{Базалық жылдың ЖҰӨ баға деңгейі}} \cdot 100\%$$

$$\text{Дефлятор} = \frac{\text{Номиналды ЖҰӨ}}{\text{Нақты ЖҰӨ}}$$

Дефлятор ЖҰӨ мөлшерінің барлық бағалық (инфляциялық) бұрмалануын еңсереді. Мысалы, 2011 ж. нақты ЖҰӨ мынадай формуламен белгілейміз:

$$\text{Нақты ЖҰӨ}_{2011} = Q_{2011} \cdot Id$$

Q_{2011} – тауардың саны;

Id – индекс дефлятор.

Индекс - дефляторлар жалпы халық шаруашылығы, жеке аймақтар, әртүрлі тауарлы топтар, экономиканың салалары және т.б. бойынша анықталынады.

Егер, нақты ЖҰӨ жылдық өсімі 4%-дан артса, онда экономика жағдайы қанағатты, ал 4%-дан төмен болса, онда өндірістің деңгейі төмендеу және жұмыссыздық өседі.

ҮЕЖ қарастырылған барлық көрсеткіштерін жиынтық ретінде ғана емес, сонымен қатар, жан басына шаққанда есептеу қажет. Бұл көрсеткіш мемлекет дамуының деңгейін, оның халқының ауқаттылығының деңгейін сипаттайды. Қытай өндіріс көлемі бойынша АҚШ-тан кейін екінші орында. Бірақ егер өндірісті жан басына шаққандағыдай есептесе, онда Қытай көшбасшылықтан ары, тоғызыншы ондықта болар. Бұл көрсеткіштер бойынша жетекші орында Швейцария, Швеция, Голландия, Скандинав елдері болады.

Бір адам басына келетін ЖІӨ ҚР 2011 ж. 11000 долл. болды. Сонымен қаралған макроэкономикалық көрсеткіштер негізі – елдердің экономикасының әртүрлі жағын көрсетеді.

Қайталауға арналған сұрақтар

1. Макроэкономика нені зерттейді?
2. Қандай негізгі макроэкономикалық көрсеткіштер бар?
3. ЖҰӨ мен ЖІӨ арасында қандай айырмашылық бар?
4. Ұлттық табыс нені көрсетеді және қалай анықталады?
5. ЖҰӨ қандай әдістермен өлшенеді?
6. Ұлттық есеп жүргізушілік не үшін қажет?
7. ЖҰӨ дефляторы мәні қалай анықталады?

Жаңа терминдер мен ұғымдар

Жалпы Ұлттық өнім

Жалпы ішкі өнім

Ұлттық табыс

Таза ұлттық өнім

Жеке табыс

Тиісті табыс

Ұлттық байлық

Таза экспорт

Қосымша құн

Еселі есеп
Трансферттік төлемдер
Таза экономикалық тұрмыс жағдай
Индекс-дефлятор

Тест сұрақтары

1) Мына көрсетілгендердің қайсысы таза экспорт есебімен ЖҰӨ көлемін бейнелейді:

- A) $ЖҰӨ = C + I + G - NX$;
- B) $ЖҰӨ = C - I - G + NX$;
- C) $ЖҰӨ = C + I - G + X$;
- D) $ЖҰӨ = C + I + G + X + N$;
- E) $ЖҰӨ = C + I + G + NX$.

2) Нарықтық шаруашылықтың негізгі тұлғалары:

- A) үй шаруашылықтары, бизнес және үкімет;
- B) өнеркәсіп, сауда және қаржы капиталистері;
- C) жалдамалы жұмысшылар, капиталистер, жер иелері;
- D) өндіріс факторларының иелері;
- E) кәсіподақтар, кәсіпкерлер бірлестіктері, мемлекеттік институттар.

3) Номиналды ЖҰӨ өлшенеді:

- A) экспортты бағада;
- B) ағымды бағада;
- C) базалық өзгермейтін бағада;
- D) өткен кезең бағасында;
- E) әлемдік бағада.

4) Дефлятор дегеніміз – бұл:

- A) тиімділік көрсеткіші;
- B) ЖҰӨ мен ұлттық пайда арасындағы айырмашылық;
- C) номиналды және нақты ЖҰӨ арасындағы қатынас;
- D) елдің экономикасына капитал салу көрсеткіші;
- E) экономикалық циклдің фазаларының бір көрсеткіші.

5) Ұлттық табыс – бұл:

А) жоспарлы түрде ұйымдастырылған еңбек пен жасалған таза өнім;

В) ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіп өнімдері;

С) кәсіпорындардың белгілі уақыт ішінде шығарған өнім мөлшері;

Д) қоғамдық жиынтық өнімнің жаңа құн түріндегі өндірілген бөлігі;

Е) барлық тұтынылған тауарлар мен қызмет көрсету саласы.

Тест сұрақтарының дұрыс жауаптары: 1Е, 2А, 3В, 4С, 5D .

11. МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ ТЕПЕ-ТЕҢДІК

11.1. Макроэкономикалық тепе-теңдік және оның қамтамасыздануы. Экономикалық тепе-теңдік және теңсіздік

Нарықты экономика – бұл өзі бір үлкен нарық. Бұл макронарық – басқа микронарыққа әсерін тигізеді. Сатыпалушы мен сатушының арақатынасы микроэкономика деңгейінде де күрделі, ал барлық нарықты экономика ауқымында арақатынас бірнеше рет күрделенеді. Макроэкономика, талдаудың ерекше әдісін талап етеді, себебі оған тиісті тәуелділік микроэкономикада белгісіз. Экономистер макроэкономикалық модельдер жасай отырып, қандай мақсаттар қойып отырғанын қараймыз.

Экономикалық теорияның түпкілікті түсінігі болатын категория экономикалық тепе-теңдік. *Экономикалық тепе-теңдік* – бұл ұлттық экономиканың, барлық нарықта бір уақытта сұраныс пен ұсыныстың тепе-теңдік болу жағдайы. Экономикалық тепе-теңдік макроэкономикалық теорияда орталық орын алады, неге десе ол экономиканың оптималды жағдайын көрсетеді. Бұл қоғамдық өндірістің жоғарғы деңгейі мен экономикалық өсу қарқынын, толық жұмысбастылық, инфляцияны төмендету қамтамасыз етудің қажетті жағдайы.

Нарықты экономика жағдайын бір уақытта болатын екі жағдайдағы – *тепе-теңдікте және теңсіздікте, тепе-теңдік және динамика* ретінде сипаттауға болады. Нарықты экономикада барлық өндірілген өнімдер (*жиынтық өндіріс*) тауарға айналады (*жиынтық ұсыныс*) және сатылуы қажет (*жиынтық сатылу көлемі*). Ал барлық табыс (*жиынтық табыс*) жұмсалуды қажет (*жиынтық сұраныс*) және өткерілу керек (*жиынтық тұтыну*). Тек сонда ғана, жиынтық сұраныс пен жиынтық ұсыныстың мөлшері тең болады ($AS=AD$). Осындай идеалды, нарықты экономиканың жағдайы, *экономикалық тепе-теңдікте* болады. Өмірде оған жету мүмкін емес. Бірақ оған ұмтылу қажет.

Макроэкономика деңгейінде, барлық өндірілген тауарлар мен қызметтерді біріктірсе, онда ол *жиынтық ұсыныс*, ал

қоғамның осы тауарлар мен қызметтерді тұтыну мүмкіндігі болса, ол *жиынтық сұраныс* болып табылады.

Нарықты экономика тұрақты қозғалыста болады, және ол жиынтық сұраныс пен жиынтық ұсыныстың теңдігін бұзып отырады. Тек сондай ауытқулар арқылы «экономикалық динамика» болады. Бұл нарықты экономиканың дамуы деп айтамыз.

Сондықтан, экономикалық тепе-теңдік жиынтық сұраныс пен жиынтық ұсыныстың теңдігін талап етеді ($AD=AS$), ал экономикалық динамика теңсіздікке итереді. Соған қарамай осы екі қойылатын міндетке: теңдікке және теңсіздікке нарықтық экономика жауап бере алады.

Макроэкономиканың негізгі көрсеткіштерін санды өлшеуге болады. Макроэкономикалық модельдер математикалық теңдеулер түрінде болады. Макроэкономикалық модельдер теңдескен мінездеме болады. Ол баланстыққа жеткізетін сәйкестік дейміз. Бұл теңдіктер шамалайды:

- өндіріс пен тұтыну арасында;
- табыс пен шығынның;
- ресурстар және оны пайдалану арасында;
- сұраныс пен ұсыныс арасында.

Тепе-теңдікке жету белгілі қиыншылықты туғызады. Бұл экономикадағы тепе-теңдікті бұзатын нақты құлдырау мен дағдарыс, жұмыссыздық және инфляциямен расталады. Тепе-теңділік экономиканың механизмін экономистер өздері жасап отырған макроэкономикалық модельдерінде көрсетуге талпынуда. 18 ғасырдағы Франция экономикасының мысалындағы жәй ұдайы өндірісті сипаттауы Ф. Кенэ (1694-1774) кестесі. К. Маркстің моделі капиталистік жәй және ұлғаймалы ұдайы өндіріс пен айналымының моделі. Еркін бәсеке заңы жағдайындағы жалпы экономикалық тепе-теңділік Л. Вальрас моделі (Австрия). Шығындар – шығару (В. Леонтьев) моделі. Дж. М. Кейнстің қысқа мерзімді экономикалық тепе-теңдік моделі.

Бұл модельдер экономика тек өндіріс сферасына ғана қатысты болған кезге сәйкес келетін. Қазіргі экономикада өндірістен тыс сфералар (бөлу, қайта бөлу, айырбас) үлкен мәнге ие.

Макроэкономикалық модельдер нарықтық сипаттама қабылдады:

- жиынтық сұраныс пен жиынтық ұсыныс (**AS=AD**) моделі;
- елдің ұлттық есеп моделі; мұнда жиынтық ұлттық шығынның көлемі (**AE**) ұлттық табысқа (**NI**) тең болуы;
- инвестиция жинақтарға тең (**S=I**) моделі.

Сонымен, нарықты экономиканың макроэкономикалық модельдері қазіргі экономикалық саясаттың теориялық негізін құрастырады. Бұл макроэкономикалық процестердің объективті логикасы және оның проблемаларын реттеу түсінігі болады.

11.2. Тепе-теңдік динамикасының классикалық моделі


Макроэкономиканың бірінші классикалық моделі, ол бағаның жиынтық сұраныс жиынтық ұсыныс пен өзара әрекеттестік механизмі. Осы классикалық моделінің негізінде «Сзя заңы» болды. Ол заңға сәйкес, тауарлардың ұсынысы өзінің сұранысын тудырады. Мұнда, еңбектің қоғамдық бөліну жағдайында, әрбір өндіруші өзінің тауарын өзі өндірмейтін басқа тауарды сатып алу үшін сатады. Сондықтан, сұраныс мөлшері ұсыныс мөлшеріне тең болады. Бірақ, нақты нарықты экономика одан күрделі құрылған:

- тұтынушылардың саны өндірушілерден көп;
- тапқан табыс толық шығындалмайды, бір бөлігі сақталады;
- шығындардың бөлігін өндіруші несиес арқылы жүргізеді.

Сонымен: сұраныс жинақтың мөлшеріне азаяды, ал ұсыныс несиенің мөлшеріне көбейеді. Осыдан мынадай қорытынды: жиынтық сұраныс пен жиынтық ұсыныстың тепе-теңділігі жинақ пен инвестицияның теңдігін қажет етеді. **AD=AS** теңдігіне жету үшін **S=I** теңдігі қажет, ол макроэкономикалық *тепе-теңділік механизмін* айқындайды.

Табыс бөлігінен жинақтаушы тұлға, және несиес есебінен инвестиция жасаушы тұлға – экономикадағы әртүрлі қатысушылар. Сондықтан, макроэкономикалық тепе-теңділігін, ол жинақтау және инвестиция мөлшерінің теңдік арқылы тек *арнаулы реттеуімен* нәтижесі болуы мүмкін. Қалай ол

жетіледі? Сақтаудың мөлшері *пайыз нормасымен* белгіленеді. Пайыз нормасы жоғары болған сайын, жинақтың да мөлшері көп, немесе керісінше. Кәсіпкерлер инвестицияны несие арқылы жүргізеді, оған пайыз төленуі керек. Пайыз жоғары болған сайын, кәсіпкердің несие алу ынтасы төмендейді. Инвестиция, жинақтау және пайыз нормасымен байланысты төмендегі суретпен көруге болады.



1.17-сурет. Инвестиция, жинақ және пайыз нормасының өзара байланысы

Сондықтан, сақтау мен инвестицияның теңдігін қамтамасыз ететін механизм – ол ақша құралдар нарығы, онда ұсыныс сақтаумен көрсетілген, ал сұраныс – инвестициямен, ал бағаның рөлін пайыз орындайды. Басқа сөзбен айтқанда, *тепетеңділік пайыз*, бұл *жинақ қарызына төлем*, ол сақтаушылар мен инвесторларға да жарайды. Нарықты экономика қозғалысының механизмі, ол табыс – сақтау – инвестиция: табыстың өсімі жинақтың өсімін ынталандырады, олардың инвестицияға айналуы өндіріс көлемін және жұмысбастандықты көбейтеді – одан кейін тағы да табыстың мөлшері көбейеді, ал ол жинақтың өсуіне әкеледі және т.с.с. Сонымен, макроэкономика механизмін классикалық моделі ақша

нарығында еркін баға құрылуына жеткізілген. Бұнда, жиынтық сұраныс пен жиынтық ұсыныстың және сақтау мен инвестицияның арасында сәйкестік жеткізілген $AS=AD$, $S=I$. Осыдан, нарықты экономика мемлекеттің реттеуші рөлін қажет етпей-ақ автоматты түрде артық өндіру, тапшылық, инфляция және жұмыссыздық дағдарыстан құтылады.

Классикалық модель экономикалық ғылым тарихында құрметті орынға ие. Ол нарықтық экономиканың тепе-теңдік динамикасында «жинақ – инвестиция» балансының басымдылығын дұрыс көрсетті. Бұл пайыз нормасында нарықтық экономиканың өзін-өзі реттеу механизмінің басты элементтерінің бірін көруге мүмкіндік берді.

XX ғасырдың 30 жылдардағы дағдарыс экономикадағы тепе-теңділік еркін бағаландыру арқасында, өзінше автоматты түрде болады деп есептеді. Сол дағдарыс экономикадағы тепе-теңділік еркін бағаландыру механизмі туралы ұғымға өзгеріс еңгізді. Ол ең алдымен жұмыссыздық пен инфляцияға қатысты.

11.3. Кейнсиандық тепе-теңділік моделі

Кейнс «жинақ – инвестиция» «классикалық» макроэкономикалық тәуелділігінің жаңа түсіндірмесін бере отырып, экономикалық ғылымға үлкен үлес қосты. «Классикалық» моделіндегі жинақ және инвестиция мөлшерінің тепе-теңдік қажеттілігі жиынтық ұсыныстың өсуіне басымдылық беруін білдірді. Кейнсиандық тұрғысынан жиынтық сұраныс басымдылығынан шықты. Бұл келесі пайымдаулардан туындайды.

Жұмысбастылықтың өсуі ұлттық табыстың (ҰТ) өсуіне алып келеді. ҰТ көп болған сайын, жиынтық сұраныста көп болуы керек. Бұл жағдай орын алмайды, себебі ҰТ өсуі кезінде оның көп бөлігі жинақтауға бағытталады. Сонымен, ҰТ көп болған сайын, оның нақты («тиімді») тұтынушылық сұраныс аз болады. Ол өндіріс көлеміне және жұмысбастылық мөлшеріне әсер етеді.


Сөйтіп, жұмысбастылық өсуі ҰТ арттыра отырып, сұраныстың өсуіне емес, жинақтаудың өсуіне алып келеді. Нәтижесінде өндіріс қосымша сұраныстан (жинақ мөлшеріне)

айырылады және қысқарады. Нәтижесінде жұмыссыздықтың өсуі орын алады. Сондықтан Кейнс *тиімді сұранысты* ынталандыратын саясат қажет деген қорытынды жасайды.

Кейнсиандық модельде тепе-теңдік динамикасы механизмінің негізін классикалық модельдегідей «табыстар – жинақ» байланысы емес, «табыстар – сұраныс» байланысы құрайды.

«Бағадан» «сату көлеміне» өтуі жиынтық сұраныс пен жиынтық ұсыныс тепе-теңдік көлемінің қалыптасу механизмін жаңаша көрсетуге мүмкіндік берді.

Егер бір графикте жиынтық сұраныс пен жиынтық ұсыныс қисық сызығын құрсақ, онда оны келесі графикте көрсетуге болады, А нүктесі нарықтық экономиканың тепе-теңдік жағдайын көрсетеді. Мәселе, нақты ҰТ-дан ауытқу кезінде бұл мөлшерді қалпына келтіретін нарықтық механизмді түсіндіруде. Мұнда тек екі жағдай мүмкін: ҰТ тепе-теңдік мөлшерінен «көп» немесе «аз» болады.




1.18-сурет. Нарықтық экономиканың тепе-теңдігі

Табыстың бөлігі жинақталады, сондықтан сұраныс қисық көлбеу түрінде болады. $OA_1 = ЖҰӨ$ (тұтыну және инвестициялық тауарларға жиынтық сұраныстың болуы), және экономиканың тепе-теңділік жағдайына сәйкес. Нақты шынында екі басқа жағдай болуы мүмкін.

1 жағдай. Ұлттық табыс өскенде, жиынтық ұсыныс және жиынтық сұраныс өседі. Ұсыныс, сұраныстан жылдам өседі сақтау әсерінен, содан тепе-теңділік бұзылады. Бірақ, тепе-теңдікке ұмтылу, өндірісті қысқартуға және жұмыссыздыққа әкеледі.

2 жағдай. ҰТ тепе-теңділік деңгейінен төмен болса. Сұраныс ұсыныстан артық. Тауар қоры қысқарады. Өндірістің өсу тиімділігі жұмыс істей бастайды. Бұнда тепе-теңдікке жетуге болмайды, яғни өндіріс бар ресурстарын пайдаланды, өз көлемін көбейте алмайды. Салғыртқа қарамай, баға өсе бастайды, инфляция басталады. Сондықтан, экономика жұмыссыздықтың немесе инфляцияның салмағының астында қалады. Бұнда мемлекеттің араласуы қажет.




1.19-сурет. Нарықтық экономиканың теңсіздігі

Экспансия саясаты. Мемлекеттің көмегімен тепе-теңділік деңгейі басқа деңгейге ауысады. Жиынтық сұранысқа әсер етіледі де, жұмыссыздық қысқарады, инфляция төмендейді.


Кейнс тиімді сұраныстың шешуші факторы ретінде инвестиция деп санады. Инвестицияны ұлғайтудың екі тәсілі бар: ақша-несие және салық-бюджеттік саясат есебінен. Зейнетақының, жәрдем, стипендия, жалақы, жалдамалы жұмысшылардың көбеюі. Бюджет арқылы салық жеңілдігі мен субсидиялар, қоғамдық

жұмыстарды ұйымдастыру, жалпылы ұлттық байланыстарды дамыту тағы сондай жұмыстарды жасау.



1.20-сурет. Жұмыссыздықты қысқарту

Ұстамдылық саясаты. Бұнда мемлекеттік шығындарды қысқарту, салықты өсіру жолымен экономиканы тоқтату. Әлеуметтік бағдарламалар қысқарады. Сонымен жиынтық сұраныс азайып, инфляция төмендейді.



1.21-сурет. Инфляцияны төмендету

Экономикалық тұрақсыздықтың басты көріністері болып, ең алдымен, өндірістік құлдырауы, жұмыссыздық және инфляция болып табылады. 30 жылдарда кейнсиандық ғылымдағы және экономикалық саясаттағы үстемдік еткен теория бола бастады.

Мультипликатор. Инвестицияны өсіру ұлттық табыстың өсуіне алып келеді және белгілі бір әсер күшінде толық жұмысбастылыққа қол жеткізуіне себебін тигізеді. Бұл ЖҰӨ өсуінің өспелі әсерін мультипликациялық әсер деп атайды. Мультипликатор негізінен, мәні бойынша көбейткіш деген мағынаны білдіреді. Ол өз алдына инвестиция өзгерістері мен табыс мөлшерінің өзгеруі арасындағы тәуелділікті айқындайтын коэффициентті білдіреді. Инвестицияға көбейту керек коэффициентті келесі формуламен есептейді:

$$K = \frac{1}{1-MPC} = \frac{1}{MPS}$$

Тұтынуға кететін табыстың өсу (қысқару) үлесі *тұтынуға шектеулі бейімділік* деп аталады.

$$MPC = \Delta C / \Delta Y$$

Қор жинауға кететін табыстың өсу (қысқару) *қор жинауға шектеулі бейімділік* деп аталады.

$$MPS = \Delta S / \Delta Y$$

Олардың қосындысы бірге тең.

$$MPC + MPS = 1$$

Табыс пен инвестициялардың тәуелділігі мультипликатор арқылы анықталады. Инвестицияның тиімділігін анықтау үшін оларды алынған нәтижемен салыстыру керек. *Мультипликатор* – көбейткіш, ал *акселератор* бұл дайын өнім сұранысының өсуіне деген интенсивті өсушілік коэффициенті. Мультипликатор қолда бар күрделі қаржының өсуі кезіндегі ұлттық табыстың қанша есеге өсетіндігін көрсетеді. Мультипликатор инвестиция

көлемі өскендегі ЖҰӨ мөлшерінің көбеюін көрсететін сандық коэффициент.

$$\text{Мультипликатор } MP = \frac{\text{ЖҰӨ (Ұлттық табыс) өсімі}}{\text{Инвестиция өсімі}}$$

Акселератор ол осы жылғы инвестиция өсімшілігінің өткен жылдары ұлттық табыстың өсімшілігіне сандық қатынасы.

$$\text{Акселератор} = \frac{\text{Ағымдағы жылғы инвестиция өсімі}}{\text{Өткен жылғы ұлттық табыс өсімі}}$$

Макроэкономикалық модельдерде акселератор мультипликатормен бірігіп, шетелдерде экономиканы реттеу үшін кең қолданылады.

Туынды инвестиция мен жинақтылық парадоксының өзара байланысы, өндірістік құламалы қысқаруы және ұсақ өндірушілердің массалық кедейлену себептері осы жерде екендігіне назар аудару керек.

Қайталауға арналған сұрақтар

1. Макроденгейдегі тепе-теңдік пен жеке тауар нарығындағы тепе-теңдіктің айырмашылығы неде?
2. Тұтыну, жинақ, инвестициялар категорияның өзара байланысын негіздеңіз.
3. «Кейнсиандық крестін» сызып және оны сипаттап беріңіз. Неліктен график биссектриса айналасында құрылады? Инвестицияны сипаттайтын сызықтар неліктен қатаң түрде параллельді түрде жоғары жылжиды?
4. Нақты мысалда мультипликация мазмұнын түсінгеніңізді көрсетіңіз.
5. Маңыздылығы инвестицияның сол жағдайында экономикалық шешімдердің әсерін көбейтуінде болатын нақты мысалда «мультипликатор» санатының мазмұнын көрсетіңіз.

Жаңа терминдер мен ұғымдар

Жиынтық сұраныс
Жиынтық ұсыныс
Қор жинауға бейімділік
Тұтынуға бейімділік
Мультипликатор
Акселератор
Жинақтылық парадоксы
Сэя заңы
Инвестиция
Автономиялық
Туынды

Тест сұрақтары

1) Кейнсиан теориясына сәйкес

- А) нарықтық механизм экономиканың тепе-теңділік жағдайын кепілдейді;
В) жиынтық сұраныс мемлекеттің және нарық механизмімен жиынтық ұсынысын құрайды;
С) нарықтық механизм табыстың және өндірістің тепе-теңдігін қамтамасыз етеді;
D) ұсыныс сұранысты тудырады;
E) тепе-теңдік мемлекетпен жетеді.

2) Дж. Мейнард Кейнстің ойы пайда болуына мүмкіндік берді:

- А) еңбек құнының теориясына;
В) экономиканың негізгі звеносы ретінде – микроэкономикаға;
С) шектелген игілік пайдалылығы заңына;
D) экономикалық теорияның ірі бөлімі – макроэкономикаға;
E) рента теориясына.

3) “Мемлекеттің экономиканы реттеуі тиіс” – деген тезисті алғаш рет дәлелдеген:

- А) У. Митчелл;
В) П. Вальрас;

- С) Ф. Хайек;
- Д) А. Маршалл;
- Е) Дж. Кейнс.

4) Дж.М.Кейнс классикалық микроэкономика теориясының қай тұжырымдамасын сынады:

- А) Сэй заңын;
- В) ақшаның сандық теориясын;
- С) экономиканың өзін-өзі реттейтін нарық теориясын;
- Д) банк механизмін;
- Е) ұсыну экономикалық теориясына.

5) Дж.М.Кейнстің “Жұмыспен қамту, пайыз, ақшаның жалпы теориясы” еңбегін жазу себебі:

- А) мемлекеттің экономиканы қатал реттеуі;
- В) монополияның өсуі;
- С) ақшаның айналыста көбеюі;
- Д) терең дағдарыстан шығу;
- Е) бағаның өсуі.

6) Кейнсиандықтар жұмыссыздықтың негізгі себептерін байланыстырады:

- А) жетіспеген сұраныспен;
- В) өте жоғарғы жалақымен;
- С) жұмысшы күшіне резерв жасау қажеттілігімен;
- Д) еңбек нарығындағы икемділіктің жетіспеуімен;
- Е) саяси тұрақсыздықпен.

7) Дж. М. Кейнс «Жұмыспен қамту, процент және ақшаның жалпы теориясы» еңбегін қай жылы жарыққа шығарды?

- А) 1938;
- В) 1967;
- С) 1936;
- Д) 1956;
- Е) 1941.

Тест сұрақтарының дұрыс жауаптары: 1В, 2Д, 3Е, 4С, 5Д, 6А, 7С .

12. ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУДЫҢ АУЫТҚЫМАЛЫ БОЛУЫ МАКРОЭКОНОМИКА ЗАҢДЫЛЫҒЫ РЕТІНДЕ ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУ

12.1. Нарықтық экономиканың циклдік дамуы. Циклдік тербелудің себептері

Қоғамдық өндіріс қозғалысындағы белгілі уақыт аралығында жиі қайталанып тұратын тербеліс, оның дамуының «циклдік» сипатын білдіреді. Бір цикл деген экономикалық бір кризистен басқасына қозғалысын немесе бір ұшу нүктесінен басқасына қозғалысын қамтиды. Экономикалық даму барысындағы мұндай өзгеріс себебі әр түрлі түсіндіріледі.

Көптеген қазіргі экономистер циклдік қозғалыс себебі – нарықтық экономика қозғалысына әсер ететін көп түрлі күштер мен факторлардың күрделі де қайшылықты сипатына байланысты деп жалпылай көрсетуімен шектеледі.

Циклдік тербелісті экстералды және интералды теориямен түсіндіреді:

– *Экстералды* теория экономикалық циклді негізінен *сыртқы* факторлардың болуымен түсіндіреді.

– *Интералды* теория экономикалық циклді экономикалық жүйенің өзіне тиісті факторларын *іштен* тудыратыны ретінде түсіндіреді.

Сыртқы себептерге экономикалық жүйенің сыртында жатқан және экономикалық жағдайларды кезендік қайталануын шақыратын объективті және субъективті жағдайлардың жатуы мүмкін.

Сыртқы себептер, ол:

– соғыс, революция және басқа саяси сілкіністер;
– алтын, ұран, мұнай және басқа бағалы ресурстардың ірі кен орындарының ашылуы;

– жаңа территориялардың игерілуі және оған байланысты халықтың көші-қоны, жер шарындағы халық санындағы тербелістер:

– қоғамдық өндіріс құрылымдағы түбірлік өзгеріске мүмкіндік беретін технология, қуатты ашылулар, өнертабу және инновация.

- Экономикалық циклді тудыратын ішкі себептер:
- негізгі капиталдың қызмет мерзімі;
- өндіріс көлеміне қысқаруына немесе өсуіне әсер ететін жеке тұтынушылық;
- өндіріске, сұраныс және тұтынуға тікелей және жанама әсер ететін мемлекеттің экономикалық саясаты.

12.2. Экономикалық цикл және оның әртүрлілігі. Орта жедел циклдердің фазасы

Циклдің әртүрлілігі болады:

- *ұзынтолқынды* – бірнеше онжылдықты қамтиды (шамамен 45-50 жыл - жаңа технологиялардың пайда болуымен байланысты, Н.Д.Кондратьев толқындары);

- *қалыпты немесе орта* – 8-10 жылдық. Оларға Жугляр циклі жатады, оның себептері ақша айналымда, несие, және материалдық негізі – негізгі капиталдың жаңартуы болып табылатын өнеркәсіптік циклде болады;

- *шағын циклдер* немесе Китчин циклдері – алтынның әлемдік қорының ауытқуымен байланысты 3-4 жылдық.

Өнеркәсіптік циклді дайындауда ерекше орынды үлкен толқындар теориясын дайындаған Н.Кондратьев алады. Ол өзінің циклдерінде екі фазаны – жоғарылатылма және төмендегілмені көрсетеді. Жоғарылатылма фаза алдында ғылыми – техникалық прогресте өзіндік жарылыс жүреді, одан кейін көтерілу сатысында – ҒТП нәтижелерін экономикаға кеңінен ендіріледі. 1803-1843 жылдарында болған бірінші цикл, тоқыма фабрикаларын және тас көмірді өнеркәсіптік өндіруімен сипатталады. Екінші (1844-1896 жж.) көмірді одан ары өндірумен, теміржолдарын салумен, бу қозғалтқыштарын ойлап табумен және массалық қолданумен және қара металлургияның дамуымен сипатталады. Үшінші (1896-1947 жж.) дәуір ауыр машина жасау, электр энергиясы, бейорганикалық химия, құрыш құю өндірісі және электрлік қозғалтқыштармен сипатталады. Төртінші (1947-1983 жж.) саты автокөлік жасау, машина жасау, химиялық өнеркәсіп, мұнайды қайта өндірудің даму кезеңі. Бесінші толқын 1983 жылы басталды және

электрониканың, робот техниканың, есептеуіш, лазерлік және телекоммуникациялық техниканың дамуымен сипатталады. Бұл цикл 2018 жылы аяқталуы тиіс. Одан ары адамзат қолданыста бар нано-,био-, акпараттық технологиялардың конвергиясымен айналысатын болады. Тәжірибеде бұл қалпына келетін энергияға, қалдықсыз өндіріске және т.б. өтуді білдіреді.

Өнеркәсіптік цикл қозғалысында тізбекті өтетін– кризис, тоқырау, жандану және көтерілу фазалары байқалады.

Кризис – тауарларды артығымен өндіру, жұмыссыздардың көбеюі, өмір сүру деңгейі мен жалақының төмендеуі, банктегі депозиттерді алу кезінде көптеген банктер күйзеліске ұшырайды, бағалы қағаздар курсы төмендеп кетеді.

Тоқырау – ол біртіндеп, тауарлардың артықшылығы азаяды, бағаның төмендеуі қысқарады, капиталдың көпшілігі банктерге ағылады, қарыз пайыз нормасы ең төмен деңгейде болады.

Жандану және көтерілу өндірістік өсуімен сипатталады, өнеркәсіп өндіріс көлемі қалпына келеді, ал көтерілу кезінде өнеркәсіптік өнім енді бұл деңгейді асып берілген цикл шегіндегі жаңа максимумға жетеді.

Кризис – бұл өндірісті төмендетуді және тоқтатуды, ал қиын жағдайларда типті өндіріс күштерінің құлауына әкеліп соғатын экономикадағы тепе-теңдіктің бұзылуы. Өндіріс дағдарысының екі түрі бар – «өндіріс кризисі» және тауарлардың «өндірілмеген кризисі». Нарықтық экономика үшін өндіріс кризисі тән. Ол келесілерде көрінеді:

Біріншіден, тауарларды оларға төлем қабілетті сұраныспен салыстырғанда артығымен өндіру пайда болады. Нәтижесінде өндіріліп қойған тауарлар сәйкес өткізілмейді.

Екіншіден, салдары ретінде, көптеген кәсіпкерлер өз қарыз міндеттемелерін төлеуге жағдайы келмейді және күйреуге ұшырайды.

Үшіншіден, өндіріс көлемінің төмендеуі, жұмыссыздардың көбеюіне, жұмысбастылықтардың өмір деңгейінің төмендеуіне және сұраныстың одан сайын төмендеуіне әкеледі.

Соңында, *кризистік* жағдайға қолма-қол ақша қаражатын тынымсыз іздеу тудыратындықтан несиелік жүйе де ұшырайды. Бұл жағдайда кәсіпкерлер несиеге барлық өспелі пайызды

төлеуге дайын, бірақ жаппай салымдарды алу, банктердің қарыз беруі емес көптеген салымшыларға ақшаларын қайтару мүмкіндігі азаяды. Көптеген банктер күйзеліске ұшырайды. Бір мезетте бағалы қағаздар курсы төмендеп кетеді.

Кризистің артынан *тоқырау* келеді, біртіндеп, тауарлардың артықшылығы (бір бөлігі төмен бағамен өткізіледі, қалғаны бұзылады) азаяды. Тауарларды өткізу қалпына келеді, бағаның төмендеуі қысқарады. Тоқырау кезінде өндіріс көлемі кризистік кезеңге қарағанда біршама көбейеді. Сонымен қатар капиталдың көпшілігі өндіріс пен саудадан өз орнын таба алмай банктерге ағылады, яғни еркін ақша ұсынысын өсіреді. Бірақ оларға деген сұраныс төмендеу болғандықтан, қарыз пайыз нормасына ең төмен деңгейге дейін құлдырайды.

Жандану фазалары өндірістік өсуімен сипатталады: Жандану фазасында кризистің алдындағы өнеркәсіп өндіріс көлемі қалпына келеді, ал *көтерілу* кезінде өнеркәсіптік өнім енді бұл деңгейді асып берілген цикл шегіндегі жаңа максимумға жетеді.

12.3. Аграрлық дағдарыс. Құрылымдық дағдарыс. Мемлекеттік циклге қарсы реттеулер

Циклдік кризис өндірістің көп бөлігін, халық шаруашылығының барлық аймағын қамтитын болғандықтан «жалпы» деп аталады. Сонымен қатар, өнеркәсіптің *бір саласын* ауылшаруашылығын және көлікті (мысалы, тоқыма өнеркәсібі) қамтитын салалық кризис болуы да мүмкін.

Экономикалық кризистің басқа бір түрі – халық шаруашылығының дамуында ірі сәйкестенбеумен туатын *құрылымдық кризис*. Мұндай кризис әдетте созылмалы сипатқа ие және одан шығу өте қиын (құрылымдық кризистің мысалға: энергетикалық, шикізаттық, азық-түліктік жатқызуға болады).

Аграрлық дағдарыстың ерекшеліктері келесіде:

- аграрлық дағдарыс ауыл шаруашылықтың өнеркәсіптен артта қалуымен байланысты (бұл артта қалу экономикалық дамудың жоғары деңгейіне жеткен барлық мемлекеттерге тән емес);
- аграрлық дағдарыс ұзақ болатындығы соншалық жалпы қайта өндірістің дағдарысы кезеңімен сәйкес келмейді;

- аграрлық дағдарыс өзіндік кезеңі болмайды. Бұл келесідей себептерден туындайды:

- 1) табиғи – климаттық жағдайлар, мысалы, көпжылдық құрғақшылық;
- 2) соғыстар, өрттер, мыңдаған гектар жерлерді көп мерзімге пайдаланудан шығарып тастайды;
- 3) ауылшаруашылық және өнеркәсіптік өнімге «баға қайшылары»;
- 4) өнеркәсіптікке қарағанда ауылшаруашылығында еңбек өнімділігінің төмен деңгейі;
- 5) мемлекеттің ауылшаруашылығын әлсіз қолдауы.

Құрылымдық дағдарыс жеке сфера мен салалардың дамуы арасындағы диспропорциясынан туындайды, созылмалы сипатқа ие және циклдік дағдарыстың басталуымен әрқашан сәйкес келе бермейді. Құрылымдық дағдарыстарға мұнай, азық-түліктік, энергетикалық, шикізаттық, валюталық, экологиялық дағдарыстар жатады.

Қазіргі кездегі мемлекет экономиканың «тым қызып кетуін» ұстап тұра алатындай экономикалық құралдары бүтіндей жинағына ие. Осы мақсатта икемді салық жүйесі пайдаланылады: пайдаға (қосымша құнға) саналатын салық ставкасын төмендете немесе жоғарылата мемлекет белгі әрекет аумағында іскерлік белсенділікті ынталандырады (немесе, керісінше тоқтатады).

Сол мақсатта несиелік саясатты қолданады – пайыздық есептік ставкасын төмендете не жоғарылата отырып капиталдың қосымша салымын салуға қызығушылықты көтеруге болады немесе оларды салмауға болады.

Өндіріс дамуына үлкен үлес қосатын және циклдікті бәсеңдету мемлекеттік бюджет саясаты арқылы жүргізіледі. Осылайша, бюджет есебінен ірі даму бағдарламаларды (мысалы, өндірістік инфрақұрылым) қаржыландыру қоғамға қажетті бизнестің даму үшін алдын ала жағдай жасайды. Цикл мерзімі азаяды. ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басындағы орташа кризистік цикл 8-10 жыл болса, қазіргі кезде ол орташа 5 жылға тең. Циклдің құрылымына өзгерістер енеді.

Экономикалық ғылымға «ұзақ цикл» деп аталатын ұзақ мерзімді қамтитын периодтық тербелістерді анықтауға мүмкіншілігі

туды. Осындай өзгерістерге (тербелістерге) ағылшын экономисі Х. Кларк назар аударды. Ол 1793 және 1847 жылдар арасындағы (54 жыл), өте үлкен аралық кездейсоқтық емес, негізгі себептері бар деген болжам жасады. Оның еңбегіне үлкен үлес қосқан, енді, оның атымен ұзақ циклдер немесе «ұзын толқындар» деп атау қабылданған орыс ғалымы Н. Д. Кондратьев болды. 100-150 жылдық көптеген өзара байланысты көрсеткіштер қатарымен көптеген Европа елдерінің даму динамикасын зерттей отырып, ол келесідей маңызды қорытындыларға келді.

Нарықтық жүйенің дамуы толқынды түрде, үлкен циклдер ауқымында (45-60 жыл) дамиды. Әрбір осындай цикл үлкен екі фазадан – «көтерілу» фазасы және «төмендеу» фазасынан тұрады. Ұзақ мерзімді тербелістің периодтылығының материалды негізі қызметінің ұзақ мерзімділігімен негізгі капиталдың жаңаруы, ал жаңарудың өзі өндіріске жаңа технология: шикізат көздері мен энергия, жана мамандық жұмыскерлерін енгізумен байланысты.

12.4. Экономикалық өсудің түсінігі, оның өлшемдері және типтері

Қоғам қажеттілігі сапа жағынан өседі және өзгереді. Олар тұрғындардың санының өсуіне байланысты артады. Бір уақытта өседі және адамдардың қажеттілігі әртүрлі болып өзгереді. Мұндай объективті процестерді ғылымда «Қажеттіліктердің арту заңы» деп атайды.

Адам саны өсуде, ал олардың қажеттіліктері ұлғаюда, экономика осы қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін қажетті игіліктердің үздіксіз өсімін қамтамасыз етуі керек. Тарих экономикалық жүйенің тіршілікке қабілеттілігі бұл мәселені қандай деңгейде шешу керектігімен анықталынатындығын көрсетті.

Қоғамдық өндіріс масштабындағы экономикалық өсу тауарлар мен қызмет көрсетулердің жылдық өндіріс көлемінің артуымен көрінеді. Сондықтан, экономикалық өсу жалпы ұлттық өнім (ЖҰӨ) көрсеткіштермен өлшенеді. Және осы мақсаттар үшін оның динамикасы қолданылады. Есептеуде тек нақты ЖҰӨ-нің өндірісі есептелінеді. ЖҰӨ номиналды түрінде артуына байланысты экономикалық өсу ретінде қарастырылмайды.

Экономикалық өсуді абсолютті және салыстырмалы шамалармен өлшейді. Экономикалық өсу екі түрге бөлінеді: экстенсивті және интенсивті.

– Экономикалық өсудің экстенсивті типі оның бұрынғы техникалық негіздерін сақтай отырып, өндіріс факторларының сандық көбеюіне жеткізеді.

– Экономикалық өсудің интенсивті типі болжайды, өнім өндіру масштабының көбеюін және өндіріс факторларының сапалы жетілдіру жолдарын; өндіріс құралдарын прогрессивті және экономикалық еңбек заттарын қолдану, жұмыс күшінің квалификациясын жоғарылату.

Экстенсивті өсу өндірістің қосымша факторлары – жер, еңбек, капитал арқылы артады және олардың сапалық және техникалық деңгейлері өзгеріссіз қалады. Қоғам ресурстары және еңбек ресурстары шексіз болып келмейді.

Интенсивті өсу жетілдірілген техникалық базадағы еңбек өнімділігінің артуы есебінен және өндіріс факторларының тиімді пайдалануымен болады. Бұл жағдайда қоғам алдында өндіретін игіліктердің бір уақытта сандық және сапалық артуымен әртүрлі міндеттерді – қоғам мүшелерінің тұрмысын көтеруді қамтамасыз ету, материалдық негізді құру, ғылыми және мәдениеттің дамуына қаржы салу, елдің қауіпсіздігін қамтамасыз етуді ашуға мүмкіндік береді. Осыдан экономикалық интенсивті өсудің артықшылығын көреміз.

Өндірістің дамуында экстенсивті және интенсивті өсу факторлары бірігіп, үйлесіп кетеді. Мысалы бір уақытта еңбек күшінің санымен оның сапасы немесе өндіріс өрісінің кеңеюі және өндірістік процестегі техникалық базаның жетілуін арттырады.

12.5. Экономикалық өсу факторлары, оның оң және теріс жақтары

Экономикалық өсу факторлары:

– Табиғи ресурстар. Табиғи ресурстардың байлығына ие болу жоғары қарқынды экономикалық өсуге кепіл бермейді. Оларды тиімді және рационалды пайдалану мәнді.

– Еңбек ресурстары. Экономикалық өсуіне жұмысбастылық деңгейі, оның рационалды қолданылуы, еңбек өнімділік деңгейі, денсаулық жағдайы әсер етеді.

– Негізгі капитал. Экономикалық өсуі үшін негізінен инвестицияның көбеюі. Капиталдың қорлануы және жинақтануы, қорқайтымдылығы жоғарылауы.

– Ғылыми-техникалық прогресс. Өнертабу және инновация, олардың өндіріске еңгізілуі, экономикалық өсудің негізгі факторы болады.

– Қоғамдағы жиынтық сұраныс. Жиынтық сұраныстың жоғарғы деңгейі өндіріс көлемін көбейтуге кәсіпкерлерді ынталандырады.

Жедел дамыған экономика арқылы өседі (оң жағы):

- өндіріс көлемі және қоғам байлығы;
- әлем елдеріндегі орыны;
- адам өмірінің материалдық қамтамасын етілуі, олардың бос уақыты, білімі және мәдениеті;
- өндіріс механикаландыруы және автоматтандырылуы, еңбек жағдайы жақсарады.

Жалпы өндірістің дамуы және индустриализациясы оған байланысты проблемалар жасайды: (теріс жағы):

- адамдар тұратын ортаның ластануы және нашарлануы;
- орыны толықтырылмайтын ресурстардың азаюы (көмір, мұнай, металл рудасы және т.б.);
- үлкен қалалардың өсуі және артық толықтырылуы.
- Жұмыс күшінің жиі қайта квалификациялау қажеттілігі және еңбек өзгерісі;
- еңбек қызметінің интенсификациясы.

Экономикалық өсудің интенсивті типі өндіріс ресурстарын неғұрлым тиімді пайдалануды қалайды.

Ресурстарды тиімді пайдаланудың жолдары арқылы.

ҚР-да табиғи ресурстар үшін бұл неғұрлым пайдалы қазбаларды толық игеру, кешенді және шикізатты терең өңдеу, табиғатты бүлінуден қорғау және т.б. болып табылады.

Еңбек құралдарын негізгі капиталдың өнімділік элементтерін пайдалануда, яғни машиналардан, станоктардан, жабдықтардан және т.б. көрінеді.

ҚР-да табиғи ресурстарды тиімді пайдалану, еңбекті ұйымдастыру деңгейіне, ғылыми негізделген әдістерді пайдалануға, жұмысшылардың білімділік және кәсіби дайындығына, олардың орындаған жұмыстарының қатынасына тәуелді болады.

Еңбек күшінің сапалық сипаттамасында жұмысшылардың денсаулық жағдайы, еңбекті қайтару интенсивтілігі мен мерзімділігінің артуы басты рөл атқарады.

Қазіргі жағдайларда экономикалық өсудің маңызды факторы болып “ғылыми-техникалық прогресс” (ҒТП) табылады.

ҒТП – бұл, өндірістегі техника мен технологиялық процестердің ғылыми-техникалық принциптеріне негізделген, біртіндеп жетілдірілуі мен таралуы. ҚР-да экономистер, «ғылыми-техникалық революцияны» (ҒТР) ерекше бағалайды, ҒТР - қоғамдағы өндірістік күштердің дамуындағы сапалы секіріс және өндірістегі техника мен технологиялық төңкерісі. ҒТП-тегі революциялық формасы өндірісте сапалы жаңа ғылыми принциптердің пайдалануына көшуін білдіреді, ҒТР өндірістің барлық технологиялық әдістерін қалыптастырады.

12.6. Экономикалық өсудің модельдері

Экономикалық өсудің модельдері:

- неокейнсиандық моделі;
- неоклассикалық моделі;
- В. Леонтьевтің «шығын-өндіру» моделі;
- «нөлдік экономикалық өсу» концепциясы.

Экономикалық өсудің *неокейнсиандық* моделі «инвестиция» және «мультипликатор» категорияларына негізделеді. Экономикалық өсу салынған бастапқы инвестицияның мультипликациялық тиімділік нәтижесі болады.

Кейнсиандық мектеп экономикалық өсуді, ең алдымен, сұраныс факторларымен байланыстырады және мемлекеттің қазыналық және несие – ақша саясаты көмегімен оны, ең алдымен, қысқамерзімді кезеңде реттей алатындығын көрсетті. Сұраныстың басты бөлігі – капитал салымдар мультипликатор көмегімен пайда ұлғаяды. Сонымен қатар, олар пайданың

өсуінен туындайды, яғни капитал салымдары пайданың ұлғаюымен анықталынады.

Экономикалық өсудің *неоклассикалық* моделі «өндірістік қызмет» категориясына негізделеді. Тек микро- емес, макро деңгейде барлық өндірістік факторларды (жер, еңбек, капитал, ГТП) жақсы пайдалану жолдарымен ғана экономикалық өсуге жетуге болады.

Өндірістік функцияның негізінде келесідей қорытынды жасалынады: капитал және еңбек өндіріс факторларының сәйкес шекті өндірушілік негізінде марапатталынады; өндірістік функциялар бір фактор бірлігінің басқаның белгілі бір мөлшерімен технологиялық айырбастауы қоғамға қаншалықты тұратындығын нақты бағалауға мүмкіндік береді. Ұлттық өнім өсімінің сол бір көлемі не капитал салымдарының кеңеюімен, не еңбекті пайдаланудың кеңеюімен алынуы мүмкін; өндірісте және ұлттық өнімнің өсуінде ғылыми – техникалық прогрестің сапалық факторларының үлесін айқындау міндеті шешіледі.

В. Леонтьев – ұдайы өндірістің - өндіріс, бөлу, айырбас және тұтыну – барлық фазасында құрылымдық өзара тәуекелділікке негізделген жалпы нарықтық тепе-теңділіктің макроэкономикалық моделін ұсынды. Оның моделі *«шығын-өнім»* деп аталады және ол шахмат кестесі түрінде құрастырылған.

Біріншіден, жиынтық сұраныс және басқа салалармен (шығындар) ұсынылған материалдық игіліктер мен қызметтердің көрінісі ретінде – бұл, баланстық столбасы (тігінен)? Екіншіден, жиынтық ұсыныстың және өздері шығарып ұсынатын сатушылардың материалдық игіліктері мен қызметі – бұл, баланстың жолы (қатары). Осы кестені талдау негізінде экономикалық өсудің болжауын жасауға болады.

«Нөлдік экономикалық өсу» концепциясы. Бұл концепцияға сәйкес, шикізат, энергия және басқа да *ресурстардың шектелуі адамзатқа жақын арада жойылуына әкеледі*. Оған жібермес үшін, «нөлдік өсуге» яғни *халық пен материалдық игіліктердің жәй өндіріске көшуіміз қажет*. «Ескі» өнеркәсіптік мемлекеттер ұзақ соғыс кезеңдерінен кейін жылдам экономикалық өсудің шегіне қол жеткізген жағдайда «нөлдік экономикалық өсу» концепциясының пайда болуы ХХ ғасырдың 60 жылдардың

соңындағы өткен екі онжылдықтың барысында болған экономикалық динамикасының негізгі қарқындарының өзгеруімен байланысты. Ұлттық және әлемдік масштабта тұрақсыздық және белгісіздіктер арта бастады. Әлемдік шаруашылықтың интерұлттандыру үрдістері етек ала бастады.

Тұрақты даму келесі критерийлерге бағытталуы қажет:

– экономика облысында – бұл, үзілмейтін сандық өсу емес, экономикалық жүйенің тұрақтылығына жету;

– даму әлеуетті мүмкіндіктерді кеңейтуді немесе іске асыруды, толығырақ, қарқындырақ немесе өзінің жағдайын жақсартуды, сапалық тұрғыдан үздік болуын білдіреді;

– адам өмірінің сапасын жоғарылату облысынан. Бұл белгілі шекке дейін өсіру, содан адамдардың жанұясының игілікті тұрмысының тұрақтылығы; жеке қауіпсіздігіне кепіл, сапалы білім, сапалы медициналық қызмет, комфортты қоршаған орта;

ҚР экономикалық өсудің жағдайы болады:

– экономикалық кеңістік жері. Әлемдегі мемлекет территориясы бойынша ҚР – 9 орында;

– пайдалы қазбалардың запасы: энергетикалық ресурс (мұнай, табиғи газ, тас көмір), темір және марганец рудасы, жез рудасы, ұран және т.б.;

– мұнай шығару көлемі – бас стратегиялық шикізат;

– квалификациялық жұмыс күшінің болуы.

– *ҚР экономикалық өсудің факторлары болады:*

– халықаралық нарықтағы мұнай, газ, түсті және қара металдағы ыңғайлы конъюнктура және әлемдік экономиканың өсуі;

– кәсіпорындар және халықтағы төлемқабілетті сұраныстың өсуі;

– импортты алмастыру саясатын жүргізу және ұлттық өндірушілерді қаскүнемдік бәсекеден сақтау;

– жақсы инвестициялық климат жасау тікелей шетелдік инвестицияларды тарту саясаты.

Кейнсиандық модельдер. Доммар мен Харродтың модельдері.

Кейнстің бас ғылыми еңбегі “Жалпы жұмысбастылық теориясы, процент және ақша” (1936) кітабы болды. Алдымен

Кейнс неоклассиктердің сендіруіне қарай кризис кезінде автоматты түрде неге толық жұмысбастылық орнамайтынын түсінгісі келді.

Бірақ, кітаптың мазмұны, бастапқы ойлағанынан өте бай болып шықты. Онда, капитализмге толық терең интерпретация берілді, экономикалық ғылымдардың методологиялық аппараты жаңартылды, мемлекеттің кризиске қарсы саясаты жасалды және оның іске асыруға нақты ұсыныстар жасалды. Осының бәрі жаңа теорияны кейнсиан революциясы деп, ал авторына бүкіл әлемдік айқындық әкелді.

Кейнс өз талдауының бас инструменті ретінде «макрэкономикалық» (яғни жиынтық, агрегаттық, іріленген) деп аталатын көрсеткіштерді қолданды - ұлттық табыс, жинақ және инвестиция тасқыны, жиынтық сұраныс және жиынтық ұсыныс. Сондықтан, Кейнсті макрэкономикалық талдаудың негізін қалаушылардың бірі деп атау алды.

Кейнстің кітабының орталық ойы, кризис жағдайында жиынтық сұранысты ынталандыру және жандандыру туралы шараларды жасаумен ұсыну қажеттілігінде болды. Бұның бәрі Кейнс бойынша өндірісті кеңейтуге және тауар ұсынысына дұрыс әсер етеді, сондықтан да, жұмыссыздықты азайтуға мүмкіндік туғызады. Осыған байланысты Кейнстің теориясын кейде «сұраныстың тиімділік теориясы» деп атайды.

Тиімді сұраныс – жұмысбастылық көлемін анықтайтын жиынтық сұраныс. Тиімді сұраныс екі бөліктен тұрады - тұтыну және инвестиция (күрделі қаржы). Осы құрастырушылар белгілі арақатынаста болғанда ғана, толық жұмысбастылық мүмкін деп Кейнс санады. Инвестицияның мөлшерін Кейнс тиімді сұраныстың бас факторы деп санады. Себебі инвестицияның өсуі ұлттық табыстың көбеюіне әкеледі және өндіріске қосымша жұмыскерлерді әкелуге, яғни жұмыссыздықты жоюға мүмкіндік береді. Сондықтан инвестицияның нормалды мөлшері – бұл барлық сақталудағы ақшаны күрделі қаржыға айналдыру. Осыдан кең белгілі экономикалық теорияның формуласы мынадай:

$$I = S$$

мұндағы I – инвестиция;

S – жинақ.

Кейнс неоклассиктермен келіспеуінің басты себебі, нарықты экономикада жоғары жұмысбастылық жағдай, «автоматты» түрде тепе-теңдік өзінше болмайтынын айтты. Осыдан, Кейнс өз теориясына нәтиже шығарды, нарықты экономикада ұзақ мерзімде жиынтық сұраныс жиынтық ұсыныспен тепе-теңдікте болады, жұмыссыздық жоғары болса да. Кейнстің айтқаны бойынша, мемлекеттің араласуынсыз нарықтық экономика ол жағдайдан шыға алмайды. Осы жағдайдан экономикалық саясаттың негізгі концепциясы капитализді реттеу концепциясы шықты. Кейнс жұмысында инвестицияны көбейтуге екі негізгі тәсіл ұсынады: ақша-несие және бюджеттік саясат.

Экономикалық өсу теориясы, 50 жылдары Кейнстің ізбасарлары жаңа теория жасады, оның мәні, экономикалық өсудің тұрақты қарқыны механизмін негіздеуге тіркеледі. Экономикалық өсу теориясының бас өкілдері Массачусетс технологиялық институтының профессоры Евсей Домар және Оксфорд университетінің профессоры Роберт Харрод (1890-1978) болды. Олар, экономиканың үдемелі қозғалысы үшін, экономикалық өсудің тұрақты, орнықты қарқыны, қажеттілігі туралы жалпы қорытындыға келеді, сонда еңбек ресурстары және өндіріс қуаттары толық пайдалануға жетеді. Олар, ұзақ кезеңде табыстағы қор жинаудың үлесі және күрделі қаржының орта тиімділігі тұрақты болатын жағдайын мойындайды. Екі автор да, тепе-теңдікке жету және өсудің тұрақтылығы автоматты түрде келмейді, бұнда экономикаға мемлекеттің белсенді араласуы қажет деп санайды. Олар, өндіріс қуатын жоғарылатуда, жұмысбастылықты көбейтуге, өндірістің өсуі және жұмыссыздықты азайтуға мүмкіндік жасайтын инвестицияның рөлін атап өтеді.

Қайталауға арналған сұрақтар

1. Нарықтық экономиканың циклдік ауытқуының себептері қандай?

2. Циклдердің қандай түрлерін білесіз және Н. Кондратьевтің циклдер теориясына қосқан үлесі қандай?
3. Экономикалық өсу ұғымы астарында нені ұғынасыз?
4. Экономикалық өсудің мәні қандай?
5. Экономикалық өсу экономикалық және әлеуметтік дамудың қандай көрсеткіштерімен тығыз байланыста болады?
6. Қоғам экономикалық өсумен байланысты қандай әлеуметтік және экономикалық мәселелерді шешуге тура келеді?
7. Экономикалық өсу мен қоғамның өндірістік мүмкіндіктерінің қисығы өзара қалай байланысады?
8. Экономикалық өсудің факторлары өзара қалай байланысады және көрсеткіштері қандай? Экономикалық өсудің әрбір көрсеткішін толығырақ сипаттап беріңіз.

Жаңа терминдер мен ұғымдар

Цикл
Кризис
Тоқырау
Жандану
Өрлеу
Бум
Пик
Мемлекеттік циклге қарсы реттеу
Экономикалық өсу
Экстенсивті өсу
Интенсивті өсу
Адам басына табыс

Тест сұрақтары

- 1) Экономикалық дамудың экстенсивті факторына жатады:
- A) еңбек өнімділігінің өсуі;
 - B) инвестиция көлемінің артуы;
 - C) қор қайтымдылығының өсуі;
 - D) жұмысшылардың біліктілігінің артуы;
 - E) жұмысшылар санының азаюы.

2) Экономикалық дамудың интенсивті факторына жатады:

- A) өндіріс кеңістігінің ұлғаюы;
- B) еңбек өнімділігінің өсуі;
- C) инвестициялардың көбеюі;
- D) жұмысшылар санының көбеюі;
- E) қосымша жұмысшы күші арқылы жүретін өндіріс.

3) Экономикалық цикл көрсетеді:

- A) экстенсивті типтегі экономикалық өсуді;
- B) интенсивті типтегі экономикалық өсуді;
- C) аралас типтегі экономикалық өсуді;
- D) экономикалық өсудің және даму барысының процесін;
- E) өсу және төмендеу кезеңін қамтитын экономикалық қозғалыс үрдісін.

4) Экономикалық өсудің типтерін атаңыз:

- A) интенсивті, прогрессивті,
- B) экстенсивті, интенсивті, прогрессивті;
- C) экстенсивті, интенсивті;
- D) жылдам, жайлап;
- E) экстенсивті, прогрессивті.

5) Экономика құлдырауының қысқа мерзімді экономикалық циклін атаңыз:

- A) 50 жылдан жоғары;
- B) 40 жыл;
- C) 30 жыл;
- D) 10 жыл;
- E) 1 жыл.

6) Экономика құлдырауының орта мерзімді экономикалық циклін атаңыз:

- A) 50 және одан артық жыл;
- B) 30 жыл;
- C) 25 жыл;
- D) 10 жыл;
- E) 1-ден 5 жылға дейін.

7) Экономикалық цикл мына кезеңдерден тұрады:

- A) дағдарыс - жандану - қырау - өрлеу;
- B) жандану - өрлеу – тоқырау - дағдарыс;
- C) дағдарыс – тоқырау – жандану - өрлеу;
- D) тоқырау – дағдарыс - өрлеу - жандану;
- E) дағдарыс – жандану - өрлеу.

8) Экономикалық циклдің себептері:

- A) нарықтық құрылыммен;
- B) ішкі себептері;
- C) ішкі және сыртқы себептері;
- D) сыртқы себептері;
- E) бәсекенің болуы.

9) Төмендегілердің экономикалық цикл түрлерінің авторына жатпайды:

- A) К. Жугляр;
- B) Дж. М. Кейнс;
- C) Н. Д. Кондратьев;
- D) С. Кузнец;
- E) Дж. Китчин.

Тест сұрақтарының дұрыс жауаптары: 1B, 2B, 3E, 4C, 5D, 6B, 7C, 8C, 9B.

13. ЖҰМЫССЫЗДЫҚ ПЕН ИНФЛЯЦИЯ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТҰРАҚСЫЗДЫҢ КӨРІНІСІ РЕТІНДЕ

13.1. Жұмыссыздық экономикалық тұрақсыздың көрінісі ретінде

Экономикалық тұрақсыздықтың негізгі белгілері, ол өндірістің төмендеуі, жұмыссыздықтың және инфляцияның болуы. Экономикалық жағдай қолайлы саналады, егер ол толық жұмысбастылықпен сипатталатын болса. Толық жұмысбастылықты түсіну үшін жұмыссыздықтың типтері мен жұмыссыздықтың табиғи нормасы түсінігімен танысу керек.

Жұмыссыздық – бұл әлеуметтік-экономикалық құбылыс, мұнда еңбекке жарамды халықтың бір бөлігі жұмысты таба алмайды. *Жұмыссыз* дегеніміз, ол жұмыс істей алатын, істегісі келетін, жұмысты іздейтін бірақ жұмыс орны жоқ. Жұмыссыздық, қазіргі еңбек нарығына тән ерекшелік.

Экономистер жұмыссыздықтың негізгі типтерін айырып бөледі:

1. *Фрикциондық* жұмыссыздық – бұнда жұмыскер жұмыс орнын ауыстыруына байланысты. Кейбір адамдар өздерін күрделі және жоғары төленетін жұмыстарды орындауға қабілеттілігін сезінеді және сондай жұмыс орындарын іздейді. Ал кейбіреулері жұмыс орындарындағы талаптарға сәйкес келмей, ақысы төмен жұмыс іздеуге мәжбүр болады. Қоғамда әртүрлі себептер бойынша, мысалы, институт бітіріп жұмыс іздейді, армиядан келіп, бір қаладан басқа қалаға көшіп, жұмыс іздейді, кейбірулері жұмысты өмірінде бірінші рет іздейді. Өзіне ыңғайлы жұмыс іздейтін әрқашан да адамдардың белгілі бір саны болады. Адамдардың белгілі бөлігі осындай жағдайда болады, сондықтан да жұмыссыздықтың бұл түрін тұрақты деуге болады. Бұл процестер еңбек ресурстарын пайдаланудың тиімділігін арттыруды және олардың тиімді бөлінуін қамтамасыз етеді.

2. *Құрылымдық* жұмыссыздық – ҒТП және технологиялық өзгерістер нәтижесінде жұмыс күшіне сұраныс құрылымы да

өзгереді. Кейбір мамандық түрлеріне қажеттілік қысқарады, ал кейбіреулері мүлдем жоғалуы мүмкін. Бұрын болмаған жаңа мамандықтарға сұраныс пайда болады. Жұмыс күшінің құрылымы баяу өзгереді және өндірістің жаңа құрылымына сәйкес келмейді. Құрылымдық жұмыссыздық болмай қоймайды және қоғамда әр уақытта болады.

3. *Циклдік жұмыссыздық* нақты жұмыссыздық деңгейінің табиғи деңгейден айырмашылығымен түсіндіріледі. Ол өндірістің құлдырауына байланысты келеді. Капитал және тұтыну тауарларына сұраныстың жеткіліксіздігі өндірістің қысқаруына алып келеді. Бұл циклдік жұмыссыздықтың пайда болуына негіз болады. Бұл жұмыссыздықтың сүйкімсіз типі. Ол жалпылама және аурушаң сипатта болады.

Толық жұмысбастылық жұмыссыздықтың жоқ екенін көрсетпейді. *Толық жұмысбастылық* бұл фриക്ഷиондық және құрылымдық жұмыссыздық экономикада сөзсіз кездесетін жағдай, сондықтан да олар жұмыссыздықтың табиғи деңгейін құрайды. Толық жұмысбастылық, бұл циклдік жұмыссыздықтың болмауы.

Барлық халықты үш үлкен топтарға бөлуге болады.

I-топ. Еңбек қабілетіне толмаған жастағы (18 жас) адамдар.

II-топ. Жұмысшы күшінен шығып қалғандар (58 жас әйелдерге, 63 жас еркектерге үлкен) және уақытша жұмыс істемейтіндер (студенттер, армиядағы жастар, балаға қарайтын әйелдер).

III-топ. Экономикалық белсенді халық, еңбекке қабілетті адамдар (жұмысшы күші).

Жұмыссыздық деңгейі тең жұмыссыздықтар саны еңбекке қабілеті бар халықтың жалпы санына қатынасы. Еңбекке қабілетті адамдар (жұмыс күші) – жұмыс істейтін және істемейтін жұмысшылардың жалпы саны.

$$\text{Жұмыссыздық деңгейі} = \frac{\text{жұмыссыздар саны}}{\text{жұмыс күші саны}} \cdot 100\%$$

Әлемде табиғи жұмыссыздық 5-6% тең. Осы деңгейінде жұмыссыздықтың болуы толық жұмысбастылық болып саналады. ҚР 2011ж. толық жұмысбастылық 8168 мың адам болды. Жұмыссыздық деңгейі 5,7%.

Жұмыссыздықтың салдары – ол ЖҰӨ кем шығарылуы. Жұмыссыздықтың өсуі мен ЖҰӨ төмендеуінің арасында белгілі математикалық тәуелділік бар. Бұнда жұмыссыздықтың өсуі табиғи деңгейінен 1% жоғары болса, ол ЖҰӨ 2,5% төмендеуіне әкеледі. Бұл өлшемді анықтауға Оукен заңы деп атайды. Тәжірибеде, нақты жұмыссыздық деңгейін анықтау қиын.

Еуропаның жетекші елдерінде жұмыссыздық өткен ғасырдың көрсеткіштерінен асып түсті: Италияда 8,3%, Ұлыбританияда 8,3%, Германияда 6%, Францияда 9,7%. Бұл мемлекеттерде жалпы алғанда, 11 млн. жуық жұмыссыздар саны бар, ондағы жартысына жуығы – жастар. Әлемде еңбекке қабілетті жастағы әрбір үшінші жұмысшы немесе 1 млрд. 100 млн. адам, мүлдем жұмысы жоқ, немесе күніне 2 долларға өзінің жанұясымен өмір сүреді.

Жұмыссыздықтың мынадай шығындары бар, ол өмірсүру деңгейінің төмендеуі, мамандығын жоғалту, моральді төмендеу, жанұяның бұзылуы, қоғамдағы салықтың өсуі, жиынтық сұраныстың қысқаруы, әлеуметтік және саяси шиеленістің өсуі.

13.2. Инфляцияның мәні, түрлері және себептері

Инфляция – бұл бағаның жалпы деңгейінің тұрақты көтерілуі. Сұраныстың бұл деңгейінде ақшаның нақты құндылығы олардың сатып алушылық қабілетімен анықталынады. Ақшаның сатып алу қабілеті ақша бірлігіне сатып алуға болатын тауарлар мен қызметтердің саны.

Инфляция – бұл екі жақты процесс. Бұл, бағаның өсуі және ақшаның құнсыздануы. Бағаның деңгейін, баға индексі көмегімен анықтайды, нарықты қоржының құны пайызбен өсуі. Кері инфляция көрсеткіші дефляция деп аталады, яғни баға деңгейінің төмендеуі. Инфляцияның маңызды себептерінің бірі ақша массасы мен оның тауарлық төлеу арасындағы тепе-теңдіктің бұзылуы.

Халықаралық практикада бағаның өсу көлеміне тәуелді түрде инфляция қарқынын үш деңгейге бөлу қалыптасқан:

– *Жылжымалы* инфляция, бағаның жылдық орташа өсу қарқыны 10%-дан аспау керек. Бұл халықтың табысы мен жұмысбастылығы өсуімен байланысты. Бұнда мемлекет ешқандай шара қолданбайды.

– *Секіртпелі* инфляция, бағаның жылдық орташа өсу қарқыны 10%-дан 200%, аралығында. Оның себебі бюджеттің тапшылығы мен ақша массасының тауарға қарағанда артығымен өсуі.

– *Гиперинфляция* – айына 50%-ға дейін, өте жоғары қарқынмен. Гиперинфляция шаруашылық механизмді әлсіретеді, себебі ақшадан тауарға қарай ұмтылу үрдісі нығаяды, бартерлік айырбасқа өту жүзеге асырылады.

Инфляция *жабық, ашық, жасырын* болады.

Жабық инфляция тұтынылатын тауар сапасының нашарлауымен байланысты. Тауар сапасының нашарлауы оның қысқа мерзімділігі және жиі жөндеу жұмыстарын жасау тұтынушыны сол тауарды жиі сатып алуға мәжбүрлейді, демек қажеттілікті қанағаттандыруға қалыпты тауар сапасы кезіндегіге қарағанда, көп ақша жұмсалады.

Ашық инфляция бағаның өсуімен көрінеді. Ашық инфляция жиынтық сұраныстың артуымен байланысты, яғни бағаның жалпы өсімі жүреді. Ашық нарықтық жүйеде орын алатындықтан ол ашық болады. Баға өсуі инвестицияның өсуіне алып келеді, өндіріс, ұсыныс өседі. Ашық инфляциямен күресуге болады, өйткені нарық механизмдері жұмыс істейді.

Жасырын инфляция жабық экономикалық жүйелерде, жоспарлы экономикалы, мықты мемлекеттік реттеуі бар, жалпы бақылауға және нарықтық механизмдерді басуға өтетін мемлекеттер экономикасында туындайды. Мемлекет бағаны бақылайды және оларды тепе-теңдік деңгейден төмен ұстайды. Нәтижесінде, экономикада тұрақты дефицит туындайды. Мысал ретінде 80-90 жылдардағы кеңес экономикасын келтіруге болады.

Жасырын инфляция қоғамдағы тауарлардың жетіспеуімен көрінеді.

Инфляцияның пайда болу себептері. Оларды шартты түрде *сұраныс инфляциясы және шығындар инфляциясы* деп атайды.

Сұраныс инфляциясын келесі факторлар туындатады. Бюджеттік дефицит инфляцияның қуатты факторы, себебі мемлекеттегі ақша айналымына әсер етеді. Мемлекет құралдары бойынша өмір сүрмеген кезде, олар ақша эмиссиясын жасауға мәжбүрлі болады. Сауда құрылымында экспортта арзан шикізат, материалдар, энергия тасымалдаушылар басым болса, қымбат дайын өнімді импорттау сыртқы сауда үшін инфляцияның өсуіне алып келеді.

Шығындар инфляциясы деп атайтыны, ол өндіріс шығындарының өсуіне байланысты. Шығындар көбеюі мынадай болады: жалақының себепсіз өсуі, электрэнергияның, шикізаттың тарифтері өсуі. Электрэнергияға, жанар майға бағаның өсуі тізбекті реакциямен барлық бағаның өсуіне әкеледі. Экономикада диспропорцияның болуы, кәсіпорындардың монополизациясы әсер етеді.

Инфляцияның салдары:

1. Табысты қайта бөлу, кәсіпорын монополистерге қаржы құрылымындарына, көлеңкелі экономикаға, фирма басқармасы жалақыны көбейтеді. Сондықтан, бюджеттік сфера қасірет шегеді. Әлеуметтік шиеленісу күшейеді.

2. Дұрыс әлеуметтік-экономикалық қатынастар бұзылады. Ақша өзінің қызметтерін атқармайды, өндіріс қысқарады, шаруашылық байланыстары үзіледі, банкроттық көбейеді, депрессия, қоғамдық саяси тәртіп бұзу өседі және т.б.

3. Азаматтардың жеке жинағы құнсызданады.

4. Салықтар мемлекеттік жалғыз табыс көзі болғандықтан, олар үнемі өседі.

5. Төлемеу борышкерлердің пайдасына жұмыс істейді. Қарызға ақша беру тиімсіз бола бастайды. Несиелік жүйенің дағдарысы орын алады.

Инфляциядан барынша көп зардап шегетін зейнеткерлер, себебі зейнетақы мөлшері заңды түрде тіркелген, одан кейін студенттер, сонымен қатар бюджет сферасының жұмысшылары зардап шегеді.

Инфляция және жұмыссыздықтың арасында тұрақты өзара кері байланыс болады. Инфляцияның өсуі, жұмыссыздықтың азаюымен қоса жүреді, және керісінше. Сондықтан, экономикада

не жұмыссыздық, не инфляция тууы мүмкін. Бұл тәуелділікті ағылшын экономисі *А.Филлипстің қисық сызығынан* көруге болады.



1.22-сурет. Филлипс қисығы

Қаншаға инфляция дәрежесі жоғары болса, соншаға жұмыссыздар үлесі төмен. Мемлекеттің араласуы жиынтық сұранысты көбейтіп отырып, жұмыссыздықтың дәрежесін төмендете алады. Осы жағдайда пайда болатын еңбек нарығындағы күйзеліс жалақыны, бағаның инфляциялық өсуіне әкеледі.

Өндірістің терең құлдырауы, яғни экономикалық өсімнің тоқтатуы стагнация деп аталады. Инфляцияның стагнациямен қатар жүруі стагфляция деп аталады.

Қазақстандағы 1991 жылғы ашық инфляция 1992-1994 жылдары гиперинфляцияға өсіп кетті. Елімізде ұлттық валюта кіргізгеннен кейін реттеудің ақша-несие құралдарын пайдалануға мүмкіндік туды. Инфляцияның деңгейі қысқарды. 1995 жылы – 60,5%-ға дейін, 1996 жылы 28,7%-ға дейін. 1992-1994 жылғы инфляцияның өсуі еліміздегі ақша массасының өсуімен, бюджеттегі тапшылыққа байланысты болды. 2002 жылғы инфляция

5,8% құрастырды. ҚР экономикасында әрбір ойластырылмаған шаралар, инфляциядағы тепе-теңділікті бұзуы мүмкін.

Қазақстанда жоспарлы экономиканың нарықтық экономикаға өзгеру үрдісі терең экономикалық дағдарыстың еңсеруімен ілесіп жүрді. Тұтынушылық баға индексі 1992 жылы 3006%, 1993 жылы 2266% құрады. Инфляцияның айлық қарқындары 30% шектен асты, ал 1993 жылдың қараша айында 55% деңгейге жетті.

ҚР Ұлттық Банкімен жүргізілген қатаң монетарлы саясаты арқасында жағдайды өзгерте алды және инфляция тұрақты түрде айына 18-19% деңгейінде тұрды. 1997 жылы инфляцияның қарапайым деңгейін сипаттайтын тұтынушылық баға индексі 11,2 құрады; 2000 жылы – 9,8%; 2001 – 6,4%.

ҚР өтпелі кезеңдегі инфляцияның негізгі себептеріне келесілерді жатқызуға болады:

- ұлттық экономикада өндірістің құлдырауынан тауарлы дефицит;
- өндірілетін өнімнің жоғары энергияны, материалды, еңбекті көп қажетсінуі;
- өзінің тауарларына бағаны арттыратын тауар өндірушілердің монополиясы;
- мембюджеттің дефициті, оны жабу үшін мемлекет ақша қағаздарын шығарады;
- басқа мемлекеттердегі экономикалық дағдарыстың әсері.

Қайталауға арналған сұрақтар

1. Толық жұмысбастылық дегенді қалай түсінуге болады? Жұмыссыздарға кімдерді жатқызамыз?
2. Инфляция қалай анықталады?
3. Инфляцияның себептері неде?
4. Инфляцияның экономикалық және әлеуметтік зардаптары қандай?
5. Инфляция мен жұмыссыздықтың өзара байланысы неде?
6. Инфляция мен жұмыссыздық кезінде қандай саясат қолданылады?

Жаңа терминдер мен ұғымдар

Жұмыссыздық

Жұмыссыздық типтері:

- фрикциондық
- құрылымдық
- циклдік

Жұмыссыздық нормасы

Оукен заңы

Инфляция

Тұтыну қоржыны

Инфляция түрлері:

- жылжымалы
- секіртпелі
- гиперинфляция

Шығын инфляциясы

Сұраныс инфляциясы

Филлипс қисығы

Тест сұрақтары

1) Ақшаның құнсыздану үрдісі және оның төлем қабілеттілігінің төмендеуі, бұл:

- A) инфляция;
- B) дефляция;
- C) эмиссия;
- D) девальвация;
- E) стагфляция.

2) Инфляцияның нәтижесінде:

- A) өмір сүру деңгейі төмендейді;
- B) экономикалық ахуал анық емес;
- C) құндылықтың төмендігі;
- D) жинақтың азаюы;
- E) өмір сүру деңгейі жоғарылайды.

3) Жалақының өсуіне немесе басқа ресурстардың бағасының өсуіне байланысты инфляция аталады:

- A) шығын инфляциясы;
- B) сұраныс инфляциясы;
- C) ашық инфляциясы;
- D) басыңқы инфляция;
- E) стагфляция.

4) Жұмыссыздықтың өз еркімен іздеу немесе жұмыс күтумен байланысты түрлері:

- A) фрикциондық жұмыссыздық;
- B) құрылымдық;
- C) циклдік;
- D) амалсыз;
- E) технологиялық.

5) Оукен заңы бойынша жұмыссыздық табиғи деңгейден екі пайызға өсуі ЖҰӨ көлемінің оның мүмкіндігінен мынадай пайызға кем екендігін көрсетеді:

- A) 2%;
- B) 3%;
- C) 4%;
- D) 5%;
- E) 6%.

6) Экономикалық күйзеліске байланысты жұмысты жоғалтқандар жұмыссыздық категориясына жатады:

- A) фрикциондық жұмыссыздық;
- B) құрылымдық жұмыссыздық;
- C) циклдік жұмыссыздық;
- D) маусымдық жұмыссыздық;
- E) жұмыссыздыққа жатпайды.

7) Жұмыссыздық көлемі есептелінеді:

- A) Жұмыссыздық саны жұмысқа қабілеті бар санына қатынасы;
- B) Жұмыс күші алынған жұмыс күші санына;

- С) Жұмыссыздық саны - өндірістегі жұмысшылар санына;
- Д) Жұмыс күші жұмысшылар санына қатынасы;
- Е) Жұмыссыздық саны + жұмысшылар саны.

8) Қай инфляция қоғамға өте қауіпті:

- А) қалқымалы;
- В) ауытқымалы;
- С) гиперинфляция;
- Д) шығын инфляциясы;
- Е) сұраныс инфляциясы.

Тест сұрақтарының дұрыс жауаптары: 1А, 2А, 3А, 4А, 5D, 6С, 7А, 8С.

14. ЭКОНОМИКАЛЫҚ САЯСАТТЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

14.1. Ақша жүйесінің мәні және типтері.

Ақша ұсынысы. Банк мультипликаторы

Ақшаның мәні оның атқаратын қызметтері арқылы анықталады: құн өлшемі, төлем құралы және айналым құралы.

Өтімділік – активтердің әрбір түрінің айырбас құралына айналу мүмкіндігінің жеңілділігі.

Ақша массасы – бұл экономикада тауарлар мен қызметтердің айналымы үшін қажетті қолма-қол және аударым ақша нысандағы барлық ақша құралдарының жиынтығы. Ақша массасының құрылымында «квази-ақша» дегендер ерекше орын алады, яғни бұл ақшалар жедел счеттағы, депозиттағы, сертификат, инвесторлардағы акциялар.

Ақша жүйесі – бұл, елдердегі тарихи және ұлттық заңдылықпен бекітілген қалыптасқан ақша айналысын ұйымдастырылған формасы. Қазіргі ақша жүйесі өзіне келесі элементтерді қосады: *ақша бірлігі, баға масштабы, ақшаның түрлері, эмиссиондық жүйе және несие аппараты.*

Ақша ұсынысы – ақша массасының айналымы немесе айналымдағы барлық ақшалар. Ақша ұсынысы Ұлттық банктің бақылауында болады, оның мөлшері тұрақты деңгейде болады.

Ақша ұсынысы үшін *ақша агрегаттары* қолданылады. Ақша агрегатының үш түрі кең тараған, олар M1, M2, M3.

M1 = қолда бар ақша + банктердің есептік және ағымды шоттарындағы ақшалар.

M2 = M1 + банктерде мерзімдік аздаған салымдар.

M3 = M2 + банктерде мерзімдік ірі салымдар.

L = M3 + мемлекеттік бағалы қағаздар.

M1 - бұл ақша, ал басқа ақшаларды «квази-ақша», немесе «ақша сияқты» дейді.

Ақша көлемі И. Фишер теңдеуімен көрсетіледі: $M \times V = P \times Q$. Банктер, шын мәнінде, ақша жасай ала ма? Банк мультипликаторы шын мәнінде, ақшаны жасайды.

Формуласы мынадай:

$$m = \frac{1}{r} \cdot 100\%$$

мұндағы

m – банк мультипликаторы;

r – резервтер талабының көлемі, %- бен.

Егерде резервтер талабының көлемі 20 % тең болса, онда депозит мультипликаторы 5 тең болады,

$$m = \frac{1}{20} \cdot 100\%$$

Ақша нарығындағы нормасының пайыздық ставкасы *ақшаға* сұраныс және ұсыныспен анықталады.

14.2. Ақшаға сұраныс. Ақша нарығында тепе-теңдік

Ақшаға сұраныс оның екі қызметінен шығады – айналым құралы және байлықты сақтау қызметінен. Бірінші кезінде ол сату-сатып алу келісімде керек, ал екіншісінде, ақшаға басқа да қаржылық активтерді сатып алу құралы ретіндегі, сұраныс туралы (облигация және акциялар).

Келісім үшін ақшаға сұраныс қоғамның ақшалық жалпы табысымен анықталады және номиналды ЖІӨ тікелей пропорционалды өзгереді.

Басқа қаржылық активтерді сатып алу үшін ақшаға сұраныс дивиденттер немесе пайыздар түрінде табыс алуға ұмтылумен анықталады және пайыздық ставка деңгейіне теріс пропорционалды өзгереді.

Ақшаға жалпы сұраныс пайыздық ставканың әрбір мүмкін мөлшерінде халық және фирмалар келісім үшін, акция, облигация сатып алу үшін жалпы ақшаның санын көрсетеді. Айырбас теңдеуі, немесе И.Фишер теңдеуінің түрі мынадай:

$$M \cdot V = P \cdot Q$$

мұндағы M – ақша массасы;

V – ақша айналымының жылдамдығы;

P – баға;

Q – тауардың саны.

Осыдан:

$$M = \frac{P \cdot Q}{V}$$

Бұл тендеудің салдарынан, ақшаға сұраныс мөлшері келесі факторларға тәуелді:

- бағаның жалпы деңгейі;
- өндірістің нақты көлемінің деңгейі (ол өскен сайын нақты табыста өседі);
- ақша айналымының жылдамдығы.

Ақша нарығы, бұл ақшаға сұраныс пен ұсынысты пайыздық ставка деңгейі арқылы анықтайтын нарық, ақшаның бағасы белгіленеді. *Ақша нарығындағы тепе-теңділік* сұраныс және ұсыныс қисығының қиылысу нүктесінде болады.

Ақшаның ұсыныс қисығы *тікелей түзу түрінде* болады. Бұл, ақша ұсынысын бақылайтын Ұлттық банк, оны белгілі деңгейде ұстауға тырысады.

14.3. Банк жүйесі. Несиенің мәні және оның түрлері

Көптеген экономикасы дамыған елдерде банктер екі деңгейлі жүйеге бірігеді. Сондай жүйе бізде де құрылды. Оның бірінші деңгейінде ұлттық банк болса, екіншісінде, әр түрлі мемлекеттік емес банктер бар: коммерциялық, инновациялық, инвестициондық, жинақтық және т.б. Орталық банкті *«банкiлер үшін банк»* деп атайды, себебі олар басқа банктерді, қаржы-несие мекемелерін, сондай-ақ үкіметке қызмет атқарады. Олар тағы да:

- барлық қаржы-несие жүйесін және ақша айналысын реттейді және бақылайды;
- басқа банктердің ақша құралдарын және елдің алтын-валюта резервін өзінде сақтайды;
- ақша эмиссиясын жүргізеді.

Коммерциялық банктер бұл, барлық үшін банктер. Олар әртүрлі клиенттермен, майда салушылардан ірі фирмаға дейін, тағы олар әмбебап немесе маманданған, региондық немесе салалық. Банк қызметінің түрлері:

- депозитті қабылдау және сақтау;
- несиелендіру;
- есептесу қызметі – бұл мемлекет және халық, кәсіпкерлер арасындағы салықтар, жалақы бойынша, тауарларды жеткізу бойынша төлемге делдалдық;
- вексельдер есебі (дисконтирование) – банк вексельдерді өтеу мерзімі болмай жатып сатып алады, одан есептеу пайызын (дисконт) өзіне алып алады (өтеу мерзімі келгенде вексельдершілерге төлеуге ұсынады);
- кеңестік мәлімет беру қызметі;
- сату комиссиялық қызметі – бұлар алтынды сату, құнды қағаздар операциясы, заемдарды орналастыру, валюта айырбасы, лизинг қызметі, факторлық операциялар (мысалы, қарызданушылардан ақшаны қайтару мен құқығын қалпына келтіру);
- сенімділік операциялар қызметі (трасталық) – бұл басқа біреудің сенімхат арқылы меншігін басқару (мысалы, жер, бағалы қағаз).

Ұлттық банк, банк жүйесін басқаруда басты рөл атқарады. Ұлттық банк қызметінің бөлінуі:

Әкімшілік қызметі:

- талабы бойынша жарғы қорының көлемін анықтау;
- банк операциялар, тексеру және саясатын жүргізу;
- нұсқау, ережелер мен нұсқау шығару.

Экономикалық қызметтері:

- ақша эмиссиясы;
- коммерциялық банктерге несиелер беру;
- банк аралық есеп айырысуды ұйымдастыру;
- бағалы қағаздар нарығындағы операцияларын өткізу;
- мемлекеттік борышқа қызмет ету;
- коммерциялық банктерге, банкілік операциялар жүргізуіне лицензиялар беру.

Ұлттық банктің экономикалық қызметін жүргізудегі негізгі әдістері:

- несие сату аукционындағы ставканың мөлшерін анықтау;
- шетелдік валюталар мен бағалы қағаздарды сату және сатып алу;
- Ұлттық банктегі міндетті резервтердің нормасын анықтау.

Міндетті резервтер дегеніміз – Ұлттық банктегі коммерциялық банктердің, пайыссыз шоттарындағы сақтайтын ақшасы. Ол ақша салушылардың мүддесін қорғайтын қамсыздандыру қоры ретінде болады. Банктер пассивті және активті операциялар жүргізеді. Пассивтік операциялар көмегімен банктер ресурстарды *жұмылдырады*. Активті операциялар көмегімен оларды *орналастырады*.

Банктердің ресурстары өздерінің *меншікті* және басқа *тартылған* қаржылар есебінен қалыптасады. *Меншікті қаржыларға акционерлік және резервтік* капитал, сондай-ақ *бөлінбеген пайда* жатады. Банк ресурстарының негізгі бөлігі *депозиттен*, сондай-ақ *контокорренттік және корреспонденттік* счет түрінде тартылады.

Несие бұл, *жеделдік, қайтымдылық* және пайыз түрінде *төлемділік* жағдайында қарызға берілетін ақша капиталыны қозғалысы.

Несие келесі формаларда көрсетіледі: коммерциялық банкі, тұтынушылық, мемлекеттік және халықаралық. Несиенің түрлері:

- *Коммерциялық* кәсіпкерлермен, шаруашылық субъектілерімен бір-біріне төлемді кейінге қалдыру арқылы тауарлы нысанда беріледі.

- *Банктік* несие-қаржылық ұйымдармен (банк, қор, ассоциация) кез келген шаруашылық субъектілеріне ақшалай ссуда түрінде беріледі.

- *Тұтынушылық* жеке тұлғаларға ұзақ мерзімді қолданылатын тұтынушылық тауарларды сатып алу кезінде белгілі бір кезеңге беріледі.

- *Ипотекалық* – жылжымайтын мүлікті кепілге беру арқылы ұзақ мерзімді ссудалар түрінде беріледі.

Кредиторлар мен қарызберушілер банктер, жеке фирмалар, мемлекет, халықаралық және регионалдық ұйымдар болады.

Нарықты экономика жағдайында несие келесі қызметтерді атқарады: бөлушілік, эмиссиондық және бақылаушылық.

Қайтарылу мерзімі бойынша несие *қысқа* мерзімді және *ұзақ* мерзімді болып бөлінеді.

Мемлекеттің несие жүйесіне кіреді:

1. Орталық эмиссиялық банк;
2. Банк жүйесі;
3. Мамандандырылған банк емес несие-қаржы институттар:
 - инвестициондық компаниялар;
 - қаржы;
 - сақтандыру;
 - зейнетақы қоры;
 - жинақ қассалар;
 - ломбардтар.

14.4. Ақша-несие саясаты немесе мемлекеттің монетарлық саясаты

Нарықтық экономикада мемлекет кәсіпорындардың өміріне араласпайды, тек ақша, салық, бюджет, несие және тағы басқалар арқылы нарыққа макроэкономикалық реттеулер жүргізеді. Ақша – несие саясаты бұл, мемлекеттің ерекше қызметі. Ақша және несие экономиканың дамуына мүмкіндік туғызады, оның тиімділігін арттырады. Бірақ, белгілі жағдайларда экономиканың дамуына кедергі болуы мүмкін. Әрбір қоғамда тауарлардың саны мен ақша санының арасында сәйкестік сақталуы керек. Бұл талапты И.Фишердің (1867-1947) айырбас теңдеуі көрсетеді: $MxV=PxQ$

Ақша-несие саясатының негізінде, экономикаға ақшаның және ақша-несие саясаты әсері процесін оқытатын ақша теориясы жатыр.

Ақша теориясына екі әртүрлі тәсілдері бар:

- бірінші жағынан, бұл, модернизацияланған кейнсиан теориясы;
- екінші жағынан, қазіргі ақшаның сандық теориясы (монетаризм).

Қазіргі кейнсиандықтар және монетаристер мойындайтыны, ақшалы ұсыныстық өзгеруі ЖҰӨ номиналдық көлеміне әсер етеді, бірақ, сол әсердің *мәнін және механизмін* әртүрлі бағалайды.

Кейнсиандықтардың көзқарасынан негізінде *пайыздық ставканың* деңгейі қойылуы керек, ал, монетаристердің көзқарасында - *ақша ұсынысының* өзі болуы керек.

Кейнсиандық теория бойынша, негізгі ережелері:

1. Нарықтық экономика өзінің көптеген ішкі ақауларымен /пороки/ тұрақсыз жүйені көрсетеді. Сондықтан, мемлекет ақшанесиелік реттеудің әртүрлі инструменттерін тұрақты пайдаланып тұруы керек.

2. *Ақша ұсыныс өзгерісі проценттік ставканың деңгейіндегі өзгеріске әкеледі, ол инвестициялық сұраныстың өзгеруіне және мультипликациялық тиімділік арқылы ЖҰӨ көлемінің өзгеруіне әкеледі.*

3. Кейнсиандық негізгі теориялық теңдеуі, ол:

$$ЖҰӨ=C+I+G+NX;$$

4. Кейнсиандықтар монетарлық саясатты мысалы, фискалды немесе бюджеттік саясат сияқты экономиканы тұрақтандырудың тиімді құралы деп есептемейді.

Монетарлық тәсіл.

XX ғасырдың 70 жылдарында кейнсиандық мектебінде дағдарыс байқалады. Басымдылық жағы неоклассикалық бағыт - оның ішінде қазіргі формасы - монетаризм болды.

Қазіргі монетаризмнің бас теоретигі – белгілі американдық экономисі, Нобель сыйлығының лауреаты Милтон Фридмен.

Негізгі ережелері мынадай:

1. Нарықтық жүйе - *ішінен тұрақты жүйе*. Бар теріс жағдайы - бұл, мемлекеттің экономикаға *компетентсіз араласуының нәтижесі*, оны төмендету керек.

2. Айналымдағы *ақша массасының және ЖҰӨ номиналды көлемінің арасында*, ал инвестиция және ЖҰӨ арасындағы *қарағанда өте тығызды тәуелділік балқалады*.

ЖҰӨ динамикасы ақша динамикасының артынан тікелей жалғасады. *Монетаристердің санауынша*, айналымдағы

ақшаның саны және ұлттық экономика шеңберінде сатылған тауарлардың жалпы көлемінің арасында белгілі өзара байланыс болады.

Бұл байланыс И.Фишердің айырбас теңдеуімен көрінеді, немесе, ол, ақшаның сандық теориясының теңдеуі: $M \cdot V = P \cdot Q$.

Бұнда бағаның деңгейі ақшалы ұсыныстың өзгеруінен белгілі тәуелділікте болады.

Ақша ұсынысы және ЖҰӨ номиналдық көлемі арасындағы байланыс проценттік ставка арқылы емес тікелей жүргізіледі.

Осыған сүйене М. Фридмен балансталынған ұзақ мерзімді монетарлық саясат «ақша ережесін» ұсынды, яғни, мемлекет айналымдағы ақша массасының негізделген тұрақты өсімін қолдауы керек.

М. Фридменнің монетарлық ережесі, жылда 3-5% шегіндегі - айналымдағы ақша массасының көбеюін қатаң бақылауын ұсынады.

Сондай-ақ өсім экономикадағы іскерлік белсенділікті шақырады. Жылына 3-5% жоғары ақшалы ұсыныстың бақыланбаған артықшылығы жағдайында инфляцияның тарқатылуы болып келеді, ал, егер жылдың 3-5% төмен болса, онда ЖҰӨ өсу қарқыны құлап кетеді.

Қорытындысын атап өтсек, қазіргі ақша-несие саясатының теоретикалық моделі әрбір теориядан рационалды жағдайларын есептеген кейнсианство және монетаризмнің бірліктілігі болып табылады. Ұзақ мерзімді кезеңдерде монетарлық тәсілдер артығырақ болады. Қысқа мерзімді кезеңдерде мемлекет тезірек экономикалық маневр жасау мақсатында пайыздық ставканы қолданудан бас тартпайды.

Ақша айналымын реттейтін инструменттері. Ақшасыз және несиесіз нарықты экономика болмайды. Ақша-несие саясаты бұл ерекше катынас және мемлекеттің ерекше қызметін құрады. Әрбір қоғамда, тауардың саны және ақша санының арасында сәйкестік сақталынуы керек. Егер, бұл сәйкестік бұзылса инфляция пайда болады. Әлемдік практикада ақшаға және несиеге мемлекеттің жасайтын әдісінің инструменттері:

– *ашық нарықтағы операциялар:*

Егер үкімет, мемлекетте инфляция өсіп келеді деп болжаса, онда үкімет ұлттық банкке мемлекеттік құнды қағазды сатуға жарлық береді. Бірақ, оларды сатып алуға коммерциялық банктер мен халықтың ықыласы жоқ.

Бұнда, банк, оларды қызықтырады, яғни құнды қағаздар тартымды болу керек.

Мемлекет құнды қағаздың ұсынысын жоғарылатады. Сондықтан, оның бағасы төмендейді, ал табыстылығы өседі.

Облигацияны сатып ала отырып, халық мемлекеттің қолына нақты ақша береді. Айналымнан ақша алынып инфляция төмендейді.

Керісінше, мемлекет халықтан құнды қағазды сатып алады, сол кезде айналымға керекті нақты ақша шығарылады.

Құнды қағазға сұраныс өседі, оның бағасы жоғарылайды, ал %-ті төмендейді.

Сонымен, айналымда ақша көбейеді, елде жұмыс белсенділігі өседі.

– *Сақтық /резервтік/ нормадағы өзгерістер:*

Сақтық (резервтік) норма деп ұлттық банктегі банкі депозитінің бөлігі. Ол, коммерциялық банктердің өз операцияларын жүргізуге пайдалануға құқы жоқ ақша қаржыларының қоры.

Ол ұлттық банкпен қойылып, жыл бойы бірнеше рет ауысып тұрады.

Сақтық нормасын ауыстыра отырып мемлекет неге жетеді.

Сақтық нормасы жоғарыласа коммерциялық банктердің экономикаға несие беру мүмкіндігі қысқарады, несие % өседі, экономикалық өсуде бәсеңдеу болады, және керісінше.

– *Есептеу ставкасының өзгеруі:*

Есептеу ставкасы – бұл ұлттық банктің коммерциялық банктерге несиеге қоятын %.

Ұлттық банктің есептеу ставкасының мөлшерін қоюға әкімшілік құқы бар.

Ұлттық банктің есептеу ставкасының өзгеруі, *ақшаның “қымбат” және “арзан”* саясаты деп аталады.

“Қымбат ақша” саясатын жүргізсе, несие алу ынтасы төмендейді және осыдан ақшаға ұсынысы азаяды. Өндіріс төмендейді, жұмыссыздық өседі, инфляция төмендейді. “Арзан

ақша” саясаты (есептеу ставкасы азаяды) өндірістің құлдырауын баяулату үшін, кәсіпорындарды қолдау қажеттілігі жағдайында жүргізіледі. Экономикаға ақша көп жіберіледі, ол инфляцияның өсуіне әкеледі. “Арзан” ақша саясатын тағы да инфляциялық несиелендіру саясаты деп атайды. Сонымен, есептеу ставкасын жоғарылату, инфляциямен күрестің күшті құралының бірі, бірақ ол, өндірістің қысқаруына, жұмыссыздықтың өсуіне, және әлеуметтік шиеленіске соқтырады. Есептеу ставкасының төмендеуі инфляцияның өсуіне әкеледі. Әрбір нақты жағдайларда үкімет нені құрбан жасауын шешеді. Тәртіпте, құрбан болатындар өндіріс және жұмысбастылық. Қымбат ақша саясаты жиі жүргізіледі.

Қайталауға арналған сұрақтар

1. Ақшаның түрлері
2. Негізгі ақша агрегаттары
3. Ақша мультипликаторы
4. Ақша нарығындағы тепе-теңдік
5. Банк жүйесінің түрлері
6. Ұлттың банкінің қызметтері
7. Ақша массасы және ақша айналымы
8. Несиенің мәні мен қызметтері
9. Банк операциялары
10. Ақша-несие саясатының құралдары мен мақсаттары
11. Монетаризм теориясы
12. Экономиканы тұрақтандырудағы банктің рөлі

Жаңа терминдер мен ұғымдар

Өтімділік
Несие
Резервтік нормасы
Банк мультипликаторы
Ипотека
Лизинг
Есептеу ставкасы
Эмиссия

Тест сұрақтары

1) Ақша-несие саясатын жүргізеді:

- A) елдің Үкіметі;
- B) Ұлттық банк;
- C) қаржы-несие мекемелері;
- D) қаржы министрлігі;
- E) мемлекеттік табыс министрлігі.

2) “Ашық нарықтағы” операциялар термині көрсетеді:

- A) банктердің несиелендіру қызметін;
- B) коммерциялық банктерге қарыз беру бойынша қызметін;
- C) мемлекеттік құнды қағаздарды сату және сатып алу бойынша қызметін;
- D) пайыздық ставкалар деңгейіне өседі;
- E) пайыздық ставкалар деңгейіне төмендейді.

3) Мемлекеттік облигацияларын сату:

- A) ақша массасын көбейтеді;
- B) ақшаның саны өзгермейді;
- C) ақша массасы қысқарады;
- D) инфляция өседі;
- E) инфляция сол қалпында қалады.

4) Ақшаның эмиссиясы – бұл:

- A) мемлекеттің айналымға қосымша ақша санын шығаруы;
- B) айналымнан артық ақшаның жасанды түрде алынуы;
- C) мемлекеттің ақша бірлігіндегі металдық құнын заңды түрде азайтуы;
- D) жаңа валютаны енгізу;
- E) ақша массасы өзгермейді.

5) М. Фридманның «монетарлық тәртібі» қорығындайды:

- A) нарықты экономика - бұл ішкі тұрақты жүйе;
- B) ЖҰО динамикасы ақша динамикасынан кейін жүреді;
- C) ақша айналымының жылдамдығы тұрақты;

Д) мемлекет айналымдағы ақша массасының дәлелді тұрақты өсімін қолдауы қажет;

Е) мемлекет ақша айналымының реттеуіне қатыспауы қажет.

6) Егер ЖҰӨ номинал көлемі 4000 дана құратын болса, ал ақшаға сұраныс көлемі 800 дана болса, онда:

А) ақшаға сұраныс 3200 дана құрайды;

В) жалпы сұраныс 4800 дана құрайды;

С) ақша орта есеппен 5 рет айналады;

Д) көлемді көбейту қажет;

Е) ақшаның мөлшерін 800 данаға азайту қажет.

7) Мемлекеттік бюджет дегеніміз:

А) табыс пен шығындарды көрсететін мемлекеттік қаржы жоспары;

В) мемлекеттің табыстарының тізімі;

С) қазынаға түскеннің жалпы сомасы;

Д) мемлекеттік меншіктен түскен табыс;

Е) жеке тұлғалардың, адамдардың қаржы қатынастары.

Тест сұрақтарының дұрыс жауаптары: 1В, 2С, 3С, 4А, 5Д, 6С, 7А.

15. МЕМЛЕКЕТТІҢ ҚАРЖЫ ЖҮЙЕСІ. МЕМЛЕКЕТТІК БЮДЖЕТ. ӘЛЕУМЕТТІК САЯСАТ

15.1. Қаржы жүйесінің мәні және құрылымы

Қаржы тарихи категория. Оның табиғаты мемлекетпен тығыз байланысты, себебі оған өзінің қызметін атқару үшін ақша қаражаты қажет. Қаржының мәні қоғамның экономикалық құрылысымен, сондай-ақ мемлекеттің қызметімен анықталады.

Қаржы түсінігі, *бір жағынан* мемлекеттік және жергілікті бюджеттегі қаржыларды айтады. *Екінші жағынан* – монополиялардың, корпорациялардың, кәсіпорындардың, фирмалардың ақшалай капиталы болып табылады.

Қаржы қатынас бұл ақшамен байланысты қатынас. Қаржылық жүйе – бұл, шаруашылық субъектілері және мемлекеттің ақша құралдары қорларының қалыптасуы, бөлінуі және пайдалану әдістері мен түрлерінің жүйесі. Экономикалық категория ретінде қаржының маңызды белгісі *қаржы қатынастарының бөлу сипаты* болып табылады. Қаржылық қатынастардың материалдық сақтаушысы қаржылық ресурстар болады.

Мемлекеттің және шаруашылық субъектілерінің қаржылық ресурстары әртүрлі ақшалай табыстардың есебінен қалыптасады және ұлғайтылған ұдайы өндіріске, жұмыскерлерді материалдық ынталандыруға және қоғамның әлеуметтік және басқа қажеттілігіне қанағаттандыруға жұмсалады.

Қаржы жүйесінің (маңызды) қызметтері мыналар:

- мемлекеттің өмір сүруін қамтамасыз ету қызметі;
- бөлушілік қызметі;
- бақылаушылық қызметі.

1) Мемлекеттің анықтаушы қызметінің міндеті, қаржы қатынасы жүйесі арқылы қаржы жинақтау болып табылады.

2) Мемлекеттің бөлушілік қызметі, оның қоғамдық жиынтық өнімнің бір бөлігін ол ақша түрінде өз қолына біріктіре отырып, оны қаржы арқылы бөлуі мен тұтынуы болып табылады. Ол арқылы, арнаулы қорларды, әлеуметтік қамсыздандыру мен мемлекеттік бюджеттің құрылуын қарастырады.

3) Бақылау қызметі, ақша қорларының құрылуы мен пайдалану процесінде көрінеді. Әртүрлі салықтың түрлерінің

дұрыс алынуын бақылайды Қорлардың жұмсалуын, олардың белгілі мақсатқа және тиімді пайдалануын бақылайды.

Қаржылық жүйені халықтың, шаруашылық субъектілері мен мемлекеттің қаржыларының өзара байланысы ретінде анықтайды.

Қаржы жүйесінің құрылымы:

- барлық деңгейдегі бюджеттердің жиынтығы (мемлекет, әкімшілік бірлігі, жергілікті үкімет органдары);
- бюджеттен тыс қорлар (әлеуметтік, мүліктік, жеке қамсыздандыру);
- мемлекеттің валюталық резерві;
- кәсіпорын мен ұйымдардың ақшалай қорлары.

15.2. Мемлекеттік бюджет. Бюджеттік тапшылық. Тапшылықты жабудың тәсілдері

Мемлекеттік шығындардың мультипликаторы.

Мемлекеттік бюджет – үкіметтің билігінде тұрған ірі орталықтандырылған ақша қоры. Бюджет қаржы жүйесінің бөлігі бола тұра, оның өзіндік ерекшеліктері бар:

- мемлекеттік бюджет бөлу қатынастарының ерекше түрі болады, себебі ол ұлттық табысты қайта бөледі;
- бюджеттік қайта бөлу пропорциясы ұдайы өндіріс және қоғамдағы толық қажеттілікпен анықталады;
- бюджеттік бөлу мемлекетте қаржы құрамында орталық орын алады;

Мемлекеттік бюджет – бұл, мемлекет қызметінің барлық ақша ресурстары (табыстары) және оның бөлінуін (шығыстары) көрсететін қаржылық программасы.

Қаржылық жүйе мемлекет деңгейінде белгілі жетістікке бағытталса, онда ол мемлекеттік қаржы саясаты деп айтамыз. Тек бюджет мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық мәселелерін шешуге жәрдемдеседі, ол нарықты механизмнің қолынан келмейді. Қаржылық саясаттың екі шешімі болады:

- 1) экономиканы табыстың және шығыстың көмегімен реттеу, ол фискалды саясат;
- 2) бюджеттік процестерді реттеу (бюджеттік тепе-теңділікке жету), ол бюджеттік саясат.

Фискалдық саясат – мемлекеттің өз құқын пайдалана отырып салықтарды белгілеуі және қаржыны жұмсауы. Фискалды саясаттың түрлері:

- Дискрециондық реттеулер.
- Автоматты реттеулер.

Дискрециондық реттеулер. Олар іске үкіметтің арнаулы шешімімен кірістіледі (келесі заң немесе жарлық), мысалы, қосымша салықтар немесе зейнетақының төменгі жаңа деңгейі.

Автоматты реттеулер, керісінше, кірістірілген стабилизатордың көмегі арқылы қаржылық құжаттарда ертерек салынып қойылған, қажет кезінде өз еркімен әрекет жасайды, мысалы, регрессивті салық жүйесі белгілі бір деңгейде автоматты түрде жұмыс істей бастайды.

Бюджеттік баптар өзінің құрылымы бойынша бөлінеді:

- мемлекеттік басқару бойынша шығындар;
- әлеуметтік-экономикалық мақсаттарға;
- мемлекеттің шаруашылық қызметіне, сыртқы экономикалық қызметтерді жүргізуге;
- ұлттық қауіпсіздік және қорғанысты бекітуге.

Бюджет арқылы қоғамда өндірілген табысты бөледі. Міне, осының нәтижесінде денсаулық, білім беру, басқа да әлеуметтік мәселелерді қорғаныс, мемлекеттік басқару, ірі күрделі ғылымды қаржыландыру іске асады.

Қоғамдағы өндірілген табыстардың қайта бөлінуі бюджет арқылы жүргізіледі. Соның арқасында денсаулық сақтау, білім және басқа әлеуметтік программалар, қорғаныс, мемлекеттік басқару, түбірлі ғылымды қаржыландыру жүргізіледі.

Бюджеттің қаржысы инвестицияға шектелген мөлшерде шығындалады, себебі нарықты шаруашылықта күрделі қаржы жұмсаудың негізгі мол көзі несие болады.

Бюджеттік қаржыларды жұмсау кезінде келесі принциптер сақталуы қажет:

- қаржылардың мақсатты бағытталуы;
- жұмсалудың қайтып келмес принципі;
- үнемдеу режимін сақтау.

Мемлекеттік шаруашылық қызметінің шығындары таза ұлттық өнімнің мультипликациялық өсуіне әкеледі.

Мемлекеттік шығындар мультипликаторы ТҰӨ өзгерісінің үкіметтік шығындар өзгерісіне қатынасы ретінде анықталады.

Мемлекеттік бюджет *шығыс* және *табыс* бөліктерінен тұрады.

Мемлекеттік бюджеттің кірісі, бірінші кезекте орталық және жергілікті органдар жинайтын салықтардан, мемлекеттік заемдерден, сондай-ақ бюджеттен тыс және мақсатты қорлар деп аталатын түсімдерден тұрады. Кіріс жүйесіндегі орталық орынды *салық* алады. Ірі салықтар орталық үкіметке тіркелсе, кішігірім салықтар жергілікті билікте болады.

Нарықты механизмнің тиімді жұмыс көбінесе мемлекет өзінің кіріс пен шығыстың қалай теңеуіне байланысты. Егер шығындары кірістерінен жоғары болса оның *бюджет тапшылығы* дейді. Бюджет тапшылығы туу себептері мынадай:

– мемлекет экономиканың дамуына ірі мемлекеттік инвестиция жұмсағанда;

– өмірдің әр түрлі кеңістігінде мемлекеттің рөлі артқанда;

– ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету шығындары өскенде;

– мемлекет аппараты саны көбейгенде;

– төтенше жағдайлардың тууына байланысты (соғыс, күтпеген апат);

– өндірістің циклдік төмендеу болғанда, үкімет елдегі қаржылық жағдайды бақылай алмайды.

Бюджеттік тапшылық экономикаға керісінше әсер етеді, сондықтан мемлекет оны жоюға әрекет жасайды. Бюджеттік тапшылықты жабу жолдары:

– эмиссия жасау.

– салықты көтеру;

– шығындарды қысқарту;

– мемлекеттік қарыз, мемлекеттік несие.

Мұнда ұлттық банк үкіметінің өтінішін қабыл алмаған жағдайда, ол амалсыздан өзінің және сырт елдердегі азаматтарынан, банктерден, корпорациялардан, түрлі қорлардан қарызға ақша қаражаттарын алады. Сондықтан, бюджеттік тапшылықты жабатын бірде бір әдістер инфляциясыз болмайды.

Бюджеттік-салық саясаты – бұл, ЖҰӨ өсуіне және жұмысбастылықты қамтамасыз етуге бағытталған, үкіметтің

мемлекеттік шығындары мен салықтандыру реттеу шаралары. Белгілі болғандай, экономикада «мультипликациялық тиімділік» болады. Нарықты экономикадағы мультипликатор тиімділігінің мәні, ол инвестицияның көбеюі, ұлттық табыстың, бастапқы өсуіне қарағанда, үлкен мөлшерге көбеюіне әкеледі. Салықта мультипликациялық тиімділікке тууына әкеледі.

Мемлекеттік бюджетке салық түсімдердің көлемінің өсуі – инвестициялау мүмкіндігін кеңейтеді. Бұл ТҰӨ мультипликациялық өсуіне әкеледі. Салықтық мультипликатор таза ұлттық өнімнің өзгерісінің, салықтың түсімдер көлемінің өзгеруіне қатынасымен анықталады.

Салықтың төмендеуі тұтынушылар үшін олардың табыстарының өсуіне және оған сәйкес тұтыну, тауарларына сұраныстың өсуіне әкеледі. Фирмалар үшін салықтың төмендеуі кәсіпкерлердің табыстарының өсуіне әкеледі, ол инвестиция көбеюіне және одан әрі инвестициялық тауарларға сұраныстың өсуіне әкеледі.

Салықтардың төмендеуінен болатын мультипликациялық тиімділік мемлекеттік шығындардың көбеюіне қарағанда бастау. Бұл айырмашылық фискалды саясат инструменттерін таңдау кезінде анықтаушы болады. Егер саясат мемлекет шығындар көбеюінде циклдік қайтуына бағытталған болса онда күшті ынталандырушы тиімділік береді. Ал, инфляцияны тоқтату үшін салық көбеюі (ол жәй шектеулі шара) болады.

Сондықтан, мемлекет фирмалардың табысын салықтық ставкасы артықша жоғарылату олардың инвестицияға деген ынтасын түсіретінін ұмытпауы керек. Бұл Лаффер қисығы графигінде көрінеді.

Мемлекеттік қарыздың экономикалық зардаптары:

- сыртқы қарызды өтеу қажеттілігі сол мемлекеттің халқы үшін тұтыну мүмкіндіктерінің едәуір қысқаруына алып келеді;
- қарыз жеке капиталды ығыстыруға алып келеді, бұл одан ары экономиканың өсуін шектеуі мүмкін;
- өспелі мемлекеттік қарызды төлеу үшін салықтардың артуы экономикалық белсенділікті ынталандыруға қарсы ретінде орын алуы мүмкін;
- мемлекеттік борыш табыстардағы теңсіздіктің артуына алып келеді.

15.3. Салықтандырудың принциптері және түрлері

Салық – бұл, белгіленген мерзімде және белгілі заңмен мөлшерленіп бюджетке түсетін міндетті төлем.

Қазіргі заманғы салық жүйесі бірнеше принципті қолданады:

- жалпылай, табыс табатын барлық тұлғаларды қамту;
- тұрақтылық, салық мөлшері мен салық түрінің тұрақтылығы;
- тең күштеу, салық салу барлық салық төлеуші үшін бірдей болуы керек;
- міндеттеме, яғни салықтың мәжбүрлілігі, төлемнен құтқармау, салықты төлеуде және есептеуде тұлғаның дербестігі;
- әлеуметтік әділдік, яғни салық мөлшері мен салық жеңілдігін құру.

Салықтың түрлері:

Салықтандыру объектілері бойынша белгіленеді:

Табысқа салық. Мүлікке салық. Белгілі тауарлар және қызметті сатыпалушылар шығындарына салынатын салық.

Төлету тәсілдері бойынша салықтар бөлінеді:

- Тікелей (мүліктің иелерінен немесе табыс алушылардан тікелей алыну: табыс салығы, меншікке салық).
- Жанама (белгілі тауарлардың бағасына қосылады және сол тауарларды сату кезінде тұтынушылардан алынады – акциздер және кедендік баж).

Салықтың мөлшерін белгілеу үшін үш жүйесін көруге болады:

а) *пропорционалды* салық табыс, шығын немесе мүлік құнының сомасына тәуелді емес өзгермейтін пайыздық ставкасы бар салық болып табылады; б) табыс өскен сайын ставкасы да өсетін салық *прогрессивті* деп аталады; в) табыс өскен сайын ставкалары төмендейтін салықтар *регрессивті* деп аталады.

Салықтар сомасы келіп түсетін бюджет деңгейі бойынша жалпы *мемлекеттік* және *жергілікті* салықтар болып бөлінеді.

Пайдалану тәртібі бойынша: *жалпы* салықтар – мемлекеттің бірыңғай қассасына түседі, белгілі бір мақсаты бар *мақсаттық* немесе арнайы салықтар болып бөлінеді.

Қазақстанда ҚР Салық кодексімен бекітілген келесідей салықтар бар:


- Корпоративті табыс салығы;
- Жеке табыс салығы;
- Қосылған құн салығы;
- Акциздер;
- Жер қойнауын пайдаланушылардың салықтары мен арнайы төлемдері;
- Әлеуметтік салық;
- Жер салығы;
- Көлік құралдарына салынатын салық;
- Мүлік салығы.

Салықтардан басқа, бюджетке алымдар да келіп түседі: сауда құқығы, автокөлікті қою құқығы үшін, курорттық алымдар.

Салықтандырудың өзінің шегі болады. Салық ставкалары белгілі бір биіктікке дейін өседі, ал одан кейін төмендейді:

- адамдардың экономикалық белсенділігі төмендейді;
- адамдар салық төлеуден бас тартады;
- көлеңкелі экономика өседі.

Ставкилар және салықтың түсірілу арасындағы өзара байланысты Лаффер қисығы көрсетеді.



1.23-сурет. Лаффер қисығы

L нүктесі N нүктесіне қарағанда артықшылығы бар. Бұнда экономикалық белсенділік жоғары, жұмысбастылық және өндіріс көлемі көп, игілікті тұрмыс деңгейі жоғары.

15.4. Әлеуметтік қорғау саясаты


Табыстар деп түсінетініміз – жеке тұтынуға байланысты қызметтер және игіліктерге ие болуға арналған, белгілі уақыт арасында алатын қаржы құралдарының ақшасы.

Қаржы табыстарының үш басты қайнар көзін белгілеуге болады:

- жалақы;
- меншіктен түсетін табыстар (рента, % дивиденд);
- әлеуметтік төлемдер (зейнетақысы, жәрдем ақшалар).

Яғни, қоғамның бастауыш ұясы жанұя болады, ол көрсеткіш *жанұя табысының жиынтығымен* есептелінеді. Өртүрлі жанұялар үшін, өртүрлі табыстардың мәнділігі әр түрлі.

Сондықтан, халықтың өмір сүру деңгейінің, сенімді суреттемесін алуға болады. Бұл мақсат үшін Лоренц қисығы деп аталынатын қисық пайдаланылады.



1.24-сурет. Лоренц қисығы

Лоренц қисығы – бұл халық топтарына қарай табыстардың бөлінуін көрсететін қисық. Егер, халықтың 10%-дың 10%-ға

табысы бар деп, ал 20%-дың 20% табысқа, 30%-дың 30% табысқа және тағы басқа деп болжамдасақ, онда бұл график ОА биссектрисасы түріндегі түзуді көрсетеді.

Ал өмірде басқаша: халықтың 10%-ы барлық табыстың 50% алатын болса, халықтың 50%-ы барлық табыстың 20% алатын болса, онда біз Лоренц қисығы деп аталатын қисықты алар едік. L-ОА түзуінен қашығырақ орын алса, онда сол қоғамда табыстар біркелкі болып бөлінбегені.

Жиынтық табыстың қандай үлесі бай және ең кедейлерге келетіні талданады. Ресейде халықтың жоғары 10% (жаңа орыстар) төменгі 10% -нан бай болды. Мәселен:

1989 жылы 7 есе;

1991 жылы 10 есе;

1993 жылы 16 есе;

1994 жылы 20 есе;

1995 жылы 26 есе;

1998 жылы 30 есе;

2003 жылы 14 есе, экономиканың тұрақтануымен алшақтық қысқара бастады. Әсіресе жоғарыдағылар үшін әлеуметтік тыныштық бір сәттік олжаға қарағанда маңыздырақ.

1960 жылы Батыс елдері мен Жапонияда табыстардың жалпы сомасында жалақы үлесі орташа шамамен 40%, 2000 жылы 65% құрады. Ең бай және ең кедейлер арасындағы айырмашылық ақырындап 6-7 еселік мөлшерді құрайды. Батыста 9-еселік деңгей айырмасы шекті болып саналады. Дереву әлеуметтік қорғаныстың барлық түрлері, трансферттің әр түрі, мемлекеттік реттеудің барлық жүйесі іске қосылады. Білім беруге, денсаулық сақтауға, тұрғын үй құрылысына (қоғамдық қызметтерге) АҚШ және Жапонияда ЖҰӨ-нің 20%, Германияда 31%, Англияда 27% құрады.

Табысты бөлудегі теңсіздік дәрежесінің басқа көрсеткіші Джини (Италия экономисі 1884-1965) коэффициенті болады. Бұл индекс 0-ден жалпы теңділіктен 1-ге (жалпы теңсіздікке) дейін өзгереді. Индекс 1-ге жақындаған сайын, табысты бөлудегі теңсіздік көп болады.

Адамдар дамуының индексі (АДИ) өзіне көрсеткіштер жүйесін қосатын жалпылама өлшем: өмірдің ұзақтығы, білім деңгейі, адам басына келетін ЖҰӨ.

Нарық идеалды болмайды және бұнда мемлекеттің әлеуметтік саясаты қажет.

ҚР әлеуметтік саясат келесі екі бағыттар бойынша жүргізіледі:

- еңбек және кәсіпкершілік үшін қолайлы мүмкіндіктерді қамтамасыз ету;

- қоғамның барлық мүшелері үшін белгілі стандарттағы игілікті тұрмысты қамтамасыз ету.

Кәсіпкерлік және еңбек үшін қолайлы жағдайды қамтамасыз ету үшін төмендегілер қажет:

- заң шегінде кәсіпкерліктің толық еркіндігі;

- шағын бизнесті ынталандыру (несиелер, салықтық жеңілдіктер);

- жұмысбастандықты ұстап тұру (жұмыс орындары, қайта біліктендіру, жұмысқа орналастыру);

- еңбек қатынастарын реттеу (еңбекақыны төлеу, жұмыс уақытының, демалыстардың ұзақтылығы, еңбекті қорғау);

Қоғамның барлық мүшелері үшін әл-ауқаттылықтың белгілі бір стандартын қамтамасыз ету:

- қоғамда табысты қайта бөлу бюджет есебінен жүзеге асырылады;

- еңбекке жарамсыз, аз қамтылған және жұмыссыздарға зейнетақы, жәрдемақы;

- барлығы үшін жалпы білім беру және қажетті медициналық көмек.

Қайталауға арналған сұрақтар

1. Қаржы жүйесінің мәні неде?
2. Мемлекеттік бюджет дегеніміз не? Бюджет табысы мен шығындарының негізгі баптарын атаңыз?
3. Бюджет тапшылығы дегеніміз не? Мемлекет қарыз жөнінде не білесіз?
4. Мемлекеттік шығындардың мультипликаторы нені көрсетеді?
5. Салық салу принциптерін атаңыз.
6. Фискалдық саясат дегеніміз не?
7. Әлеуметтік саясатты қалай түсінесіз?
8. Трансферттік төлем деген не?

9. Адамдар дамуының индексі (АДИ) деген не?

10. Джини (Италия экономисі 1884-1965) коэффициенті нені көрсетеді?

Жаңа терминдер мен ұғымдар

Қаржы қатынас

Мемлекеттік бюджет

Фискалдық саясат

Салық

Салықтандыру

Салық түрлері

Лаффер қисығы

Адамдар дамуының индексі (АДИ)

Лоренц қисығы

Тест сұрақтары

1) Шығындар мен салық төлемдері бойынша үкіметтік саясат:

А) қаржылық жоспар;

В) ақша теориясының санына негізделген саясат;

С) монетарлық саясат;

Д) кірісті қайта бөлу саясат;

Е) фискалдық саясат.

2) Лаффер қисығы не көрсетеді:

А) бюджетке түсетін салық сомасының табыс салығы ставкасынан тәуелділігін;

В) салықтардың бөлінуін;

С) табыстардың бөлінуін;

Д) мемлекет бюджеттің тапшылық деңгейін;

Е) инфляция деңгейін.

3) Әлеуметтік саясаттың мәнін мыналардан қандай анықтама бейнелейді:

А) әлеуметтік теңділікті қамтамасыз ететін саясат;

- В) өсетін қажеттілікті қанағаттандыратын саясат;
- С) білімділік деңгейін жоғарылататын саясат;
- Д) өмір деңгейін және сапа деңгейін өзгертуге бағытталған саясат;
- Е) адамдардың қаржы қатынасы.

- 4) Лоренц қисығы көрсетеді:
- А) салықтандыру деңгейін;
 - В) алынатын салық түрлерін;
 - С) салықтандыру ставкасын;
 - Д) халықтың топтары бойынша табыстың бөлінуі;
 - Е) инфляция деңгейін.

5) Теңге курсының шетел валютасына (АҚШ, Россия) қарай төмендеуі экспорт және импорттың табиғи көлеміне қалай әсер етеді:

- А) экспорт және импорт өседі;
- В) экспорт өседі, импорт төмендейді;
- С) экспорт және импорт төмендейді;
- Д) экспорт төмендейді, импорт өседі;
- Е) экспортқа да, импортқа да әсер етпейді.

6) Валюталық курс көрсетеді:

- А) ұлттық валютаның алтындық мазмұнын;
- В) бір елдің валютасын басқа елдің валютасымен бағалау;
- С) әлем нарығындағы валютаға сұранысты;
- Д) әлем нарығындағы валютаға ұсынысты;
- Е) валюталы саудаға мемлекеттік араласу.

7) Ұлттық валюта курсының төмендеуі тиімді:

- А) экспортерларға;
- В) импортерларға;
- С) тұтынушыларға;
- Д) тұрақты табысы бар адамдарға;
- Е) мемлекетте ешкім пайда таппайды.

Тест сұрақтарының дұрыс жауаптары: 1Е, 2А, 3D, 4D, 5В, 6В, 7А.

БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ ТІЗІМ

1. С. Әкімбеков, А. С. Баймухамедова, У. А. Жанайдаров. Экономикалық теория. Оқу құралы. –Астана: 2002.
2. Я. Ә. Әубакиров, К. Н. Нәрібаев, Е. Б. Жатқанбаев. Оқулық Экономикалық теория негіздері: – Алматы, 2004.
3. Я. Ә. Әубәкіров. Экономикалық теория негіздері. Оқулық/ –Алматы: Эверо, 2005.
4. Жалпы экономикалық теория. Оқулық/ Ред. Шеденов У.К. – Ақтөбе: Ноу-Хау, 2002.
5. Мәуленова С. С. Экономикалық теория. Оқу құралы. – Алматы: Экономика, 2004.
6. В. З. Баликоев. Общая экономическая теория: Учебник. 10-е изд – М.: Омега, 2007.
7. Курс экономической теории: учеб. пособие для вузов. Под общ.ред.проф. Чепурина М. Н. и проф. Киселевой Е. А. – Киров, 2004.
8. Экономическая теория: учеб. для студ. высш. учеб. заведений / Под ред. В. Д. Камаева. –13-е изд., перераб. и доп. – М.: ВЛАДОС, 2007.
9. Экономика: Учебник. 3-е изд., перераб. и доп./ Под ред. д-ра экон.наук А.С. Булатова. – М.: «Юристъ», 2000.
10. Крымова В. Экономикалық теория: кестелі оқу құралы. – Алматы: «Бастау», 2009.
11. Б. С. Мырзалиев, С. А. Қалтаева, Ф. З. Успанова, С. С. Ыдырыс. Экономикалық теория. Оқу құралы. – Түркістан, 2006.
12. Куликов Л. М. Экономическая теория: учебник – М.: Проспект, 2008.
13. ҚР Президенті Н. Ә. Назарбаевтың «Болашақтың жаһандық стратегиясы» атты V Астанадағы экономикалық форумында сөйлеген сөзінен. 24 мамыр, 2012 жыл.
14. ҚР Ұлттық Банк қаржы есебінің деректері бойынша. eng.halykfin.kz

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	3
1. Экономикалық теорияның пәні мен әдісі. Экономикалық теорияның қоғам дамуындағы орны мен рөлі	5
2. Қоғамдық өндірістің негізі. Экономикалық жүйелердің типтері	22
3. Меншік қатынастары және олардың экономикадағы рөлі	34
4. Қоғамдық өндірістің формалары	46
5. Сұраныс пен ұсыныс теориясының негіздері	57
6. Жеке-дара ұдайы өндіріс теориясының негіздері	70
7. Капиталдың айналымы және ауыспалы айналымы	80
8. Кәсіпорынның (фирманың) шығындары мен табысы	91
9. Өндіріс факторлары нарығы және факторлық табыстардың құрылуы	100
10. Ұлттық экономика деңгейінде ұдайы өндіріс ұлттық экономика жүйе ретінде	111
11. Макроэкономикалық тепе-теңдік	120
12. Экономикалық дамудың ауытқымалы болуы макроэкономика заңдылығы ретінде және экономикалық өсу	132
13. Жұмыссыздық пен инфляция экономикалық тұрақсыздың көрінісі ретінде	148
14. Экономикалық саясаттың негізгі бағыттары	158
15. Мемлекеттің қаржы жүйесі. Мемлекеттік бюджет Әлеуметтік саясат	170
Библиографиялық тізім	182

Оқулық басылым

Маженова Нағима Ахметжанқызы

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТЕОРИЯ

Оқу құралы

РБ бастығы

З.А. Ғұбайдулина

Редакторы

А.И. Бейсебаева

Компьютерде беттеген

Л.П. Өмірбекова

Басуға қол қойылды 27.01.2015 ж.

Пішімі 60x84 1/16. №1 баспаханалық қағаз.

Көлемі 11,6 есепті баспа табақ. Шартты баспа табағы 10,7.

Таралымы 300 дана. Тапсырыс № 302.

Бағасы келісімді.


Қ. И. Сәтбаев атындағы

Қазақ ұлттық техникалық университетінің басылымы,

Оқу-баспа орталығы.

Алматы қ., Сәтбаев көшесі, 22

ISBN 978-601-228-713-4



9

7 8 6 0 1 2 2 8 7 1 3 4